| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Доппен ойнап көңіл көтеру!<br>**Мақсаты:** допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүреді<br>**«Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы.** Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Қорыққанға қос көрінеді<br>**Мақсаты:** "г" "к" дыбыстарына сөз | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Біз әртүрліміз<br>**Мақсаты:** жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүреді<br>**«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы.** Шеңбер бойына тұрады. Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балалар қимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздерді айтады.<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** 7,8, 9 | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Зейінді баламыз<br>**Мақсаты:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын қолданады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы.<br><br>2. **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «Р» дыбысы<br>**Мақсаты:** суретке қарап сөйлем құрауды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br><br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?<br>**Мақсаты:** балабақша | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «Р» дыбысы<br>**Мақсаты:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Күзгі жаңбыр<br>**Мақсаты:** шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды<br><br>**3. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Көшедегі қауіпсіздік.Жол белгілері<br>**Мақсаты:**жол белгілерін біледі<br><br>**4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Қотыр торғай<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні тыңдауға ертегі | **1.Өзін өзі тану**<br>**Тақырыбы**: Жақсылық жасай білеміз<br>**Мақсаты**: жақсылық жасауды біледі.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау<br>**Мақсаты:** әдеби жанрды ажыратады, сұрақтарға жауап береді. Өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі. Өлеңді жаттайды<br><br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Үйрек<br>**Мақсаты:** құстар пішініндегі ерекшеліктерді келтіре отырып мүсіндейді;<br><br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы Қайық** бүктеу<br>**Мақсаты:** Қайықшаны |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қоржынды с әндейміз<br>**Мақсаты:** қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктерімен таныса отырып, өзі жасайды<br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема:** Выросли на грядке<br>**Цель**: названия овощей на русском языке; основные цвета, цифры от 1 до 5. | сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** 7, 8 және 9 сандарын айтуды біледі<br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Бұлттар<br>**Мақсаты:** бұлттарды жасау үшін жырту тәсілін қолданады<br><br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы** «Артығын тап»<br>**Мақсаты:** Қай заттың артық екенін таба отырып, қалған заттың жалпы атын атайды | маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.<br><br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы**:Күзгі жаңбыр<br>**Мақсаты:** шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды | кейіпкерлерінің сөздерін эмоциялық түрде баяндайды | түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасайды |
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Еңбек** | | Қоқыстарды жинау | Ағаштарды жинақтау | Сары жапырақтарды жинау | Құстарға жем шашу | Киімдерді жинақтау |
| | | **Мақсаты**:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Қимылды ойындар** | | «Айгөлек» | «Жарғанат» | «Тез жет» | «Кім заттарды көп жинайды?» | «Құрлар» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серунен оралу.** | | Киімдерін өз шкафтарына ілу. | | | | |
| **Жеке баламен жүмыс** | | «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.» Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды | Аппдикациядағы жұмысты аяқтау | Педагог Ғ әрпін көрсетіп, осы әріпке ұқсайтын қандай заттар бар екенін естеріне түсіреді. Суреттерге қарап, жауап береді. | Құрастыру ойнату | Мүсіндеу жұмысын аяқтау. |
| Балалардың үйге қайтуы | | Кездескенше күн жақсы! | Балалар ертеңге дейін сау болыңдар» | Балаларды жылы жүзбен шығарып салу | Сау болыңдар! | Келесі аптада кездескенше! |

Тексерілді ----------------

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О сыныбы

**3 апта**

**18-22 қазан 2021ж**

**«Алтын күз»**

| Күн тәртібі | | **Дүйсенбі 18.10** | **Сейсенбі 19.10** | **Сәрсенбі 20.10** | **Бейсенбі 21.10.** | **Жұма 22.10** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. Мақсаты:балалар көңіл-күйін көтеру | Құрылыс ойындары Мақсаты:балалар көңіл-күйін көтеру | «Менің отбасым ».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау Мақсаты:сүйіспеншілікке тәрбиелеу | Әңгімелесу.Өздерінң Отбасы қандай екенін әңгімелеп беру Мақсаты:байланыстыр ып сөйлеуге үйрету | Сурет салу. Отбасы суретін салу Мақсаты:отбасын а қамқорлық сезімін ояту |
| | | Жаттығулар кешені №5 | | | | |
| Ойындар,Ұйымдаст ырылған оқу | | Балаларменұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Пікір алмасу сұрақтары: Мектепте оқитын аға, әпкелерің бар ма? | Мектеп құралдарын тауып боя | Пікір алмасу сұрақтары: Адамға тіс не үшін қажет? Тіске қандай азық-түлік пайдалы? | «Мектеп» деген сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Мектепте оқушылар тәлім-тәрбие алады, білім алады. | «Сөздерді дауыстап және ақырын айт». Мақсаты: Дауыс аппаратын және сөйлеу тілін дамыту |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | 1.**Дене шынықтыру Тақырыбы** Бірінші бол!<br><br>**Мақсаты:** жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпемен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұрады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тығылмақ» **( 3 рет).**<br>Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша | **1.Дене шынықтыру Тақырыбы** Командалық эстафеталар<br>**Мақсаты:** тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті б<br>**«Өткел» ойыны**<br>Әр командаға құрсау «қайық» беріледі. Командалар бір «жағадан» екіншісіне «қайықпен» өтуі керек.<br>ағдарлайды<br><br>**2. Математика негіздері Тақырыбы** *10 саны*<br>**Мақсаты:** 10 заттан тұратын топтарды табады, 0 цифрын таниды<br><br>**3. Жапсыру Тақырыбы:** | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы** Табиғат – тіршілік нәрі**.**<br>**Мақсаты:** табиғатта өзін дұрыс ұстау ережесін біледі<br><br>**2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы** «О» дыбысы<br>**Мақсаты:** «О» дыбысына сөз, сөйлем құрай алады<br><br>**3. Жаратылыстану Тақырыбы** Жыл құстары<br>**Мақсаты:** құстардың атауларын біледі.<br><br>**4. Музыка Тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз<br>**Мақсаты:** дауыстардың | **1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы** «О» дыбысы<br>**Мақсаты:** "О" дыбысының дауысты екенін түсінеді;<br><br>**2. Музыка Тақырыбы** Сабантойды тойлаймыз<br>**Мақсаты:** дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды<br><br>**3. Құрастыру Тақырыбы** Жануарлар әлемі<br>**Мақсаты:** қалдық заттардың түрлерін ажыратаалады және киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасайды<br><br>**4. Ертегілер елінде** | **1.Өзін өзі тану Тақырыбы:** Мен бақытты баламын<br>**Мақсаты:** балалар«бақыт, қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсінеді<br>**2. Көркем әдебиет Тақырыбы** Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау)<br><br>**Мақсаты:** әдеби жанрды ажыратады, сұрақтарға жауап береді. Өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі. Өлеңді жаттайды<br><br>**3. Мүсіндеу Тақырыбы**:Қоян бауырсақты кездестірді<br>**Мақсаты:** бірнеше бөлікті біріктіре отырып қоян бейнесін жасайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.<br>**2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы** Отбасының күзгі еңбегі<br>**Мақсаты:** «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады;<br><br>**3. Сурет салу** Тақырыбы Автобус<br>**Мақсаты:** көлік түрлерін салуда пішіндерді дұрыс орналастыра алады;<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема:** Поспели на дереве<br>**Цель:** названия фруктов на русском языке | Айдарлы әтеш<br>**Мақсаты:** әтешті бірнеше бөліктерден жапсырады<br><br>**4.Логика Тақырыбы** Суретші нені шатастырған?<br>**Мақсаты: .** Балалар суретші салған суретінде нені шатастырғанын айтады. | биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды | **Тақырыбы** Арыстан мен түлкі<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдап және дауыс ырғағын келтіреді | **4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** Қашқаргүл (астра) мүсіндеу<br>**Мақсаты**: Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктері жетіледі |
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Еңбек | | Қоқыстарды жинау | Ағаштарды жинақтау | Сары жапырақтарды жинау | Құстарға жем шашу | Киімдерді жинақтау |
| | | Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| Қимылды ойындар | | «Белбеу тастау» | «Поезд» | «Ненің дауысы» | «Ауа,жер,су» | «Ұшақ» |
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| Серуеннен оралу. | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| Жеке баламен жұмыс | | Мақалдардың мағынасын түсін. «Ақыл озбайды, білім тозбайды.» | Жапсыруды аяқтау. | О дыбысы бар сөздер айту. От,орақ,ожау,орамал | Сөздік жұмысын жүргізу *Көптілділік:* Ережелер – правила – rules Тыңдайды, бірнеше рет қайталайды | Сөздерді қалай бір-бірінен ажыратамыз? Дауыс ырғағы арқылы адамның көңіл күйін байқауға бола ма? |
| Балалардың үйге қайтуы | | Кездескенше күн жақсы! | Балалар ертеңге дейін сау болыңдар» | Балаларды жылы жүзбен шығарып салу | Сау болыңдар! | Келесі аптада кездескенше! |

Тексерілді ----------------

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О  сыныбы

**4  апта**

**25-29қазан 2021ж**

**«Өзім туралы»**

| Күн тәртібі | | **Дүйсенбі 25.10** | **Сейсенбі 26.10** | **Сәрсенбі 27.10** | **Бейсенбі 28.10.** | **Жұма 29.10** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату. | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.<br>Мақсаты:балалар көңіл-күйін көтеру | Құрылыс ойындары<br>Мақсаты:балалар көңіл-күйін көтеру | «Менің отбасым ».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау<br>Мақсаты:сүйіспеншілікке тәрбиелеу | Әңгімелесу.Өздерінң Отбасы қандай екенін әңгімелеп беру<br>Мақсаты:байланыстырып сөйлеуге үйрету | Сурет салу.<br>Отбасы  суретін салу<br>Мақсаты:отбасына қамқорлық сезімін ояту |
| | | Жаттығулар кешені №5 | | | | |

| Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Балаларменұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» | «Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін» | «Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру | Топтағы гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту, ойыншықтарды жинау. | Сөздік ойын «Қимылын көрсет» |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Ерекше сабақтар Мақсаты: допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындайды<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»** Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады<br>**2.Сөйлеуді дамыту** | **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Акробат болғым келеді **Мақсаты:** топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіру әдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын қолданады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш» **( 5 рет).**<br>Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, | **1 Дене шынықтыру Тақырыбы** Ақылдылар **Мақсаты**: сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұру; заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) күнделікті өмірде қолданады<br>**«Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға | **1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** «Қ» дыбысы **Мақсаты:** "Қ" дыбысының дауыссыз екенін түсінеді;<br><br>**2. Музыка** **Тақырыбы** Елтаңбасы елімнің **Мақсаты:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды<br>**3. Қоршаған орта** **Тақырыбы** Нан дастарханға қалай келеді **Мақсаты:**еңбектің арқасында нанның келетінін біледі<br><br>**4. Ертегілер елінде** **Тақырыбы** Арыстан мен түлкі **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдап және дауыс ырғағын келтіреді | **1.Өзін өзі тану** **Тақырыбы:** Жақсы қарым-қатынас жасауға үйренеміз. **Мақсаты:** Жақсылық пен ізгіліктің қандай екенін біледі.<br><br>**2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы** Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) **Мақсаты**: ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды<br><br>**3. Мүсіндеу** **Тақырыбы**:Биші Әйгерім **Мақсаты:** қимыл-қозғалыстағы бейнені мүсіндейді<br><br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** Арыстан жапсыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** өлеңнің бір шумағын жаттайды<br><br>**3. Сурет салу**<br>Тақырыбы Бидай масақтары<br>**Мақсаты:** дәнді дақылдардың бір түрі – бидай масақтарын салу барысында пішіндерді пайдаланып сурет салады<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема:** Что растет в лесу?<br>**Цель**: слова по теме занятия: растения, деревья, кустарник, трава, грибы. | қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>Заттардың өлшемі бойынша салыстыру<br><br>**Мақсаты:**<br>заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды<br><br>**3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Түлкі біледі.<br>**Мақсаты:**<br>үшбұрыштарды құрастырады<br><br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы**<br>Математикалық санамақтар<br>**Мақсаты:** .<br>Санамақтар айту арқылы балалардың дұрыс сөйлей білу дағдылары қалыптасады | тырысады<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «Қ» дыбысы<br>**Мақсаты:** сөздерді буынға бөледі;<br><br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Аңдар қысқа қалай дайындалады?<br>**Мақсаты:**<br>жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді<br><br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы**:<br>Елтаңбасы елімнің<br>**Мақсаты:**<br>шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды | | **Мақсаты:** Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсырады |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Еңбек** | | Топты жинастыру | Заңғарға көмектесу | Гүлдерге су құю | Ойыншықтарды жинау | Еден жуушыға кемек беру |
| | | Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Қимылды ойындар** | | «Теңіз толқиды» | «Кім күшті» | «Өз үйіңді тап» | «Ауа,су, жер» | «Ненің дауысы» |
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | | Сенің атаң қандай? (Аққөңіл, дана, мейірімді)<br>– Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б) | Заттарды дұрыс орналастыр | Суретте берілген отбасы мүшелері туралы әңгімелейді. | Кері санауды сұрау | Мүсіндеуді аяқтау |
| Балалардың үйге қайтуы | | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Жобаны таныстыру. «Менің отбасым тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

Тексерілді ----------------

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі .

**Мектепалды даярлық** О сыныбы

**2021 жыл қараша айы**

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

**I I -апта**

**«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»**

| Күн тәртібі | | **Дүйсенбі 08.11** | **Сейсенбі 09.11** | **Сәрсенбі 10.11** | **Бейсенбі 11.11** | **Жұма 12.11** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Құрылыс ойындары | «Мен спортшымын ».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау | Әңгімелесу. Спортп не үшін керек? әңгімелеп беру | Сурет салу. «Футболшы» |
| | | Жаттығулар кешені № 5 | | | | |
| Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | **Пж ойын:** «Вагондарға дөңгелек таңдау»<br>**Шарты:** суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды. | **Еркін ойын:** «Шкафқа жасыру»<br>Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады. | **Пж ойын: «Қайтала»**<br>Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды**.** | **Пж ойын: «Ойыншықты тап»**<br>Шарты: Жасырылған ойыншықты табады. | **Еркін ойын: «Сенде не бар?»**<br>Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды**.** |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Бізбен бірге және бізден артық орында<br>**Мақсаты** әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; арқаннан бір бүйірмен екі аяқпен секіреді<br>**Негізгі кезең**<br>Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады.<br>Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын түзу ұстайды | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Біз-болашақ әскерміз<br>**Мақсаты** жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау, қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылын жасайды .<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Әскер түрлерін атап шығу ұсынылады. Әскери адамдардың қандай қасиеттері болуы керектігін айтады.<br>**Негізгі кезең**<br>Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды. | **1.Қауіпсіз мінез -құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері<br>Мақсаты: табиғаттағы өзін-өзі ұстау тәртібімен таныстыру, қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды<br>**Негізгі кезең**<br>– Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>– Суретте табиғаттың бір көрінісі бейнеленген. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу.<br>Сондықтан оны қорғау керек.<br>Сонымен қатар табиғат | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>«М» дыбысы<br>**Мақсаты:** дыбыстық талдау жасайды;"<br>**Негізгі кезең:**<br>Жұмбақ.<br>1.Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбат.<br>2.Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған.<br>– Балалар, «мысық», «мұз» сөздері қай дыбыстан басталады?<br>**Дидактикалық ойын: «Ұшты, ұшты»**<br>Ойын шарты: педагог ұшатын және ұшпайтын | **1.Өзін өзі тану**<br>**Тақырыбы** Жүрегімде жақсылық<br>**Мақсаты:** балаларға адамгершілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру<br>Әңгімелеу<br>К.Көпішевтің «Өзім жүрем» әңгімесін<br>оқып беріп сұрақтар қоямын.<br>Дәурен қандай бала?<br>Үйлеріңде үлкендерге қалай көмектесесіңдер?<br>**Ойын «Көлеңке»**<br>Балалар бірі-бірінің артына тұрады келесі бала оның |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы.** Педагогтің нұсқауларын дұрыс және жұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату**:<br>Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Екі тізбекке сапқа тұрады (арақашықтығы – 2,5 метр).<br>**Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет).**<br>Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Шаштараз<br>**Мақсаты**: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар.<br>**Шаштараз**<br>Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз | Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді. Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды.<br>Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару<br>**Ойын: «Кімнің добы алысқа ұшады?» ( 3 рет).**<br>Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады.<br>Қорытынды кезең (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Ұзындық.<br>Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру<br>**Мақсаты**«ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшейді;<br>**Негізгі кезең.**<br>Келесі қандай фигура? Оны таяқшалардан құрастырыңдар. Қайсысы ұзынырақ? Қалай анықтадыңдар? Одан кейін жануарлардың құйрықтарын ұзындығы бойынша салыстыруды ұсынады.<br>Құйрықтарды бір-бірінің | аясында түрлі қауіпті жағдайлар болады. Серуен немесе саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**Педагог**:<br>– Балалар сендер орманда жүру ережесін білесіңдер ме? Балалар:<br>– Орманда шуламау керек.<br>– Бір-бірінен қалмай жүру керек.<br>– Айғайлап өлең айтпау керек, себебі құстар, аңдар шошып кетеді.<br>– Бұтақтарды сындырмау керек.<br>– Құстарды өлтірмеу керек.<br>– Ағаштарды, гүлдерді жұлмау керек.<br>– Орманға қоқыс тастауға болмайды.<br>– Отпен ойнамау керек. От жаққан болса, кетер кезде сөндіріп кету керек. Әйтпесе өрт шығуы мүмкін.<br>– Өзі білмейтін саңырауқұлақтар мен жеміс-жидекті теріп жемеу керек.<br>– Үшкір заттармен ойнамау керек.<br>– Жарайсыңдар, балалар сендер орманда жүру ережесін біледі екенсіңдер. Олай болса орманға саяхатқа барайық.<br>**Рефлексия.**<br>–Балалар біздер қай жаққа серуенге бардық?<br>–Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін еске түсірейікші?<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>«М» дыбысы | нәрселерді айтады. Мысалы: «Ұшты, ұшты – кітап ұшты немесе қарға ұшты».<br>**Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Бүгінгі оқу қызметі түсінікті болса, бәрің қол шапалақтаңдар, ал түсінбеген болсаңдар, ренжіген смайликті көтеріңдер.<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан<br>**Мақсаты**: ән орындайды, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады.<br>**Ойындар: «Мен күйшімін».**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады.<br>**3. Құрастыру**<br>**Тақырыбы** Құрылыс материалы. Менің үйім<br>**Мақсаты: :** құрылыс материалдарын пайдаланып өз үйлерін құрастыраалады;<br>**Негізгі кезең**<br>өзүйлерінқалайқұрастыруға болатынынойланудыөтінеді, көз алдарына елестетеді;әр бала құрылыс | көлеңкесі болып саналады. Көлеңке болған балалар бірі-бірінің қимылын қайталайды.Музыкамен сүйемелденеді.Балалар іс қимылымызды тек қана жақсылыққа құрып бағыттауымыз керек жасаған ісіміз басқаларға әсер етеді<br>**Ғажайып сөздер**.<br>Үйренген өнегелі сөздерімізді қайталау.<br>-Сүйіспеншілік.Жақсылық тілеу.Жақсылық жасау.<br>**Қорытындылау**.<br>-Біз бүгінгі сабақта адамдардың әрқашан көңілі таза,пейілі ақ,адал пиғылда болу керектігін ұғындық.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады: «Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған». *(Мысық)*<br>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз<br>Ертегі қалай аталады?<br>Мақтақыз не тауып алды?<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Рефлексия**<br>Ертегі сендерге ұнады ма? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз<br>**Рефлексия**<br>Өлеңде кім туралы айтылады?<br>Шаштараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды?<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы**<br>Сазбалшықтан жасалған табақ<br>**Мақсаты** салынған табақ суреті үстіне қылқаламды дұрыс қолдана отырып өрнек салады;<br>**Негізгі кезең:**<br>Сәлеметсіңдер ме!<br>Балалар, мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Табаққа қандай тағамды саламыз? Расында да, бұл табаққа ұлттық тамақ – етті салады. Сондықтан табақ әр үйде болуы керек. Қылқалам мен акварель бояуын пайдалана отырып, әсем табақтарды әдемі өрнектермен әшекейлейік. Бірінші дөңгелек саламыз, сосын табақтың ішкі жақтауын саламыз, ал енді осы жақтауды әсем ою-өрнектермен әшекейлейік. «Қошқармүйіз», «қызғалдақ», «ботамойын» т.б. өрнектерді салу жолдарын қағазға педагог салып көрсетеді, балалар өздері қалауы бойынша өрнектерді таңдайды және әшекейлейді.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша табақ – блюдо – dish, ою – орнамент – ornament, өрнек – узор – pattern ұғымдарын сурет салу | үстіне салып салыстыра аламыз ба? Олай болса, не істеуге болады?<br>Өлшемді – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады.<br>Қалай өлшеу керек екені туралы ойланайық.<br>Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек.<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ заттардың ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қосуды ұсынады. Ең аласа заттарды бояйды.<br>Ұзындықты өлшеу үшін өлшем керек деген қорытындыға келеді.<br>Өлшемдерді санайды (сан жазылған карточкаларды шығарады). Сұрақтарға жауап береді<br>**Рефлексия.**<br>Заттарды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болады?<br>Көзбен көріп салыстыру қолайлы ма?<br>**3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Теңіз асты патшалығы<br>**Мақсаты:** балықтарды, ұлуды, шаянды жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балалар назарын үлестірмелі материалдағы «Теңіз асты патшалығы» сюжетті суретке аударуларын сұрайды. Мына суретке | **Мақсаты**: дыбыстық талдау жасайды;<br>**. Негізгі кезең:**<br>– Мына қоржын ішінде бірнеше тапсырмалары бар.<br>– Мынау не?<br>– «Мысық» сөзі неше буыннан тұрады?<br>– Мысық қалай дыбыстайды?<br>– «Мысық» сөзінің басында қандай дыбыс естіліп тұр?<br>– Дұрыс айтасыңдар, «М» дыбысын естіп тұрмыз. «М» – дауыссыз дыбыс. Кәне, қолайнамызды алып бәріміз бірге «М» деп айтайық.<br>Енді «М» дыбысынан басталатын сөздер айтып көріңдер.<br>– Сол сөздерді буынға бөлейік.<br>– Балалар, сиырға ұқсап дыбыс шығарып көрейікші.<br>– Бұл да «М» дыбысынан басталып тұр.<br>– Міне, сендер айтқан малдардың, мысықтың суреттері. Осы суреттерге қарап, сөйлем құрап беріңдерші?<br>**«Кім жылдам?» дидактикалық ойынын** ойнатуға болады<br>**Ойын шарты:** педагог балаларға «М» дыбысынан басталатын сөздерді тез ойлантып айтқызады. Сөз айтқан сайын бір қаламнан | материалдарынан өз үйлерін құрастырады, үйдің іргетасы, қабырғалары, төбесі, терезелері т.б. бөліктерін нақтылап алады;үйдіңайналасынданеб арекенінбейнелеуүшінқағазд ар,ұсақ ойыншықтар т.б. беріледі.үйді құрастыруда құрылыс материалдарын таңдау, түстерін үйлестіру, кеңістікте дұрыс орналастыру және оның беріктігіне көңіл бөлінеді.<br>**Рефлексия**<br>**4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Ақыл,ғалым және бақыт<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен толық таныстыру<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалардан қандай ертегілер білетіндерін сұрау.Ол ертегілердегі өздеріне ұнайтын кейіпкерлері жайлы әңгімелету.Д/ ойын: «Қай ертегі екенін тап».<br>«Ақыл, ғылым, бақыт» ертегісін мәнерлеп оқып беру.Сұрақ-жауап:<br>Ақыл, ғылым, бақыт үшеуі не деп таласты?<br>Сарапшылар бақытқа не деді?<br>Ғылымға ше?<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, ең бастысы не?<br>Адамға тағы не керек деп есептейсіңдер?Балалар жауабы тыңдалған соң, адамға бұлардан басқа | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: Ит –жеті қазынаның бірі<br>**Мақсаты**: иттің бейнесін мүсіндейді<br>**Негізгі кезең**.<br>–Балалар,иттің дайын жасалған үлгісін басшылыққа ала отырып, иттің мүсінін жасап көрейік:<br>Ермексаздың үлкенірек бір кесегін алып, алақан арасына салыпжұмсартамыз, содан соң үлкен сопақша пішінге келтіріп, денесін жасап аламыз.<br>Кішірек кесекті алып,алақанға салып домалақ пішінге келтіреміз. Содан соң бұл кесектен бастың пішінін шығарамыз. Бұл иттің басы болады.Төрт кесекті алып, есу арқылы төрт аяғын жасаймыз. Аяқтарын денесіне біріктіреміз. Дайын тұрған бас бөлігіне жіңішке таяқшаны енгізіп, екінші ұшын дене бөлігіне енгіземіз.Ұсақ бөлшектерін дайындаймыз. Құлағын жалпақтау тәсілімен жасаймыз. Көз,мұрын орнына түймені пайдалануға болады. Аузын ермексаз кескішпен сызамыз. Ермексаздың кішірек бөлігін есу арқылы құйрығын жасапиіп аламыз, оны денесіне орналастырамыз<br>**Рефлексия.**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** Аққала қол еңбегі<br>**Мақсаты**: екі еселеп бүктелген шаршылардан дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құуала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады<br>**Рефлексия**<br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема**: Моя семья **Цель**: называют членов семьи, проговаривают чистоговорки<br>Ын–ын–ын – это сын. РА–РА–РА – моя сестра. Ат–ат–ат – это брат.<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка<br>На экране большой, красивый дом.<br>Ребята, что вы видите на экране?<br>Дом какой?<br>Кто живет в этом доме?<br>Знакомство с новыми словами<br>Педагог называет членов семьи.<br>**Д/игра** «Бинокль»<br>Предлагает детям «бинокли» – свернутые в трубочку листы бумаги<br>**Рефлексия** | қарандаршы, не көріп тұрсыңдар?<br>Ал 25-беттегі теңіз астында ешнәрсе жоқ екен. Кәне, су асты бос болмас үшін ішіне балықтарды, ұлуды, шаянды жасап жіберейік<br>**Ұжымдық жұмыс**:<br>Ендеше, 25-беттегі теңіз асты патшалығына балықтарымызды, ұлуды, шаянды орналастырайық. Осы кезде үнтаспадан сылдырлап аққан судың даусы естіледі.<br>Рефлексия.<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы** Ойлан тап<br>**Мақсаты:** . Суретке қарап айырмашылығын таба білуге үйрету. Заттың санына қарай салыстыра білуін қалыптастыру<br><br>**Негізгі кезең**<br>Ойлан тап?<br>Суреттерде көрсетілген үй жануарларының төлдерін дұрысын тауып, орын-орнына қой.<br>**Ойын: «Сыңарын тап»** әр төлдің енесін тауып қойып, сол туралы өлең-тақпақ оқиды, ертегілерін айтады.<br>**Қорытынды:**<br>Балалар, сендер қандай тапсырмаларды орындадыңдар?.<br>Желкенді қайықтың неше айырмашылығын таптыңдар? Әр жануардың төлдерін ата.Үй жануарларын, төрт | қолдарына ұстатып отырады. Қай бала көп сөз айтса, соның қаламы көп, демек жеңімпаз атанады.<br>**Рефлексия.**<br>– Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ең қызықты болды?<br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Терезе алдында не өсіп тұр?<br>**Мақсаты:** бірнеше бөлме гүлінің атын атап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Топта өсіп тұрған гүлдерге зер салуға шақырады. Олар әдемі ме?<br>Олар көп пе? Оларға біздің топ отырған бөлме қолайлы ма?<br>Бөлмеде өсетін өсімдіктер қалай аталады?<br>Педагог бөлме гүлдерін мұқият қарап шығып, оларды зерттеуге шақырады.<br>**«ГҮЛДЕР» атты дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**:Балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту.<br>**Рефлексия.**<br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы**: Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан<br>**Мақсаты:** ән орындайды, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады. | денсаулық, еңбек, білім қажет екенін айту. Сол сияқты достық, мейірімділік, адалдық сияқты жақсы қасиеттер де адамның ақылына байланысты болатынын түсіндіру.<br>**Қорытынды**<br>Сұрақ-жауап. Ойын «Кім көп біледі?». Мадақтау | **Негізгі бөлім**<br>Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз.<br>Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар.<br>Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті қағаздан қиып аламыз.<br>Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз.<br>Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз.<br>Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз.<br>Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.<br>Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.<br>Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз.<br>**рефлексия** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түлікті ата. | **Ойындар: «Мен күйшімін».** Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады. | | |
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Еңбек** | | Қоқыстарды жинау | Ағаштарды жинақтау | Сары жапырақтарды жинау | Құстарға жем шашу | Киімдерді жинақтау |
| | | Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Қимылды ойындар** | | «Кең қадам» | «Тыныш жүгіріп өт» | : «Ұшты-ұшты» | «Аталған ағашқа жүгіріп бар» | «Белгіні тыңда» |
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | | Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады | Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не? | Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану | Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер? | Туған күнге қандай |
| Балалардың үйге қайтуы | | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

Тексерілді ----------------

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О сыныбы

**2021 жыл қараша айы**

**«Өзіңе және өзгелерге көмектес»**

**ІІІ-апта**

| Күн тәртібі | | **Дүйсенбі 15.11** | **Сейсенбі 16.11** | **Сәрсенбі 17.11** | **Бейсенбі 18.11** | **Жұма 19.11** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Құрылыс ойындары | « Дені саудың жаны сау» .Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау | Әңгімелесу. «Спорт-денсаулық кепілі» | Сурет салу. Дәрумендер суретін салу |
| | | Жаттығулар кешені №6 | | | | |
| Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Балаларменұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | **Пж ойын: «Ғажайып коржын» Шарты:** Қоржынның ішіндегі жемістерді сипап-сезу арқылы табады | **Құрылымдалған ойын: «Зейінді бол»** Шарты: Жоғалған суреттерді табады | **Пж ойын:** «Санамақ» Шарты: Топтағы заттарды санайды. | **Еркін ойын: «Дәл осындайды тауып ал» Шарты:** Ойыншықтардың ішіндегі бірдей ойыншықты табады | **Еркін ойыны «Ұқсасын тап»** Шарты: кубиктардың ішінен ұқсас кубиктерді табады |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Біздің стадион<br>**Мақсаты** шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын біледі.<br>**Негізгі кезең**<br>Жүріп қайта сапқа құруды орындайды. Педагогтің бұйрығы бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды.<br>**«Жеңіл атлетика»**<br>Тізбекте бір-бірден, сонан кейін екі-екіден сап түзеп жүру, қайтадан бір тізбек болып жүру.<br>Аяқты айқастырып жүру, жартылай отырып, толық отырып жүру, көзді жұмып, 4 метр жерге дейін жүру. Тізені қатты бүгіп, артқа жіберіп; тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Аяқты уқалау**<br>(Б.қ. – малдас құрып отыру).<br>**Мақсаты:** аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау.<br>**Қорытынды кезең** (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Ең тәтті дүние?<br>**Мақсаты:** әңгіме мазмұнын айта | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Менің отбасым<br>**Мақсаты** допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіреді.<br>**Негізгі кезең**<br>Жүру, шашырап жүгіру. Қысқа адыммен жүгіру. Тізбекке тұру.<br>Тізбекте бір-бірден жүріп, қолдарына жылдам текшелерді алады. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді. Жүру барысында бір тізбектен екі тізбек болып сап құрап жүреді.<br>Педагогтің бұйрығы бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Қимыл-қозғалыстарын басқа балалармен сәйкестендіріп орындайды. Тізбекте бағытты өзгертпей, басқа балалармен соқтығыспай жүруге тырысады. Тыныс алуды қалпына келтіреді. Қозғалыс бағытын бұзбайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам**?»<br>( 5 рет).<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып | **1 Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Менің үйім<br>**Мақсаты**: жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде қолданады<br>**Негізгі кезең**<br>Алдымен бір тізбекке, содан кейін зал ортасы арқылы екі тізбекке сап түзеп жүргізу. Сирақтарын артқа, жоғары көтеріп, қолдарын артқа, алдыға көсілте создырып жүгірту. Адымдары қысқа және жиі болады. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды.<br>**Текшелермен ЖДЖ орындау (№1).** Табан күмбездерін қатайтуға және оның жалпақтануының алдын алуға арналған жаттығулар. Педагогтің нұсқауларын зейін қойып тыңдап, жаттығуларды орындау барысында дене бітімдерін түзу ұстауға тырысады. Текшелерді ашпайларымен ұстап, оны келесі жерге қояды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңыраулы соқыртеке».** Қол созым арақашықтықты ұстап, шеңбер бойында отырады. Шеңбер ортасында екі бала тұрады. Бір баланың көзі байланады, ал екінші баланың қолына қоңырау ұстатылады. Қоңыраулы бала қашады, көзі байланған<br>бала оны ұстауға тырысады. Балалар ортаға | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «Б» дыбысы<br>**Мақсаты**: сөздерді буынға бөледі<br>**Негізгі кезең**<br>– Балалар, өткен оқу қызметінде алыстағы көлден не келді?<br>– Бақа қалай дыбыстайды екен?<br>– Бақ-бақ еткен бақа қай дыбыстан басталады?<br>– «Б» дыбысы қандай дыбыс?<br>– Енді мына көркем суретке назар аударыңдаршы.<br>Билингвалды компонент: бақа бақылдайды – лягушка квакает.<br>Суреттегі көл жағасындағы бақа суретіне әңгіме құрату.<br>**Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?».**<br>**Ойын шарты**: педагог гүлдің, партаның , аққаланың, үйдің суреттерін тақта бетіне жапсырып қояды. Балалар жетіспейтін жерлерін апарып қосады. Мысалы: гүлдің жапырағы жоқ, партаның бір аяғы жоқ.<br>– Балалар, оқу қызметінде түсінген, түсінбегендеріңді смайликтерді көтеру арқылы көрсетейік.<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Жомарт өлкем<br>**Мақсаты:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән рындайды.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Ноталарды орналастыр»<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді<br>**3. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Менің Отаным Қазақстан<br>**Мақсаты:** өз Отанының, жерінің, суының сол жерде тұратын адамдар үшін қымбат екенін; еліміздің | **1.Өзін өзі тану**<br>**Тақырыбы** Жақсы сөз жанды жадыратар<br>**Мақсаты:** Балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру<br>Адамдар бір-біріне қандай жақсылықжасай алады?<br>Жақсы болу дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Жарайсыңдар балалар өткен сабақты жақсы меңгеріпсіңдер!<br>Балалар сендер «Не деу керек?» өлеңінен не түсіндіңдер .<br>Бұл өлеңнен не түсіндіңдер ?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар!<br>Бұл өлеңнен сыпайылық әдептілік туралы есімізге түсірдік.<br>Біз бүгінгі сабағымызда біздің әрбірсөзіміз айналамызға қалай әсер ететіні туралы,адамдармен қалай сөйлесу керектігі жөнінде әңгімелесеміз.<br>«Жақсы мен жаман»<br>Б.Әбіловтың әңгімесін әңгімелеп беремін<br>**Ойын «Не деу керек?»**<br>Балалар шеңберге тұрады.Допты алып жолдасына лақтырады күнделікті өмірден түрлі сұрақтар қояды.<br>Қорытынды<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Әдептілік әлемі (өлең оқу)<br>**Мақсаты**: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады<br>Педагог Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқиды.<br>Хайуанаттар қайда кездесті?<br>Олар не жайлы әңгіме айтты?<br>Қоян үшін не тәтті екен?<br>Ешкі үшін не тәтті екен?<br>Аю үшін не тәтті екен?<br>Ал борсық үшін не тәтті екен?<br>Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнады ма?<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>**Рефлексия**<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Құмыра<br>**Мақсаты :**<br>қылқаламмен сурет салу техникасын сақтай отырып, құмыра суретін салады<br>**Негізгі кезең:**<br><br>Онда құмыраның суретін салып көрейік. Мойны жіңішке, | тұрады да, орамалды көтереді.Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.<br>**Қорытынды кезең** (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Дөңгелек, шаршы,тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>**Мақсаты**: пішіндердің атауларын айтуды: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш біледі<br>**Негізгі кезең.**<br>Балаларға геометриялық пішіндер (әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратылады тапсырма. Пішіндерді қараңдар. Олардың ішінде үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, дөңгелектер бар ма? Саусақтарыңмен үстінен айналдыра сызып шығыңдар.<br>тапсырма. Дәптерде берілген заттарға мұқият қарап, қандай пішіндерге сәйкес келетінін анықта. Сәйкес пішіндермен сызып қос.<br>**«Геометриялық пішіндерден құрастыр» дидактикалық ойыны**.<br>Балалардың әрқайсысына 3 геометриялық пішіннен таратып, әртүрлі пішіндерді құрастыруды ұсыныңыз.<br>**Рефлексия.** | екі-екіден шығып ойнайды.<br>**Қорытынды кезең** (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>*«Б» дыбысы*<br>**Мақсаты:** саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасайды<br>**Негізгі кезең:**<br>Осы кезде сарқыраған судың дыбысы естіледі.<br>– Балалар, тыңдаңдаршы ненің дыбысын естіп отырсыңдар?<br>Тағы да ненің дыбысы естіліп тұр?<br>Осы кезде үстел үстіне бақа шыға келеді.<br>– Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>– Балалар, бақа бүгін алыстағы көлден қонаққа келіпті. Сендердің ақылды, білімді екендеріңді көргісі келеді. Сондықтанда мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, жауабын сендер ойланып айтасыңдар.<br>«Б»дыбысының дұрыс айтылу артикуляцсиясы. Ерін бір-біріне жабысып тиеді, дауыс екпінімен «Б» дыбысы пайда болады.<br>– «Б» дыбысын ұзақ айтуға келмейді «М» дыбысына ұқсап кетеді екен?<br>– Сондықтан да «Б» дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па ?<br>– Иә, "Б"дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>– Ал дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br>– Дауысты дыбыстарды қандай түсті текшемен белгілейміз?<br>– Ал дауыссыз дыбыстарды ше?<br>– «Б» дыбысынан | егемендігі ата-бабаларымыздың аңсаған арманы екенін;<br><br>**Негізгі кезең.**<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ ұлты. Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды.<br>«Отан – отбасынан басталады» дегенді қалай түсінуге болады?<br>Мақалдың мағынасын өз түсінгендерің бойынша айтып көріңдер.<br>**Мақалдың мағынасын талдау:** «Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз. Қай жерде туып-өстік, біз ойнаған көше, біз тұратын қала (ауыл), жақын туыстарымыз, ата-анамыз – барлығы біздің Отанымыз<br>**Рефлексия**<br><br>**4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Торғай мен тышқан<br>**Мақсаты:** Торғай мен тышқан туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Негізгі бөлім**<br>Торғай мен тышқанның суреттерін көрсетіп, олар туралы қандайертегібілетіндерін сұрау. Олардың сыртқы пішіндерін, түрлерін сипаттау.<br>«Торғай мен тышқан» ертегісін мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны | айтамыз.<br>Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Сұрақ-жауап**:<br>Өлең қалай аталады?<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Асты қалай ішу керек?<br>*(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).*<br>Ас ішкен соң не істеу керек?<br>*(Ыдыс-аяқты жинаймыз).*<br>Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>***Есіңе сақта:*** «Адам әдебімен көрікті».<br>**Рефлексия.**<br>Бүгін не туралы әңгімеледік?<br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:<br>Жайылымдағы түйе<br>**Мақсаты:** әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдістәсілдерін үйрету<br>**Негізгі бөлім**<br><br>Балалар, түйенің түсі қандай болады?<br>Түйені қандай түсті ермексазбен жасаймыз?<br>Педагог жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді: Ермексазды 4 бөлікке бөліп дайындаймыз. Алдымен түйенің денесін, мойнын жасаймыз.Ермексазды алақан арасына салып,сопақша пішінге келтіреміз. Осы бөліктен мойнын, өркешін шымшып созу арқылы шығарамыз. Басы, мұрнын, құлағын жасаймыз. Ермексазды шар тәрізді домалақтап, бастың пішініне келтіріп, мұрнын, құлағын шымшып созу арқылышығарамыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстайтын сабы болады екен, ретімен салайық, әйтпесе Дымбілмес түсінбей қалып жүрер. Алдымен қағаздың ортаңғы бөлігіне дөңгелек салып аламыз, ал оның астыңғы бөлігіне салынған көлемі екі есе кіші жарты дөңгелекті үлкен дөңгелек жаққа қаратып сабақтастырамыз. Енді құмыраның мойнын жасау үшін ұзын тік төртбұрышты үлкен дөңгелектің үстіңгі бөлігіне орналастырамыз. Құмыраны ұстайтын сабын саламыз. Пішіндерді орналастырып алғаннан кейін, үлгіге қарап, жоғарғы су құйылатын бөлікті сүйірлейміз. Құмыраны салып болғаннан кейін қылқаламмен бояуды бастаймыз. Бояу кепкен соң, құмыраны ою-өрнекпен әшекейлейміз. Үлгіге қарай отырып құмыраны әшекейлеуге бағыт беріледі.<br>**Рефлексия.**<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема:** Для чего нужны предметы гигиены?<br>**Цель**: названия частей тела; цвета спектра, составляют рассказ по картинкам по образцу | **3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Құмырадағы гүл<br>**Мақсаты:** гүлді үлгі бойынша жапсырады<br>**Тосын сәт:** Кенет есік қағылады. Педагог:<br>Балалар, біреу есік қағып тұр, кім келді екен? Қолында гүлі бар әже кіреді. Әжей:<br>Бүгін менің немерем Әселдің туған күні, – дейді.<br>Педагог әжей әкелген гүлшоқты құмыраға салып қояды.<br>Енді сіз біздің балалардың өнерін көріңіз.<br>Балалар, Әселге арнап осындай құмырадағы гүлді жапсырып дайындайық<br>Бірінші үш гүл күлтесін қиып аламыз, содан кейін қалған бөліктерін қиямыз<br>**Рефлексия**<br><br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы**<br>Шығармашылық жаттығулар<br>**Мақсаты:** Балаларды шығармашылық тапсырмаларды орындай білуге үйрету<br>**Негізгі бөлім**<br>Тәрбиеші бидай, нан, ағаш, жәшік, дәптер, қалам сияқты заттардан бір-бірінің сыңарын тапқызтады.<br>Тапсырма: - Бірдей екі бауырсақты тап, сызық арқылы қос.<br>**Тапсырма:**<br>Әжеміздің үш немере | басталатын сөздер ойлап айтыңдаршы.<br>– Енді осы сөздерді буынға бөлейік.<br>– Ба-қа, бал-ға, бал-та, бұ-ғы.<br>**Дидактикалық ойын: «Жоқ дыбысты тауып айт»**<br>Ойын шарты: педагог өлең оқып, соңғы дыбысын айтпайды. Балалар өздері қосып айтады.<br>Мысалы: Көлде жүрген бақ....<br>**. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды<br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Тұқымнан не өсіп шығады?<br>**Мақсаты:** :бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.<br>**Негізгі кезең:**<br>Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: Гүлдің баданасын қалай егеміз? (Педагог көрсетіп береді).<br>• шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз;<br>• баданаңы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз;<br>• төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз<br>• сосын оған су құямыз. | бойынша сұрақ-жауап:<br>Торғай мен тышқан бірігіп не істеді?<br>Олар не үшін төбелесті?<br>Би олардың дауын қалай шешіп берді?<br>Олар онымен келісті ме?<br>Сурет бойынша ертегі мазмұнын әңгімелеу.<br>Сөйлемдерді толық айтуын, байланыстыра сөйлеуіне мән беріп, қадағалау, бағыт беру. Қиналған балаларға жетекші сұрақтар қою<br>**Қорытынды**<br>Біз нені білдік? | Ақ және қара ермексаздан көзін жасаймыз.<br>Дайын болған бөліктерді шымшып жапсыру арқылы түйенің мүсінін толықтырамыз.<br>**Рефлексия.**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** Үйрек мүсіндеу<br>**Мақсаты:** балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру<br>**Негізгі бөлім**<br>Балаларды үй құстарымен таныстыру<br>Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру.<br>Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру. Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп.<br>Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз.<br>Жасалу ретін түсіндіріп айтады.<br>Қамырды алып үйректің бейнесін мүсіндейміз<br>Үйректің басын, көзін жасайды.<br>Үйректің мүсінін жасап, болғасын кептіріп акварель бояуымен үстін бояймыз.<br>**Рефлексия.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Д/Игра «Путаница»** Педагог называет одну часть тела, а показывает совсем другую часть тела | қызы бар. Гүлнәр Сәуледен үлкен,бірақ Айнұрдан кіші. Қыздардың қайсысы Айнұр қайсысы Гүлнәр екенін ажырат. **Ойын: «Топтастыру»** бидайдан қандай нан пісіретінін табу . **Қорытынды** | **«ҚАНДАЙ ӨСІМДІК ЕКЕНІН ТАП» атты ойын** **Мақсаты:** балалардың затты суреттеу және оларды суреттемеге қарай тану қабілеттерін дамыту. **Рефлексия** **4. Музыка** **Тақырыбы**: Жомарт өлкем **Мақсаты:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әнніңдыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды. **Ойындар, хороводтар**: «Ноталарды орналастыр» Педагог ойын шартын түсіндіреді | | |
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Еңбек** | | Топты жинастыру | Еден жуушыға көмектесу | Гүлдерге су құю | Ойыншықтарды жинау | Гүлдің түбін қопсыту |
| | | Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Қимылды ойындар** | | «Бір аяқпен жолдан секіру» | « Құнан шабысы» | «Такси» | : «Оқтау тартыс» | «Көбелекті ұстап алу» |
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Киимдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | | «Тәулік мезгілдерін ажырат» ойыны арқылы мезгілдерді ажыратуға үйренеді. | «Менің құтты мекенім» атты өлеңмен сөздік қорын жаңа сөздермен байытады. | «Ғажайып қапшық» ойын арқылы сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байытады | қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. | «Атын атап бер» ойыны арқылы түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытады |
| Балалардың үйге қайтуы | | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

Тексерілді ----------------

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О  сыныбы

**2021 жыл қараша айы**

**VI-апта**

**«Біз күштіміз және ептіміз»**

| Күн тәртібі | | **Дүйсенбі 22.11** | **Сейсенбі 23.11** | **Сәрсенбі 24.11** | **Бейсенбі 25.11** | **Жұма 26.11** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату. | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Құрылыс ойындары | « Дені саудың жаны сау» .Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау | Әңгімелесу.  «Спорт-денсаулық кепілі» | Сурет салу. Дәрумендер суретін салу |
| | | Жаттығулар кешені №6 | | | | |
| Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Балаларменұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда  ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады | Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды. | Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Күшті, батыл және үлкен боламын!<br>**Мақсаты** оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; шұңқырға секіру: 30 см биік орындықтан секіруді; заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектеуді; екі минут баяу қарқынмен жүгіреді.<br>**Негізгі кезең**<br>Қазақстан Республикасының ауыр атлетші спортшыларының суреттерін көрсетіп, олармен таныстырады. Осы спортшылар тәрізді мықты болу үшін, спортпен айналысу қажеттігін айтады.<br>Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>«Жаттығуды бастаймыз – бір! Аяғыңды алшақ бас – екі!<br>Тоқтамай жаса – үш! Күлімдейді күн. Тамаша! Мықты, күшті болайық біз!» Бір, екі тізбекпен жүру.<br>Қозғалыс үстінде бір тізбектен екі тізбекке сап түзеп жүреді.<br>Ырғақты гимнастика<br>Педагогтің нұсқауларын зейін қойып тыңдап, жаттығуларды орындау барысында дене бітімдерін түзу ұстауға тырысады, тыныстарын кідіртпей, жаттығуларды | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Командалық қимылдарды орындау.<br>**Мақсаты** . жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп жүреді.<br>**Ойын:**«Бастаушыға доп бер!»<br>Ойыншылар мен жүргізушілерге арнап бау қояды.<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** *Дөңгелек және сопақша*<br>**Мақсаты:** фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша;<br>**Негізгі кезең**<br>тапсырманы орындайды. Саусақтарыңмен пішіндердің үстінен жүргізіңдер. Ұқсастығын және айырмашылығын айтыңдар.тапсырма. Педагог пішініне сәйкес үйлесімді кілемшелерді жапсыруды ұсынады<br>***«Не өзгерді?»* дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.<br>**Рефлексия.**<br>**3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Бөлме өсімдіктері.<br>**Мақсаты:**<br>құмырадағы бөлме | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Мен-үйдемін. Қауіпсіздік мектеб<br>Мақсаты: қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайды .<br>**Негізгі кезең**<br>Педагогтің түсіндіруі. Демонстрациялық материалдарды қолдана отырып, балаларға қауіпті заттарды көрсету.<br>Педагог балалардан қайсысы қандай үйде тұратынын сұрайды. Балалардан өз бөлмелері туралы әңгімелеуді сұрайды.<br>Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына*: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, тентек болма»,* – деп тапсырады. Үйде жалғыз қалған қыз шай ішкісі келеді. Ол асүйге барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады. Осы кезде анасының айтқан қауіпсіздік ережесі есіне түседі.<br>Балалар, бұл қандай ереже деп ойлайсыңдар? Анасы не деуі мүмкін?<br>Балалардың жауабы:<br>– Қолыңа сіріңке алма, өрт шығуы мүмкін!<br>– Газдан абай бол! Ол тез тұтанып, жарылады.<br>**Қауіпсіздік ережелері**: | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «С» дыбысы<br>**Мақсаты:** «С» дыбысының дауыссыз екенін біледі<br>**Негізгі кезең**<br>– Балалар, өткен тақырыпта сендер қай дыбыспен таныстыңдар?<br>– Естеріңе түсіріңдерші, «С» дыбысынан басталатын сөздерді.<br>– «С» дыбысы қандай дыбыс?<br>Енді, балалар, осы «С» дыбысын өткен дыбыстарға қосып сөз құрайық.<br>– Балалар, сөздерге дыбыстық талдау кезінде, дыбыстардың несін ажыратамыз?<br>– Балалар, мына суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>– Осы сөздерді буынға бөліңдерші неше буыннан жасалады екен?<br>– Бір буында неше дауысты дыбыс болады?<br>**Дидактикалық ойын: « Ойлан тап»**<br>**Ойын шарты**: педагог жұмбақ жасырады, балалар жауабын табу арқылы сөйлем құрайды.<br>**Рефлексия**<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Біздің рәміздер<br>**Мақсаты:** ән айту дағдыларын;дауысын дұрыс келтіріп орындайды<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>**Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) | **1.Өзін өзі тану**<br>**Тақырыбы** Отбасындағы сүйіспеншілік<br>**Мақсаты:** балалардың «сүйіспеншілік»ұғымы туралы түсініктерін қалыптастыру<br>«Бір ананың жеті қызы» әңгімесін оқып сұрақтар қоямын.Қыздар анасына өз сүйіспеншіліктерін қалай білдірді?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар біз де өз анамызға сүйіспеншіліктерімізді білдірейік ендеше.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Сурет бойынша әңгіме құрап ,суретті бояңдар<br>**Ғажайып сөздер**<br>Үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтайықшы қане.<br>-отбасы қуаныш,шаттық,мейірімділік, қамқорлық,сүйіспеншілік.<br>**Қорытындылау**<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Әдептілік әлемі<br>**Мақсаты**: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Сұрақ-жауап**:<br>Өлең қалай аталады?<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Асты қалай ішу керек?<br>*(Асықпай ішкен ас сіңімді* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ырғақпен орындайды.<br>Қорытынды кезең (рефлексия). «Бүгін менің үйренгенім...». Сөйлемді аяқтап, әңгімелеу ұсынылады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Орнынды тап!» ( 4 рет).<br>«Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады<br>**2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы** Әжесін қайсысы жақсы көреді?<br>**Мақсаты:** әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады<br>**Негізгі кезең**:<br>Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып бер<br>Балалар, әңгімеде кімдер жайлы айтылған?<br>Олар әжелерін жақсы көре ме екен?<br>Әжесі ауырып қалғанда дәрігерді көмекке кім шақырды?<br>Әжесіне дәрігер көмектесті ме?<br>Көрдіңдер ме, балалар, дәрігерді дер кезінде шақырып, әжесін аман алып қалған Болаттан үлгі алыңдар<br>**Дидактикалық ойын:** | гүлін бүктеп қию әдісімен жапсырады<br><br>**Негізгі кезең**:<br>Балалар, бөлме гүлдерінің де басқа өсімдіктер сияқты тамыры,сабағы, күлтелері болады. Гүлдер суғаруды, түбін қопсытуды, жапырағының шаңын сүрту сияқты үлкен қамқорлықты қажет етеді. Бүгін біз сендермен бірге бөлме гүлін жапсырамыз. Балалардың назарын 29-беттегі 11-ші сюжетті сурет үлгісіне аудартады. Педагог балаларға жапсырудың жолдары мен техникасын көрсетеді.<br>39-шы беттегі 11.2-тапсырмадағы құмыраның суреті салынған бөлігін қиып алып, оны ортасында көрсетілген сызық бойынша екіге бүктеп қию керек.<br>Жасыл түсті гүлді де дәл осылай қиямыз.<br>**Рефлексия**<br><br>**4.Логика Тақырыбы** Лабиринт **Мақсаты:** .<br>Басқатырғыштар туралы түсінік беріп,олардың оңай жолын тауып шеше білуге үйрету<br>**Негізгі бөлім**<br>Санға байланысты өлең-тақпақтар айтқызта отырып,-1 санның қай заттарға сәйкес екенін тапқызту.<br>Қоянның ормандағы | – Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқа шығарып немесе алдына отыруға болмайды.<br>– Мынау – үтік. Оны токқа қосылып тұрғанда ұстауға болмайды, ол ыстық. Су қолмен тоқтарды ұстауға болмайды.<br>– Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендерлің көмегінсіз ешбір дәріні ішпе.<br>**2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы** «С» дыбысы<br>**Мақсаты:** сөздердің буыннан құралатынын түсінеді<br>**Негізгі кезең**:<br>– Балалар, мына шардың түсі қандай?<br>– Сары сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>– Кәне, бірге «С», – деп айтайық.<br>– Енді айнаға қарап, «С» дыбысын тағы да айтайық.<br>– Сендердің еріндерің қалай керілді?<br>«С» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы. Ерін езуге қарай тартылып, тіс көрінеді. Тіл тістерге тиіп, арасынан «С» дыбысы қысылып шығады. «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?<br>**Дидактикалық ойын: «Мен айтайыншы»**<br>**Ойын шарты:** педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады. | «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса, Қазақстан»<br>«Көңілді балалар» литва халық әуен<br>**3.Құрастыру Тақырыбы**<br>Ормандағы мекендеушілер<br>**Мақсаты:** табиғи материалдардан әртүрлі ұсақ заттар жасай алады<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог еменжаңғақпен таныстыра отырып, үлгі бойынша талдау жасайды: балалармен құстарды, аңдарды немесе баланың ненің бейнесін жасағысы келетінін келісіп алады;<br>еменжаңғақты қалай пайдалану керектігін көрсете отырып, түсіндіреді;<br>жаңғақты тігінен немесе көлденеңінен пайдалану заттың пішініне сәйкес екенін ескерту, дене бөліктеріне сай келетін табиғи материалдарды таңдап алу;<br>оларды заттың пішініне ұқсастыра отырып бір-бірімен ермексаз арқылы жабыстырады;<br>ұсақ дене бөліктерін (құлағы, көзі, қолға ұстайтын заттары т.б.) толықтырады;<br>-жасалған жұмыстарды ұжымдық жұмыс ретінде тұтас көрініс бере орналастырады<br>**Рефлексия.**<br>**4 Ертегілер елінде Тақырыбы** Қасқыр мен қозы | *болады).*<br>Ас ішкен соң не істеу керек?<br>*(Ыдыс-аяқты жинаймыз).*<br>Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>***Есіңе сақта:*** «Адам әдебімен көрікті».<br>**Рефлексия.**<br>Бүгін не туралы әңгімеледік?<br>**3. Мүсіндеу Тақырыбы**: Жүйрік ат<br>**Мақсаты:** мүсіндеудің өздері білетін әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүйрік атты мүсіндеуді үйренеді<br>Негізгі кезең.<br>Педагог әңгіме жүргізеді: Біздің ата-бабаларымыз жылқыны сенімді серігі деп санаған, «ішсе – сүт, жесе – ет, мінсе – көлік» деп айтқан.<br>Жылқы – ең жүйрік жануар, оның сүтінен қымыз дайындалады.<br>–Балалар, бүгін жылқыны мүсіндеуді үйренеміз.<br>Педагог дәптердегі жасалу жолын көрсете отырып, түсіндіреді:<br>1.Қоңыр түсті ермексазды алып, екіге бөліп, алақанымызға салып жылқының денесін сопақша пішінде жасаймыз.<br>2.Денесінен кескіш құрал көмегімен бөліп, шымшып созу, тегістеу арқылы аяқтарын шығарамыз.<br>**Рефлексия**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ Тақырыбы**<br>Түймедақ бүктеу<br>**Мақсаты:** Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Дауысты дыбыстарды ата».**<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Рефлексия**<br>**3. Сурет салу**<br>Тақырыбы Гүлдене бер, Қазақстан<br><br>**Мақсаты** көз алдына елестету арқылы сурет салады<br><br>**Негізгі кезең.**<br>–Кәнеки, еліміздің астанасы – әсем қаламызды бейнелеп, сурет салуды бастайық. Көзге бірден түсетін, аса биік «Бәйтеректің» суретін салуды неден бастаймыз? Алдымен тік төртбұрыш саламыз, оның орта бөлігі жіңішке, төменгі және жоғарғы бөліктері жуандап кетеді. Енді оның жоғарғы бөлігіне дөңгелек, яғни шар тәрізді «жұмыртқа» саламыз, көрік беру үшін үлгідегідей етіп дөңгелек жаққа қарай күннің шуағындай етіп ұзынша сызықтар жүргіземіз. Бәйтеректің түсін өздерің | алаңқайға жетуіне көмектес.<br>**Лабиринттер шешу.**<br>«үй құстары» туралы әңгімеле<br>**Жұмбақ**<br>Кеудесі қайқаңдап,<br>Жүреді балпаңдап.<br>(қаз)<br>Үй құстары туралы жұмбақ жасыру.<br>Балапандардың енелеріне жетуіне көмектес.<br>Қораздың қорегін ғана боя.<br>**Қорытынды:**<br>Балалар, үй құстарын атаңдар?Олардың балапандарын айт.Қоянның баласын не дейді?Үй құстары:Тауық,қаз,үйрек,түйетауық | **Рефлексия**<br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**<br>Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?<br>**Мақсаты:** өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды атап көрсетеді.<br>Педагог «Өсімдіктерге тіршілік ету үшін не қажет?» деген тақырып бойынша «ЖИЫНТЫҚ» құрауға шақырады. Өсімдіктерге күтім жасау ерекшеліктерін түсіндіріп береді.<br>«ГҮЛ» ДҮКЕНІ» ойыны.<br>**Мақсаты:** балаларды өсімдіктерді өсетін орнына қарай топтастыра білуге, олардың сырт келбетін сипаттап беруге үйрету<br>**Рефлексия**<br><br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы:** Біздің рәміздер<br>**Мақсаты: :** ән айту дағдыларын;дауысын дұрыс келтіріп орындайды<br>**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>**Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық | **Мақсаты:** Балалардың үй жануарлар мен жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту<br>**Негізгі бөлім**<br>Балалардан қасқыр мен қой туралы не білетіндерін сұрау.Қасқыр – жабайы аң. Орманда өмір сүреді.Қой – үй жануары. Оның төлі – қозы деп аталады. Ойын «Қайсысы қалай дыбыстайды?» Сиыр мөңірейді.Түйе боздайды.Жылқы кісінейді.Ешкі маңырайды. «Қасқыр мен қозы» ертегісін мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>Қасқыр қозыға не деп айғайлады?<br>Қозы қалай ақталды?<br>Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы?<br>Ертегіні сахналау.<br>**Қорытынды**<br>Дидактикалық ойын: «Аңдардың баласын ата» Аңдардың балаларының суреттерін көрсету | туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру<br>**Негізгі бөлім**<br>Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.<br>- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?<br>-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.<br>Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық.<br>Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу.<br>Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу.<br>Бөлшектерді белгі бойымен қию.<br>Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау.<br>Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру<br>**Рефлексия** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таңдауларыңа болады, өйткені ол түнде алуан түрлі болып өзгереді.<br>**Рефлексия**<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема:** Учимся измерять предметы<br>**Цель**: названия предметов, размер, цвет.<br>**И/Р/У: «Мяч лови и называй:** Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по теме прошлого заняти. | | қимылдар:<br>«Жаса, Қазақстан»<br>«Көңілді балалар» литва халықәуені | | |
| **Серуен:** | | Мақсаты: Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Еңбек** | | Топты жинастыру | Еден жуушыға көмектесу | Гүлдерге су құю | Ойыншықтарды жинау | Гүлдің түбін қопсыту |
| | | Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Қимылды ойындар** | | «Бір аяқпен жолдан секіру» | « Құнан шабысы» | «Такси» | : «Оқтау тартыс» | «Көбелекті ұстап алу» |
| | | Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | | үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау. | қатаң дыбысты (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау. | 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету | «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету. | жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру |
| Балалардың үйге қайтуы | | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

Тексерілді ---------------

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О сыныбы

**Желтоқсан айы 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**1-апта**

| **Күн тәртібі** | | **Дүйсенбі 29.11** | **Сейсенбі 30.11** | **Сәрсенбі 01.12** | **Бейсенбі 02.12** | **Жұма 03.12** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіндер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.**<br><br>**Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | « Кел, балалар күлейік!» Құрастыру, үстел үстінде ойнайтын ойындарды ұсыну Дид. ойын: «Кім жоқ» | «Дос болайық бәріміз!» Табиғат бұрышындағы гүлдерді қарау, өсімдіктер туралы жұмбақтар жасыру | | « Сәлем жаңа күн» «Кім әдемі салады?» өз досынды сал, қандай екенің айтып бер | « Қара жорға» «Сиқырлы фломастер» еркін сурет салу. Д/ойын «Болады – болмайды» |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Біз қандаймыз қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз.ренжісуді білмейміз. | Армысың асыл күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуымажылу қос!<br>Мінеменің қолым бос! | | Күн шығады аспаннан.<br>Біз мектепке барамыз.<br>Күн төбеде тұрғанда.<br>Біз ұйқыға жатамыз. | Біз кішкентай баламыз!<br>Өсіп-оніп толамыз,<br>Күнге қарай талпынып.<br>Көкке қанат қағамыз.<br>Әлемдегі бар адамғ.<br>біз жақсылық тілейміз. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы :** Мерген болғым келеді<br>**Мақсаты:** оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; 30 см биік орындықтан секіруді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді; еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Әкем, анам және мен!<br>**Мақсаты:** гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм | | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** «Ң» дыбысы тығыз.01.12<br>**Мақсаты**: "Аң", "таң", "оңға" сөздеріне дыбыстық талдау;<br>**Негізгі кезең**<br>– Балалар, көздеріңді ашыңдар, сендер орманнан не көріп тұрсыңдар?<br>– Оларды бір сөзбен не деп | **1. Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Дос болайық, бәріміз<br>**Мақсаты** балалардың «достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру<br>**Негізгі кезең**<br>Балаларға өздерінің жақсы достары жайлы ойлау тапсырылады. Ол өзінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүреді<br>**Негізгі кезең**<br>Тізбек бойынша жүру және жүгіру.<br>«Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.<br>Жұп болып шалқадан жатып, қолды желкеге қойып, пресс жасау (5 рет).<br>Шашырап жүреді, педагогтің бұйрығы бойынша «1-2-3 – жұбыңды тап!» жұп болып тұрып, қолдарын көтереді<br>**Тепе-теңдік**<br>«Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Қу түлкі»<br>**Рефлексия**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Қысқа дайындық<br>**Мақсаты:** сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады<br>**Негізгі бөлім**<br>Педагог:<br>Балалар, біз М.Зверевтің "Су торғайы" әңгімесімен таныспыз. Бұл кісінің балаларға арналған әңгімелері көп. Соның ішінде «Қысқа дайындық» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді | салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді.<br>**Негізгі кезең**<br>Бір тізбекпен табанды өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүру.<br>Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**Құрсаумен орындалатын ЖДЖ (№1),** құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады.<br>**Ойын: «Тигізбе!» (4 рет)**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін қолдана білу. Айналып тұрған секіртпенің астынан жүгіріп өту<br>**Рефлексия**<br>**2. .Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**<br>Шар.Текше.Цилиндр<br>**Мақсаты:** текше, шар, цилиндр атауларын айтады<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма.<br>Суретте берілген пішіндерге пішіндері ұқсас заттарды табу ұсынылады.<br>Пішіндердің атауларын | | атаймыз?<br>– "Аң" сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші?<br>– "Аң" сөзінде "Ң" дыбысы қай дыбыстан соң тұр?<br>– "А" дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз ба?<br>**Ал, балалар, қолымызға қолайнаны алып ң дыбысын айтып көрейік.**<br>**– "Ң" дыбысын айтқанда тіліміз таңдайымызға тиіп, кедергімен шығып тұр.**<br>**Сондықтан "ң" дыбысы дауыссыз дыбыстарға жатады, көк текшемен белгілейміз.**<br>**– "Ң" дыбысы қай дыбысқа ұқсайды?**<br>**"Н" мен "Ң" дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудару.**<br>**Бір қатарға "Ң", екінші қатарға "н" дыбысы бар сөздерді ойлап айтуды тапсыру**<br>**Дидактикалық ойын: "Буынға бөл"**<br>**Педагог: Мен сендерге әртүрлі заттардың суреттерін көрсетемін. Сендер суреттерді атап, шапалақпен буынға бөлесіңдер**<br>**Рефлексия**<br>**2 Музыка**<br>**Тақырыбы**:Егеменді елім<br>**Мақсаты** ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды<br>Негізгі кезең<br>***Музыка тыңдау:*** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспа).<br>Ән туралы мәлімет беру, бұл таудың қай жерде | күнделікті өмірдегі достасып жүрген адамы, егер ондай досы болмаса, өз қиялындағы досы, немесе кіммен дос болғысы келетінін ойлау тапсырылады.<br>Ойын «Досыңды тап»<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балаларының көздері таңылып, өз достарын танып,табу ұсынылады. Олар өз досының қолын, шашын, киімдерін ұстап, сипау арқылы табуына болады. Достарын тапқаннан соң орындарын ауыстырады.<br>**Қимылды ойын. «Поезд»**<br>**Ойынның шарты**: Тәрбиеші топтағы балаларды екі топқа бөледі. Бірінші топтың балалары бір-бірінің белінен ұстап поезд болады, екінші топ балалары «Поезд» әнін айтады. Ойын музыкамен сүйемелденеді.<br>Достық ережесі<br>Жолдастарыңа көмектес. Егер қолыңнан бір нәрсе келсе оларға да үйрет.<br>Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.<br>Егер жолдасың жаман қылық жасаса, дұрыс еместігін айтып, түсіндір.<br>Жанжалдасудан, сөз таластырудан аулақ бол.Тату ойна, мақтанып кетпе.<br>Жолдасыңның жетістігіне қуан<br>**Рефлексия**<br>**2. .Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Тәуелсіз Қазақстан (өлеңмен таныстыру<br>**Мақсаты:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі, өлеңді мәнерлеп айтады<br>**Негізгі кезең**<br>Біз қай Республикада тұрамыз? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:<br>Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған?<br>Бал арасы не істеді?<br>Балды қанша жинады?<br>Сарышұнақ не жинайды?<br>Ал тоғайдағы жирен Тиін не істеді?<br>Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, Ит не істеп жүрді?<br>Ит ойлағандай қыс келмей қалды ма?<br>Қыстағы Иттің жағдайын кім айтады?<br>Жаз келгенде Ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма?<br>Балалар, берген сертті орындамаған дұрыс па?<br>Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады?<br>Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы?<br>Бал арасын, тиінді, Сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар?<br>Ит неге жағымсыз кейіпкер?<br>Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».<br>Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады<br>**Рефлексия**<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Ертегідегі құс<br>**Мақсаты:** құстардың | қайталайды. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады.<br>Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды.<br>Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды.<br>1-тапсырманы дәптерде орындайды<br>2-тапсырма. Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас заттарды тауып атауларын ұсынады.<br>3-тапсырма.<br>Пішіндерді атаңдар. Тиісті цифрларды қоршап сызыңдар.<br>***«Пішінді табыңдар»*** дидактикалық ойыны. Дорбада әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында«Сиқырлы» дорбаның болуы орынды.<br>Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді<br>**Рефлексия** | | орналасқанын айту, әннің сөзін талдау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу<br>***Билер:*** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.<br>**Рефлексия**<br>**3 Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері<br>**Мақсаты** еліміздің рәміздерін құрметтейді; мақтаныш тұтады<br>**Негізгі кезең.**<br>Педагог әңгімесі:<br>Тарихта таңбаны пайдалану дәстүрі ежелгі көне түркі заманында пайда болған. Көшпенділер ортасында бір тайпадан екінші тайпа бөлініп шықққанда, киелі төрт қанатты туын көтере, дүниені дүбірлетіп ұранын шақырып, алты алашқа паш етіп, таңбасын белгілеу дәстүр болған. Сол таңбаға қарап елін айыру мүмкін болған. Бұл | Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>Қазақстан жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.<br>Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз<br>Тәуелсіз, еркін елде біз Дүниеге келгенбіз. Көк ту мен елтаңбамыз, Бар біздің өз теңгеміз.<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br>*Еркіндік* – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар.<br>*Теңге* – біздің ұлттық төл ақшамыз<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>Сендер «тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу<br>Мақалдың мағынасын түсініп ал:«Туған жерге туыңды тік».<br>**Рефлексия**<br><br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Бұғы (Дымков ойыншығы)<br>**Мақсаты:** Дымков ойыншығын жасайды<br>Негізгі кезең.<br>Педагог жұмыс дәптеріндегі сюжетті суретті көрсетіп, осындай жануарды көрмеден табуды сұрайды.<br>Бұл – бұғы (үстел үстіне қояды).Осындай жануарды көрдіңдер ме? Педагог бұғы туралы өзі шағын әңгіме айтады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнесін қағаз бетіне түсіре алады<br><br>Құстар туралы қандай ертегі білеміз? Естеріңе түсіріп көріңдерші?<br>«Құс базары», «Үй құстары» т.б.<br>Құстардың дене бітімін еске түсіру (денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрыш т.б.).<br>Тырналардың үшбұрыш жасай ұшып келе жатқанын немесе ұясының жанындағы қараторғай бейнесін суреттен көрсетеді. Суретті салудың ретін түсіндіріп, тақтаға салып, қарапайым сызықтармен салудың жолдарын ауада көрсетіп, бормен сызып көрсетеді.<br>Балалар, алдымен қарындашпен қағаздың ортаңғы бөлігіне сопақша пішінді қиғаштап саламыз. Сопақшаның жоғарғы бөлігі сол жаққа қарай салынса, ал астыңғы бөлігі қағаздың оң жағына қарай төменге қарай бұрыла салынады. Дайын болған сопақша пішіннің оң жағы мен сол жағына құстың қанатын саламыз. Сопақша пішіннің жоғарғы бөлігіне құстың басын салу үшін кішкентай домалақ пішінді саламыз. Ал төменгі бөлікке құстың құйрығын саламыз. Қарындашпен салынып, дайын болған құсты қылқаламның көмегімен қағаз бетіне бояуды сүйкей жаға отырып түрлі түске бояп, көрік береміз | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Тауыс<br>**Мақсаты: даланың тауыс құсын қияды**<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог:<br>– Ал мына құсты тауыс деп атаймыз. Тауыс құсы ыстық жақты мекендейді.<br>Бұл – Қызыл кітапқа енгізілген, өте сирек кездесетін құс. Бұл құстың бір ерекшелігі, қанаттары мен құйрықтары түрлі түсті, өте әдемі болады.<br>– Сендер мұндай құсты көрдіңдер ме?<br>– Құстың басқа құстардан қандай ерекшеліктерін көріп тұрсыңдар?<br>– Тағы бір ерекшелігі – ол құйрығын жазады. Сонда ол тіпті әдемі болады.<br>Хайуанаттар бағында оларды арнайы күтушілер қарайды. Оларға су, жем береді. Енді осындай тауысты өзіміз жасап көрейік. Балаларға бүктеп қию және жапсыру әдістерін түсіндіреді. Алдымен денесін қиып, 33-беттегі 12.1-үлгіге жапсырамыз.<br>Құйрық қанаттарын үш түрлі көлемдегі дөңгелектерді бүктеу әдісімен қияды.<br>Педагог тақтада жаңа әдіспен жұмыс істеуді түсіндіреді.Үлкен дөңгелектен | | дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. «Герб» деген термин немістің «ербо» деген сөзінен шыққан. Бұл ұғым өз тілімізде «таңба» деген мағынаны білдіреді. Қазақ даласындағы таңбалар жиынтығы – Таңбалы таста. Ол жерде ескі уақыттан сақталып келе жатқан көп елдердің таңбалары бар. Сол себептен қазақ халқының бас қосып ұран шақырған жері – Таңбалы тас деп келеміз. Таңбалы тас Бетпақдала сахарасы, Ұлытау тауында орналасқан.<br>«Герб» деген сөздің мағынасы нені білдіреді?<br>«Герб» деген сөздің мағынасы – «таңба» деген сөзді білдіреді.<br>Таңбалы тас қай жерде орналасқан?<br>Таңбалы тас Бетпақдала сахарасы, Ұлытау тауында орналасқан.<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді.<br>Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі.<br>Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі.<br>Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасыныңбейнесі. Қанатты | Бұғы – жабайы жануар. Ол таулы, орманды өңірлерде тіршілік етеді.<br>Қысы қатты аймақтарда мекендейді.Хайуанаттар бағында болады. Оны адамдар шанаға жегіп, көлік ретінде пайдаланады. Бұғыны аулауға, атуға тыйым салынған.<br>Дымков ойыншығы ақ түсті болады. Дөңгелек пішінде әшекейленеді.<br>Бүгінгі оқу қызметінде сендердің шеберліктеріңді арттырумақсатында бұғыны Дымков ойыншығы түрінде мүсіндейміз<br>жасалу тәсіліне тоқталады.<br>Сазбалшықтан сопақша етіп, дәл ортасынан иіп дөңестеп, дене бөлігін мүсіндейміз, саусағымызды сулап, сылаймыз.(Бұл – таныс әдіс, сондықтан балалар бұл жұмысты тез орындауы мүмкін).<br>Кескіш құралдың көмегімен денесінің екі жағынан тіліп созу, қысу әдісі арқылы екі аяғын жасаймыз<br>Дөңгелек пішінге келтіріп, созу арқылы бас бөлігінентұмсығын шығарамыз.Мойынға басты үңгу арқылы ойық жасап бекітеміз,қалақшамен тегістейміз.Құлағын бас бөлігінен қысу, шымшу әдістері арқылы шығарамыз<br>Мүйізін жасау үшін сазбалшықты жалпақтап,кескішпен иректеп кесіп, мүйіз пішінін жасаймыз.Оны құлақ тұсына жапсырамыз.<br>Дайын мүсінді кептіруге береміз, бейнелеу өнері сабағында әсем безендіріп |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Рефлексия**<br>**4. .Орыс тілі**<br>**Тема:**Учимся считать до 5<br>**Цель:** называют цифры, счет до пяти и обратно<br>**Основная часть**<br>Педагог достает сундучок. Чтобы открылся сундучок, нужно повторить считалку.<br>Дети четко проговаривают слова вместе с педагогом:<br>Раз, два, три, четыре, пять!<br>Мы собрались поиграть.<br>К нам сорока прилетела<br>Сундучок нам вдруг открыла.<br>Педагог достает из сундучка цветные карандаши<br>П/Игра: «Кто знает, пусть дальше считает»<br>Педагог бросает ребенку мяч и называет число *один*. Ребенок ловит мяч и называет следующее число и передает мяч по кругу. Так дети считают до пяти и обратно<br>Задание №1<br>Назови предметы. Посчитай их и соедини с нужной цифрой. Дети работают в азбуке-тетради<br>**Рефлексия** | бастап,төменгі жиегін дәлдеп бүктеп кезекпен орташа, кіші дөңгелектерді<br>кияды.<br>Қиып алған бөліктерді 33-беттегі үлгіге рет-ретімен орналастыру қажеттігін түсіндіреді. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.<br>**Рефлексия**<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып қалта» ойыны<br>**Мақсаты:** Қалта ішіндегі пішіндердің түрін, түсін ажыратып, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдысын қалыптастыру<br>**Негізгі кезең**<br>Ғажайып қалта» ойынының<br>шартын түсіндіру.<br>-Қалта ішіндегі әр түрлі пішіндердің түрін,түсін ажырату, сол пішіндерге күнделікті өмірдегі заттарды тапқызту<br>**Рефлексия** | | тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі.<br>**Рефлексия**<br>**4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қасқыр мен адам<br>**Мақсаты:** Балалардың көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыру, ертегіні сахналай отырып, тіл байлығын арттыру<br>**Негізгі кезең**<br>«Қасқыр мен адам» ертегісін мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап<br>- Қасқыр егіншіге келіп не деді?<br>- Егінші оны аңшылардан қалай құтқарып қалды?<br>- Қаптан шыққан қасқыр егіншіге не айтты?<br>- Егіншіге көмектескен не?<br>- Бұл ертегіде де түлкі қандай кейіпкер боп көрінеді?<br>- Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы?<br>- Жағымды кейіпкер қайсысы деп ойлайсыңдар?<br>Ертегіні сахналау.<br>**Рефлексия** | бояймыз<br>**Рефлексия**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы**: Қысқы киім . қол еңбегі<br>**Мақсаты:** Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру.<br>**Негізгі кезең**<br>Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады.<br>Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз?<br>Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата?<br>Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген?<br>Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата түрлерін көрсетіп, таныстырады. Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады.<br>Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Қуыршақты киіндір»<br>**Рефлексия** |
| **Серуен:** | | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне | **Бақылау:**Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. | | **Бақылау:**Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату.<br>**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. | **Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау.**Айналадағы адамның** қысқы еңбегі. **Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендер<br>дің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру **.**<br>**Тақпақ:**<br>Қыстыгүні таңертең,<br>Ерте оянып жас бала.<br>«Қар» деп сыртқа қарайды,<br>Көңіл бөлмей басқаға.<br>**Қим.ойын:** «Ақ қоян». |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу. | **Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** « Ақ қояным»<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. | | (Бұлт)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал кер теке». | **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрби-елеу<br>. |
| Серуеннен оралу. | | Киимдерін өз шкафтарына ілу.ретімен ортыққа жайғасу. | | | | |
| **Ойындар дербес әрекет**<br><br>**Жеке баламен жұмыс** | | Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады | Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не? | | Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер? | Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ертеңгі болатын «Достық біріктіреді, спорт шынықтырады» атты жарысқа дайындық. | «Үйде балаңыздың тәртібі» әнгімеге | | «Бүгін сабақта» әнгімелесу. Аяулымның анасымен әнгімелесу. | «Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау. |

**Тексерілді:.............................**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** О  сыныбы

**Желтоқсан айы 2021 жыл**
**Өтпелі тақырып  «Менің Қазақстаным»**
**11-апта**

| **Күн тәртібі** | | **Дүйсенбі 06.12** | **Сейсенбі 07.12** | **Сәрсенбі 08.12** | **Бейсенбі 09.12** | **Жұма 10.12** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіндер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.** <br><br> **Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.** | | | | |
| | | Табиғат бұрышында гүлдерге суару. **Д/ойын** «Қайда өседі?» **Мақсаты:**Бақшада, орманда өсетін өсімдіктерді айыра білуге үйрету. | Ұнайтын ертегінді айт. Кітап қарағым келеді! **Мақсаты:** кітаптардың ішіндегі суреті бойынша не туралы екенін айтқызып үйрету. Кітапты ұқыпты,таза,жыртпай ұстау керек екенінайту. | Еңбек туралы мақал-мәтелдер. **Мақсаты:** еңбек істеген адамның неге жететінін білуге үйрету және еңбек түрлерін атату. Еркін сурет салу. | «Кім әдемі салады?» еркін сурет салу. **Дам.ойын** «Қай қаланың көрінісі?» **Мақсаты:** Еліміздегі қалалардың көрікті жерлерін сурет арқылы тани білуге үйрету. (Алтын адам, Бәйтерек, | **Д/ойын** «Бұл қандай аспап?» **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарын айыра білуге үйрету. Жаңа жыл өлеңдерін қайталату |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда  ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Отан сенің қайсарың<br>Отан сенің саяда<br>Бақыт құшып жүремін,<br>Гүлдей жайнап өсемін. | Қазақстан байтақ жерім,<br>Табиғаты қандай көркем<br>Тәуелсіздік арқасында<br>Мәртебесі артқан елім. | Тәуелсіздік тұмарым,<br>Бәйтерегім шырағым<br>Ел мерейін өсіріп,<br>Менде шыңға шығайын | Аймалаған күн нұры,<br>Лайланбасын тұнығы<br>Берік болсын мәңгілік,<br>Тәуелсіздік тұғыры. | Қазақстан байтақ ел,<br>Туған жерім Қазақстан<br>Елім үшін қуанам,<br>Өз еліммен мақтанам. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Отбасымызбен бірге жаттығамыз<br>**Тығыздалған 01.12**<br>Отбасылық альбом<br>**Мақсаты:** гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқасекіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу<br>**Негізгі кезең**<br>**«Зейіндерін жаттықтыру»**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Жылдам шеңберге тұр!»:** көрсетілген жерге: сол, оң, алдыға, артқа шеңберге жылдам тұру.<br>«Ептілікті жаттықтырамыз»<br>**Құрсаумен орындалатын ЖДЖ (№2)**, құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады.<br>Педагогтің нұсқауын нақты орындауға тырысады: тезелерін бүкпейді, алдыға еңкейгенде дем алуларын кідіртпейді. Құрсауды айналдыру барысында бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Рефлексия**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Алғашқы қар<br>**Мақсаты:** жаттаған өлеңнің тақырыбын және авторын біледі, дауыссыз дыбыс<br>**Негізгі бөлім**<br>Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Хоккей ойнап үйренеміз?<br>**Мақсаты:** имек ағашты басқару, шайбаны түзу бағытта алып жүру жаттығуларын<br>**Негізгі кезең**<br>Имек ағашпен жаттығулар орындау:<br>Бір қолдан екінші қолға ауыстыру, айналдыру, қолдарына имек ағашты ұстап тұрып сермеу, имек ағашты бір қолдан екінші қолға ауыстырып, денені айналдырып қозғалту, имек ағашты екі қолмен айналдыру<br>**«Тарт-итер».** Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, итеру-тарту дұрыс мөлшерлеп, <u>бөлінуін қадағалау.</u><br>Залдың бір шетінен екінші шетіне қарай қозғалады. Имек ағаштан ұстап, бір-біріне қарап тұрады. Бір бала арқасымен жүреді, екіншісі итереді<br>«Мұзшалар, жел мен аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне соғылмай қозғалу керек. Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады. Балалар шеңбер бойымен жай жүреді.<br>«Жарқырап ақша қар,<br>Сылдырлап ұшады!<br>Дың, дың, дың!» шеңберде жүреді. «Жел!» дегенде, шашырап жүгіре жөнеледі. | **1.Қауіпсіз мінез -құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Өзіңе және өзге адамдарға көмектес<br>**Мақсаты:** өзіне және басқаларға көмек көрсете алады<br>**Негізгі кезең**<br>Балаларға өлең жолдарын оқып беру.<br>Баспалдақта далақтап,<br>Ұшып-қонған Қалтақбай.<br>Сырғанап кеп қанаттан<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>Өлеңді тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>– Балалар, Қалтақбайдың әрекеті дұрыс па?<br>– Баспалдақтан шығып-түскенде және кез келген жерде қауіпсіздік ережелерін сақтап жүру қажет. Өйткені абайсызда құлап, жарақат алуымыз мүмкін.<br>– Біз қандай жағдайда дәрігердің көмегіне жүгінеміз?<br>Адам өзін жайсыз сезінген уақытта оған тез арада көмек көрсету керек.– Жедел жәрдем келгенше алғашқы медициналық көмек көрсетіледі.<br><br>**«Жедел жәрдем» ойыны**<br><br>**Шарты:** бір бала «Жедел жәрдем» стансысының қызметкері, екі адам дәрігер болып сайланады.– Міне, бірінші қоңырау да келіп түсті?<br>– Алло, сізге қандай көмек қажет?<br>– Біздің топта бір бала қолын жаралап алды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** "Е" дыбысы<br>**Мақсаты: Е дыбысының сөздегі орнын табады;**<br>**Негізгі кезең**<br>– «Е» дыбысты есімізге түсірейік, дыбысын әндетіп созып айтып көрейік.<br>– Е-е-е-е-е-е.<br>– Әндетіп, созылып, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығатын дыбыстарды қандай дыбыстар дейміз?<br>– Дауысты дыбыстарды, дыбыстық талдауда қандай түспен белгіледік?<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгіледік?<br>– Қазір мен мақал-мәтел айтамын, сендер «Е» дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап қалуға тырысыңдар.<br>Мақал-мәтел.<br>1.Ер дәулеті – еңбек.<br><br>2.Еңбек түбі – береке,<br>Көптің түбі – мереке.<br><br>3.Ер қадірін ел біледі,<br>Зер қадірін – зергер біледі.<br>Сөздік жұмыс «Зер» ою өрнек салу.<br>Зергер – алтын, күміс және асыл тастардан бұйым жасайтын адам.<br>Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата»<br>Ойын шарты: педагог бір топқа жататын сөздерді айтады да, допты балаларға лақтырады. Допты қағып алған бала жалпы атауын айтуы керек.<br>Мысалы: Сиыр, қой, жылқы – мал.<br>Алма, жүзім, өрік<br>**Рефлексия**<br><br>**2 Музыка** | **1. Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Менің кішкентай достарым **Мақсаты**: балалардың «қамқорлық»ұғымы туралы түсініктерін кеңейту<br>Жұмсақ ойыншықтар ұсынамын.Балалар күшікке қарап өз сүйіспеншіліктерін білдіреді.<br>-сен қандай сүйкімдісің.<br>-сен қандай әдемісің.<br>-сен менің досымсың.<br>**Әңгімелесу**<br>Балалар, сендер қандай үй жануарларын жақсы көресіңдер?<br>Оларға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>Балалардың жауаптары тыңдап, қорытындылаймын:<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар, бәріміз үй жануарларын жақсы көріп, оларға қамқорлық жасай алады екенбіз.<br>Әңгімелеу<br>Балаларға «Жеті қазынаның бірі» аңызын әңгімелеп беру<br>Дәптермен жұмыс<br>Өздеріңнің кішкентай достарыңның суреттерін салыңдар.<br>**Ғажайып сөздер**<br>Балалар сабақта айтып, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.<br>-Ит- адамның досы, көмекшісі<br>**Рефлексия**<br>**2. .Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Тәуелсіз Қазақстан<br>**Мақсаты: :** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі, өлеңді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар. Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз<br>Педагог балаларға сұрақтар қояды.<br>Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді?<br>Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады.<br>Өлеңде автор қарды неге теңейді?<br>Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды?<br>Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар.<br>Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар.<br>**Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық**». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: **б, в, г** т.б. Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>**Ойын шарты**: Педагогтің көмегімен балалар дәптердегі суреттер қандай дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады<br>**рефлексия**<br><br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Менің сүйікті ертегім<br>**Мақсаты:** өз таңдауы | «Аяз!» дегенде, қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек. Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады. Бірнеше қайталағаннан соң, ең көп ұпай жинаған команда жеңеді.<br>**Рефлексия**<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Үстінде-астында. Ішінде-сыртында. Алдында-артында. Оң жақта-сол жақта<br>**Мақсаты:** заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді айтады: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;<br>**Негізгі кезең.**<br>Дәптердегі ұқсас тапсырманы орындауды ұсынып, балаларды заттың орналасуын дауыстап айтуға ынталандырады. Маймылдың орналасқан жерін саусағыңмен көрсет. Сөредегі осы орынды қалай атайды? Ол ненің жанында орналасқан? Қандай заттан жоғары? Қайсысынан төмен? Қандай заттардың ортасында? Және т.б. Осылайша кеңістікте орналасуды әртүрлі сипаттауға ынталандырады<br>Одан кейін «тығылмақ» ойынын ұсынады. Заттың атауын атамай, оның орналасуын және қандай да бір қасиеттерін сипаттау қажет. Қалған балалар сипатталған затты табуы тиіс. | Мекенжайымыз: «11 ықшам ауданы, 34-үй» № 46 балабақша.<br>– Қазір «Жедел жәрдем» дәрігерлерін жібереміз. Күтіңіздер<br>– Ал, балалар, «Жедел жәрдем» келгенше қандай көмек көрсетеміз?<br>– Міне, енді екінші қоңырау келіп түсті.<br>–Алло, сізге қандай көмек қажет?<br>– Есінен танып құлап қалды.<br>– Балалар, «Жедел жәрдем» келгенше алғашқы көмекті өзіміз көрсетейік<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қара. Кімге қандай көмек керек?<br>Суреттерді тиісті көлік суреттерімен сәйкестендір<br>**Рефлексия**<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** "Е" дыбысы<br>**Мақсаты: Е дыбысының сөздегі орнын табады;**<br>**Негізгі кезең**<br>– Адамдардың айтатын сөздері әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Айнаны алып қарандаршы, дыбысты айтуға не көмектеседі?<br>– Әрине, ауыз. Қарандаршы, ауыз қуысында нелер бар?<br>– Тіл, тіс, ерін.<br>– Бұлар дыбысты айтуға көмектеседі.<br>– Мен сендерге дыбыс айтамын, ал сендер дыбысты айнаға қарап қайталайсыңдар. | **Тақырыбы** Қысқы орманда<br>**Мақсаты:** дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды.<br>Негізгі кезең<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. Чайковский). Композитор П.И. Чайковский портретін көрсету. Педагог балалармен әңгіме жүргізеді.<br>Қалай ойлайсыңдар, қысқы орманда кімдер болуы мүмкін? Қандай аңдар болуы мүмкін? Қазір музыка тыңдаймыз, сол музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестете аласыңдар, сондықтан мұқият тыңдайық.<br>Балалардан музыка қандай темпте (қарқында) орындалғанын, қандай әсерде болғанын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу<br>***Ән айту:*** «Шырша әні» (К. Қуатбаев).<br>***Билер:*** «Еркебұлан» биі<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету<br>**Рефлексия**<br><br>**3. Құрастыру**<br>**Тақырыбы** Ою-өрнектер<br>**Мақсаты:** қалдық материалдардың түрлерімен танысады, сым темірден оюөрнек құрастыра біледі<br>**Негізгі кезең**.<br>Педагог жұмыс ретін таныстырады:<br>сым темірден жасалған оюөрнектерді қарау және оның жасалужолдарына тоқталу;<br>3, 5, 6, 8, 10 см сым темірлерді | мәнерлеп айтады<br>**Негізгі кезең**<br>Біз қай Республикада тұрамыз? Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала? Қазақстан жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.<br>Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз<br>Тәуелсіз, еркін елде біз Дүниеге келгенбіз. Көк ту мен елтаңбамыз, Бар біздің өз теңгеміз.<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br>*Еркіндік* – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар.<br>*Теңге* – біздің ұлттық төл ақшамыз<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>Сендер «тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу<br>Мақалдың мағынасын түсініп ал:«Туған жерге туыңды тік».<br>**Рефлексия**<br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Шана<br>Мақсаты: бұйымды қызығушылықпен, шығармашылықпен жасайды<br>**Негізгі кезең.**<br>Кәне, әркім өзімізге әдемі шана мүсіндейік. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша ертегі кейіпкерлерін қағаз бетіне түсіре алады;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог ойыншық түлкіні (немесе ермексаздан дайындалған үлгіні) көрсетіп, дене бөліктерін салу тәсілдеріне тоқталып өтеді.<br>Алдымен қара қарындашпен өзімізге таныс геометриялық фигуралардың көмегімен түлкі немесе қоянның сұлбаларын салып аламыз. Бірінші, тұтас денесін салу үшін сопақша пішін салып аламыз, одан кейін кіші сопақшалардан алдыңғы аяқтарын саламыз, түлкіге конус пішінді қолдана отырып көйлек кигізсек, ал дөңгелек пен сопақша пішінді қолдана отырып қоянның аяқтарын жасаймыз. Кіші сопақшаларды қолдана отырып түлкінің табандарын, қолдарын жасаймыз. Қоянды да дәл солай саламыз.<br>Айтыңдаршы, балалар, түлкінің құлағы ұзын ба, әлде қоянның құлағы ұзын ба?! Онда ұзынша сопақшаны қолданып қоянның құлақтарын жасайық, ал түлкінің құлақтарын жасау үшін кіші үшбұрыштарды қолданамыз. Түлкінің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы кішірек екенін білесіңдер. Суретіміз дайын болса, қы<br>**Рефлексия** | 2-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Педагог тапсырманы оқиды: Жоғарғы сөренің оң жағына қорапшаны жапсыр, допты оң жақтағы төменгі сөреге жапсыр.<br>Алмұртты сол жақтағы үстіңгі сөреге, зырылдауықты алмұрттың астындағы сөреге жапсыруды ұсынады.<br>Балаға ойыншықтардың біреуін өз қалауы бойынша орналастыруды және одан кейін оны қай жерге қойғанын атауды сұрауға болады<br>3-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырмаға сәйкес сандықшаның «үстінде»,«ішінде», «оң жағына», «сол жағына» моншақтардың суреттерін салады<br>Ойын ойнайды. Сөрелерге кезекпен шығып, жасырылған заттың орналасуын сипаттайды<br>**рефлексия**<br><br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Тікұшақ<br>**Мақсаты:** тікұшақтың әр бөлігін ретімен жапсырады;<br>**Негізгі кезең**<br>Көліктердің түрлері туралы әңгімелеу.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды:<br>– Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>– Суда жүзетін көліктерді атаңдар.<br>– Қандай көліктер жерде жүреді? | Педагог "е" дыбысын айтады.<br>– "Е" дыбысы ауыз қуысында кедергіге ұшырады ма?<br>– "Е" дыбысын әндетіп айтсақ болады.<br>– Е-е-е. Өйткені "е" дыбысы дауысты, оны қызыл текшемен белгілейміз.<br>"Е" дыбысы ешкі, елік, ерін, етік, есек, ел сөздерінің басында кездеседі.<br>Кесе, күрек, бел сөздерінің қай жерінде кездеседі?<br>Бие, шие, түйе сөздерінің қай жерінде кездеседі?<br>Дидактикалық ойын:<br>Бастаушы допты бір балаға лақтырып, бір жануардың атын айтады,<br>бала допты кері лақтырып, оның төлін айтады.<br>Мысалы: сиыр – бұзау, бие – құлын, түйе – бота, есек – қодық, мысық – марғау.<br>**Рефлексия.**<br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесіңбе?<br>**Тығыздал.01.**12<br>Аквариумда не тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** аквариумда тіршілік ететін балықтардың бірнеше түрін атап көрсетеді<br>**Негізгі кезең.**<br>– Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады? Балықтарды не үшін үйде, аквариумда ұстайды? Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатанын айтады. Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі: ол өте әдемі. Онда тіршілік ететін балықтар | иіп бүктеу арқылы ою-өрнек құрастыру жолдарын көрсетіп, түсіндіру;<br>3 см сым темірді ортасынан бүктеп, екі шетін ішіне қарай бүктеп июарқылы «қошқармүйіз» өрнегін жасау;<br>5 см сым темірді ортасынан бүктеп, екі шетін сәл ию арқылы «құсқанаты» өрнегін жасап, екеуін біріктіріп, композиция құрастыру;<br>«ботакөз»,«ботамойын»,«қызғалдақ»,«сынық мүйіз» т.б.ою элементтерін құрастырып, одан композиция құрастыруға бағыт береді<br>**Рефлексия.**<br>**4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Ұр, тоқпақ<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізуге баулу<br>**Негізгі бөлім**<br>-Бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз.Бұл ертегі «Ұр тоқпақ»деп аталады. Ертегіні мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап<br>:-Ертегі қалай аталады.<br>- Шал мен кемпір қалай күн көріпті<br>.- Шал тұзағына не түсіреді<br>.- Қазбайдың үш жақсы нәрсесін ата<br>.- Шал мен кемпір қалай мұратына жетеді.<br>-Ертегі кейіпкерлері кімдер?<br>**Рефлексия** | Мүсіндеуге дайынсыңдар ма?<br>Балалар, шананы қандай түсті ермексазбен мүсіндейміз?<br>Ал ондай болса әркім өзіне түрлі түсті ермексазды таңдапалып, шананы мүсіндейді.<br>Педагог жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді:<br>Шананың екі табанын жасаймыз. Ермексазды есіп, жалпақтау арқылы екі шетін иеміз.<br>Шананың табанын ұстап тұратын тіреуіштерді есу арқылы жасап, табанына бекітеміз<br>Шананың беткі, отыратын тақтайшасын түрлі түсті ермексазды алақан арасына салып, тіктөртбұрыш пішініне келтіріп жасаймыз.<br>Шананың дайын бөліктерін бір-біріне шымшып жапсыруарқылы жинақтап, шана бейнесін мүсіндеуді аяқтаймыз.<br>**Рефлексия**<br><br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>Тақырыбы Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу<br>**Мақсаты:** «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу<br>**Негізгі бөлім**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Аяғы бар басы бар,<br>Арқалаған тасы бар.<br>(Тасбақа)<br>-Тасбақа қайда өмір сүреді? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **4. .Орыс тілі**<br>**ТЕМА:** Я умею считать до 10<br>**Цель:** цифры в пределах 10, считают игрушки<br>**Основная часть**<br>Р/У «Посчитай пальчики»<br>Предлагает посчитать пальцы на одной руке, а потом считает на другой руке: **шесть – семь – восемь – девять – десять.**<br>Дети читают пальцы на руке, запоминают новые числа, проговаривают хором и индивидуально<br>Р/У «Расскажем Балапану».<br>Диалог с Балапаном<br>Рассмотрите картинку с изображением игрушек.<br>Балапан, задает вопросы:<br>Что это?<br>Где лежит машинка?<br>Сколько кубиков на полу?<br>Дети рассматривают картинку, отвечают на вопросы Балапана:<br>Это игрушки. Машинка стоит на полке. На полу семь кубиков… и т.д.<br>Работа в азбуке-тетради<br>Узнай, кто это. Для этого соедини цифры от 1 до 10 по порядку. Раскрась рисунок.<br>Посчитай и назови, сколько у верблюда ног, ушей.<br>**Рефлексия** | – Аспанда қандай көліктер ұшады?<br>Балалар, бүгін біз тікұшақты қиып жапсырамыз.<br>– Алдымен барлық бөліктерін сызба бойынша қиып аламыз. Қоңыр түсті үлкен дөңгелек – тікұшақтың негізгі бөлігі. Қалған бөліктерін де дәл осылай жеке-жеке қиып а Қиып алған бөліктерді 35-беттегі үлгіге қарап отырып, 36-бетке ретімен орын-орнына орналастырамыз.<br>Бірінші – негізгі бөлігі.<br>Екінші – құйрығы.<br>Үшінші – қалақтары.<br>Төртінші – терезелері.<br>Бесінші – дөңгелегі.<br>**Рефлексия**<br><br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы** Біркелкі пішіндерді сана<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тереңдету<br>**Негізгі кезең**<br>**Пішіндерді ата**.<br>Біркелкі пішіндерді сана: төртбұрыш, дөңгелек, сопақша нешеу екенін санату<br>-Пішіндердегі үзік сызық заңдылығын бұзбай,қалғанын толтыр.<br>-Үйшіктің артына күннің суретін сал, жанына шыршаның, алдына доптың суретін сал.<br>**Рефлексия** | аквариум балықтары немесе декоративті балықтар деп аталады. Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі. Балықтардың атауларын атайды: гуппи, семсербалық, кішкентай лақа, шілтеқұйрық. Қуаныш күрделі сұрақ қояды: Ондағы балықтар адамның қамқорлығынсыз тіршілік ете ала ма?<br>**Зерттеу жұмысы:** Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады. Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі. Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды,тығылады. Және оларды жейд<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс** істеу. Достарыңмен бірге балықты бақыла. Сызба бойынша әңгіме құрастыра. Балықтарға күтім жасауға қажетті құралды қоршап сыз.<br>**рефлексия** | | -Не үшін тасбақа дейміз?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді. Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын, басын жинап, бұғына қалады.<br>- Демек,балалар тасбақаның суретін саламыз.<br>Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру.<br>- Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз<br>**Рефлексия** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **4. Музыка**<br>**Тақырыбы** Қысқы орманда<br>**Мақсаты**: **:** дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды.<br>Негізгі кезең<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. Чайковский). Композитор П.И. Чайковский портретін көрсету. Педагог балалармен әңгіме жүргізеді.<br>Қалай ойлайсыңдар, қысқы орманда кімдер болуы мүмкін?<br>Қандай аңдар болуы мүмкін?<br>Қазір музыка тыңдаймыз, сол музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестете аласыңдар, сондықтан мұқият тыңдайық.<br>Балалардан музыка қандай темпте (қарқында) орындалғанын, қандай әсерде болғанын сұрау.<br>Өн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу<br>***Ән айту:*** **«**Шырша әні» (К. Қуатбаев).<br>***Билер:*** «Еркебұлан» биі<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету<br>**Рефлексия** | | |
| **Серуен:** | | **Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау**.**Айналадағы адамның қысқы еңбегі.<br>**Мақсаты:** Қысқы еңбекпен | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.<br>Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бенқолымыздың тоңатынын, үсіріп | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстыру барысында үлкендер<br>дің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру **.**<br>**Тақпақ:**<br>Қыстыгүні таңертең,<br>Ерте оянып жас бала.<br>«Қар» деп сыртқа қарайды,<br>Көңіл бөлмей басқаға.<br>**Қим.ойын:** «Ақ қоян».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, епті<br>лікке баулу.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрби-елеу.<br>**Жеке жұмыс**: Жазда таудың басында<br>Қыста аяқ астында,<br>Балмұздақтан аумаған<br>Бұл не тағы расында? (Қар)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау Қабілеттерін дамыту. | тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. | мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | жібе<br>руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын<br>орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жұмбақ. Терезеге қонады,<br>Әсем ою ояды. (Аяз).<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет<br>терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-<br>дыққа , ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу.** | | Киіимдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | | «Тәулік мезгілдерін ажырат» ойыны арқылы мезгілдерді ажыратуға үйренеді. | «Менің құтты мекенім» атты өлеңмен сөздік қорын жаңа сөздермен байытады. | «Ғажайып қапшық» ойын арқылы сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байытады | «Атын атап бер» ойыны арқылы түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытады | қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата-аналармен сұхбат. Бүгінгі күн қалай өтті Нұрали, Аяулымның анасына үйде дамытушы ойындар ойнату керек екенін айту. | Баланың қолын жаттықтыру үшін арналған ойындар ұсыну Бекарыс,Дильназға. | Тілекжан мен Парасаттың ата-анасына әріптерді үйде жаттату керек екенін ескерту. | Ата-аналарды ескерту қалаға Ә.Молдағұло-<br>ваның мұражайына саяхатқа баратынымыз<br>ды. Қоғамдық жердегі тәртіп туралы ескертулер беру. | «Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау. |

**Тексерілді ..................**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі **.**

**Мектепалды даярлық** <u>О  сыныбы</u>

**Желтоқсан айы 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып  «Менің Қазақстаным»**

**11-апта**

| **Күн тәртібі** | | **Дүйсенбі 13.12** | **Сейсенбі 14.12** | **Сәрсенбі 15.12** | **Бейсенбі 16.12** | **Жұма 17.12** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіндер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.**<br><br>**Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.** | | | | |
| | | Табиғат бұрышында гүлдерге суару.<br>Д/ойын «Қайда өседі?»<br>**Мақсаты:**Бақшада, орманда өсетін өсімдіктерді айыра білуге үйрету. | Ұнайтын ертегінді айт.<br>Кітап қарағым келеді!<br>**Мақсаты:** кітаптардың ішіндегі суреті бойынша не туралы екенін айтқызып үйрету. Кітапты ұқыпты,таза,жыртпай ұстау керек екенін айту. | Еңбек туралы мақал-мәтелдер.<br>**Мақсаты:** еңбек істеген адамның неге жететінін білуге үйрету және еңбек түрлерін атату.<br>Еркін сурет салу. | | |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда  ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Отан сенің қайсарың<br>Отан сенің саяда<br>Бақыт құшып жүремін,<br>Гүлдей жайнап өсемін. | Қазақстан байтақ жерім,<br>Табиғаты қандай көркем<br>Тәуелсіздік арқасында<br>Мәртебесі артқан елім. | Тәуелсіздік тұмарым,<br>Бәйтерегім шырағым<br>Ел мерейін өсіріп,<br>Менде шыңға шығайын | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**   Тату -тәтті баламыз?<br>**Мақсаты:**   допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіреді<br>**Негізгі кезең** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**  Менің көңілді добым<br>**Мақсаты:**  Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.<br>**Негізгі кезең**<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: | **1Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Аулада ойнайтын ойындар<br>**Мақсаты**:  түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруді; қолға допты ұстап, арқанның астымен түрлі тәсілдермен өтуді; айналып тұрған арқанның астымен жүгіріп өтуді; айналып тұрған арқанның астына бір орнында тұрып секіру<br>**Негізгі кезең**<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ырғақты гимнастика (№2). Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау:<br>**«Баскетбол» –** допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.<br>Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)**<br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады.<br>**Рефлексия**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Менің Отаным (өлең)<br>**Мақсаты:** сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады<br>**Негізгі бөлім**<br>Сөйлемдердің үш түрі болады. | **«Допты еденге соқ» -** түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдығабағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» (4 рет).**<br>Ойыншылар «аңшылар» және «қояндар» болып екіге бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады. Педагогтің белгісімен «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аңшылар» ұстауға тырысады. «Қояндарды» | ойын түрінде орындау:<br>**«Допты еденге соқ».**<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған<br>балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық кімде?»** – малдас құрып отырып, асықты бір-біріне беру. Денелерін түзу ұстауларын қадағалау.Малдас құрып шеңбер бойы отырады. Асықты бір-біріне жылдам береді. Жүргізуші асықты алып алуға тырысады.<br>**Рефлексия**<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** "І" дыбысы<br>**Мақсаты**: Ілмек", "іні" сөздеріне дыбыстық талдау жасайды;<br>**Негізгі кезең**<br>Біз өткен тақырыптардан кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: МАл енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер.<br>Сөйлем соңына не қойылады?<br>Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: *Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!*<br>Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер.<br>Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады.<br>Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер<br>**Рефлексия**<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қолғап<br>**Мақсаты:** түрлі түсті қағаздардан ою-өрнектер жасап, әшекейлейді;<br>Негізгі кезең<br>Педагог балалардың ою-өрнек элементтерін атауын сұрайды.<br>Балалар, онда бәріміз қыста киетін қолғаптың суретін салайық. Педагог салу техникасын түсіндіреді.<br>Алдымен қарындашпен тік төртбұрыш саламыз және оның оң жағына салынған тіктөртбұрыштың | көп ұстаған бала жеңімпаз атанады.<br>**Рефлексия**<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Қағаз бетінде бағдарлау<br>**Мақсаты:** кеңістіктегі, қағаз бетіндегі заттардың орналасуын түсіндіруді біледі<br>**Негізгі кезең**<br>Топтық жұмыс.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады.<br>Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды.<br>Оғанкерісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.<br>Одан кейін балалар топтарда ойнайды.<br>1-тапсырма. Қай жерде сурет жоқ? (Ортада, орталықта). Оның оң жағында (...) не бар?<br>2-тапсырманы қараңдар.<br>–Шартты белгілерді қалай түсінуге болатынын таптыңдар ма?<br>Қолшатырларды кестеде орналасуына қарай белгілі бір түске бояуға болады.<br>Мысалы, төменгі сектордың оң жағында орналасқандарды көгілдір түске, жоғарғы сектордың оң жағында болса, қызыл түске. Балалар топ болып жұмыс жасайды. Заттарды, олардың карточкада орналасуын анықтайды. | болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды.<br>Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз.<br>Жалғыз таяқ боп тұр,<br>Төбесінде доп тұр.<br>Бұл не?<br>Бұл – «і» дыбысы.<br>Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. "І" дыбысы –<br>жіңішке дауысты дыбыс, "ы" дыбысы – жуан дауысты дыбыс. Мысалы: "ы-і", "ұ-ү", "а-ә",<br>"о-ө"<br>Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу»<br>Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі.<br>**Рефлексия**<br>**3.Жаратылыстану**<br>Жануарлардың тіршілігі не үшін қажет?<br>**Мақсаты:** жануарлардың тіршілік етуіне қажеттіжағдайларды атап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады. Күрделі сұрақ: Табиғатта қандай жануарларды кездестіруге болады? Жануарлар тірі ағзаға жата ма? Қандай жануарларды жабайы, қандайларын үй жануарлары деп | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көлемінен кіші тік төртбұрышты салып, оның ұштарын домалақтап, бармаққа ұқсатамыз. Қолғап пішініне ұқсатып, қолғаптың шеттерін домалақтап жиектеп, қалыпқа келтіреміз. Қолғабымыз әдемі болып көрінуі үшін қылқаламның көмегімен қолғапты бояймыз. Қолғаптың суретін салып, бояп болғаннан кейін оны әртүрлі фигуралармен және оюлармен сәндейміз<br>**Рефлексия**<br>**4. .Орыс тілі**<br>ТЕМА: Моя Родина – Казахстан<br>**Цель**: названия страны, родного города<br>**Основная часть**<br>Фонетическая зарядка<br>РА – РА – РА – это Родина моя РУ – РУ – РУ – я Родину люблю<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка<br>**Беседа о Родине:**<br>Республика Казахстан – наша Родина<br>Наша Родина – большая и красивая. Казахстан многонациональная, дружная страна. Столица Казахстана – город Астана<br>**П/игра «Кто быстрее?»**<br>Педагог бросает мяч ребенку и называет слово на родном языке: *Отан, бас* | Тапсырманы орындайды. «Сол жақ», «оң жақ», «төмен», «жоғары» терминдерін пайдалануға тырысады<br>3-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны. Жиектері мен ортасында фигуралар бейнеленген парақтар таратылады.<br>3-тапсырманы орындайды. Қағаз бетінде бағдарлану білігін көрсетеді. Ойын ойнайды. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды, басқа балалар жасырылған фигураны атайды<br>**Рефлексия**<br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Қуыршаққа арналған көйлек<br>**Мақсаты**: киімді үлгі бойынша қияды;<br>Балалар, бәріміздің қолымызда қуыршағымыз бар. Бүгін сол қуыршақтарымызды театрға, (концертке, «Балапан» тобына қонаққа) алып баруымыз керек. Ол үшін қуыршақтарды қалай киіндіреміз?<br>– Ендеше, қуыршақтарымызға киінуге көмектесейік.<br>– Ол үшін бізге не қажет?<br>Педагог балаларға қағазды екіге бүктеу арқылы симметриялы пішінді қию әдісін көрсетеді<br>Алдымыздағы үлгіге қарап отырып, алдымен көгілдір | атайтынымызды түсіндіреді. Үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін атап шығады. Жануарлардың тірі ағзаға жататынын түсіндіреді (қоректенеді, көбейеді, өседі, қозғалады, тыныстайды, өледі).<br>«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады. Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).<br>**Рефлексия**<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы**:Орманда серуендейміз<br>**Мақсаты:** аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді к<br>**Негізгі кезең**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.<br>***Музыка тыңдау:*** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев).<br>өңілді орындайды<br>***Ән айту:*** «Ақша қар» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>***Билер.*** «Ұлпақарлар биі»<br>**Рефлексия** | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *қала, көпұлтты, тату.*<br>Дети внимательно слушают слова на родном языке, ловят мяч, называют слова на русском языке<br>**Рефлексия** | түсті бөлікті қиып аламыз. Қағазды ортасындағы белгі бойынша бүктеп, сызықтың бір шетінен бастап аяғына дейін қиямыз. Қуыршақтың киімінің кеуде бөлігі дайын болды.<br>Енді, қуыршағымыздың белдемшесі (юбкасы) қалды. Қызыл түсті қағазды белгі бойынша бүктеп, сызықтың бір шетінен әдемілеп, ұқыптылықпен қиямыз. Белдемшеміз дайын болды.<br>– Балалар, бүгінгі қиған киімдеріміз қандай математикалық пішіндерге ұқсайды?<br>– Енді, қуыршағымызды киіндірейік. Желімді жағып, орын-орнына жапсырайық.<br>**Рефлексия**<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы** Ребустар<br>**Мақсаты:** Ребустар туралы түсінік беру,білім, білік дағдыларын қалыптастыру<br>**Негізгі кезең**<br>**Ребустар шешу**<br>6 Н 5ІК К 3<br>**Ойын « Жемістерді жина»**<br>Дәптермен жұмыс:<br>-Алма ағашының түбіне басындағыдан саны кем болатындай алма суретін сал.<br>-Бірінші алмұрт ағашының басында неше алмұрт болса,екіншісіне сонша алмұрт суретін салып, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оларды боя.<br>**Рефлексия** | | | |
| **Серуен:**<br><br>**Қимылды ойындар** | | **Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау**.**Айналадағы адамның қысқы еңбегі. **Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендер дің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру **.**<br>**Тақпақ:**<br>Қыстыгүні таңертең,<br>Ерте оянып жас бала.<br>«Қар» деп сыртқа қарайды,<br>Көңіл бөлмей басқаға.<br>**Ким.ойын:** «Ақ қоян».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, епті лікке баулу.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрби-елеу. | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.<br>Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| ***Жеке* баламен жұмыс** | | ***Жеке жұмыс***: Жазда таудың басында<br>Қыста аяқ астында,<br>Балмұздақтан аумаған<br>Бұл не тағы расында? (Қар)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау абілеттерін дамыту. | ***Жеке жұмыс:*** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету қатаң дыбысты дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау. | ***Жеке жұмыс***<br>7-ге дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата-аналармен сұхбат. Бүгінгі күн қалай өтті Нұрали, Аяулымның анасына үйде дамытушы ойындар ойнату керек екенін айту. | Баланың қолын жаттықтыру үшін арналған ойындар ұсыну Бекарыс,Дильназға. | Тілекжан мен Парасаттың ата-анасына әріптерді үйде жаттату керек екенін ескерту. | | |

**Тексерілді......................**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі .

**Мектепалды даярлық** О сыныбы

**Желтоқсан айы 20-24. 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**1V-апта**

| Күн тәртібі | | Дүйсенбі<br>20.12 | Сейсенбі<br>21.12 | Сәрсенбі<br>22.12 | Бейсенбі<br>23.12 | Жұма<br>24.12 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіндер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.**<br><br>**Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | Табиғат бұрышында гүлдерге суару.<br>Д/ойын «Қайда өседі?»<br>**Мақсаты:**Бақшада, орманда өсетін өсімдіктерді айыра білуге үйрету. | Ұнайтын ертегінді айт.<br>Кітап қарағым келеді!<br>**Мақсаты:** кітаптардың ішіндегі суреті бойынша не туралы екенін айтқызып үйрету. Кітапты ұқыпты,таза,жыртпай ұстау керек екенін айту. | Еңбек туралы мақал-мәтелдер.<br>**Мақсаты:** еңбек істеген адамның неге жететінін білуге үйрету және еңбек түрлерін атату.<br>Еркін сурет салу. | «Кім әдемі салады?» еркін сурет салу.<br>**Дам.ойын** «Қай қаланың көрінісі?»<br>**Мақсаты:** Еліміздегі қалалардың көрікті жерлерін сурет арқылы тани білуге үйрету. (Алтын адам, Бәйтерек, | **Д/ойын** «Бұл қандай аспап?»<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарын айыра білуге үйрету.<br>Жаңа жыл өлеңдерін қайталату |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Отан сенің қайсарың<br>Отан сенің саяда<br>Бақыт құшып жүремін,<br>Гүлдей жайнап өсемін. | Қазақстан байтақ жерім,<br>Табиғаты қандай көркем<br>Тәуелсіздік арқасында<br>Мәртебесі артқан елім. | Тәуелсіздік тұмарым,<br>Бәйтерегім шырағым<br>Ел мерейін өсіріп,<br>Менде шыңға шығайын | Аймалаған күн нұры,<br>Лайланбасын тұнығы<br>Берік болсын мәңгілік,<br>Тәуелсіздік тұғыры. | Қазақстан байтақ ел,<br>Туған жерім Қазақстан<br>Елім үшін қуанам,<br>Өз еліммен мақтанам. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Асықпен ойналатын ойындар<br>**Мақсаты:** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүруді; малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады.<br>**Негізгі кезең**<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Хоккей ойнаймыз<br>**Мақсаты:** шайбаны нысанаға ату, мұз жолдармен сырғанап жүреді.<br>**Негізгі кезең**<br>**«Жолмен ұзақ кім сырғиды?»**<br>Ең жақсы нәтиже көрсеткен бала жеңеді.<br>Тепе-теңдік сақтап, бастарын түзу ұстап, еңкеймеуге тырысады.<br>**«Түсіріп алма!». (3 рет)** | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Мен жүрек туралы не білемін?<br>**Мақсаты:** адамның негізгі мүшесі – жүрек екенін біледі, тәжірибелер жасайды.<br>**Негізгі кезең**<br>Сағат емес, бірақ соғады. (Жүрек)<br>Балалар жұмбақтың шешуін дұрыс табуға тырысады.<br>Демонстрациялық материалдан суретін | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** "Ә" дыбысы<br>**Мақсаты:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Әліппе мен әліпбиді бекер көрсетіп, таныстырып отырған жоқпын. Екеуі де "ә" дыбысынан басталып тұр.. Әріп сөзі де "ә" дыбысынан басталады. "Ә" дыбысын сендер білесіңдер ме?<br>– "Ә" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Қандай түспен белгілейміз? Дидактикалық ойын: "Ғажайып текше".<br>Шарты: балалар шеңбер болып | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы**:Достық татулықтан басталады<br>**тығыздалған 17.12**<br>Бәрін жақсы көремін<br>**Мақсаты**: жақсы көру»ұғымы туралытүсініктерін қалыптастыру<br>**Негізгі кезең**<br>Әңгімелесу<br>Балалардың айнала қоршаған ортаны, барлық адамдарды жақсы көру жөніндегі ой-ниетімен, көз қарасымен танысу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ойнаймыз?<br><br>**Кіріктір.10.01**<br>Ақсақ құлан (Аңыз)<br>**Мақсаты:** қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын салады;<br>**Негізгі бөлім**<br>Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. Сендер жылқыны білесіңдер ме? Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.<br>Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге<br>«Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін<br>Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма?<br>Аңызда не туралы айтылған?<br>Ашуына тиген құлан | жаттығуы<br>Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Белгіленген жерге жеткен соң, орындарына жүгіріп қайтып келеді.<br>«Кім алысқа секіреді?» ойын-жаттығуы.<br>Екі сапқа тұрады. Екі аяқтарымен бір мезгілде итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>**Рефлексия**<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Ауыр. Жеңіл **кіріктір. 11.01**<br>Заттарды салмағы бойынша салыстыру | Антарктида<br>Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені.<br>«Пингвиндер» **ойын-жаттығуы**<br>Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді<br>**Рефлексия**<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы Ө" дыбысы<br><br>**кіріктір.12.01**<br>"Ү" дыбысы<br>Мақсаты дыбыстық талдау жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>–Кәне, бәріміз «үйрек» – деп айтайықшы. – Үйрек қай дыбыстан басталады? Бүгін біз | шанамыз» ( М. Маңғытаев)<br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: **«**Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Полька» (А. Филиппенко)<br>**Рефлексия**<br>**3. Құрастыру**<br>**Тақырыбы** Түлкі мен ешкі<br>**Мақсаты:** қағаз конустан ертегі мазмұны бойынша түлкіні жасай алады<br>**Негізгі кезең**.<br>Педагог түлкінің конус пішінінен жасалған үлгісін көрсетіп, талдау жасайды:<br>-дөңгелектен қиылған пішіндерді ортасынан бүктеп қиып алады;<br>жарты дөңгелекті орап бүктеу арқылы желімдеп, денесін, | түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жаңа жыл да келеді, Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,<br>Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>Сұрақ-жауап:<br>Өлең қалай аталады?<br>Жаңа жылда балалар не істейді?<br>Жаңа жылда бізге кім келеді?<br>. Дәптермен жұмыс:<br>Суретте балалар не істеп жатыр деп ойлайсың?<br>Әр балаға ат қойып, олардың немен айналысқанын әңгімеле. Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Жаңа жылды қарсы алу үшін шыршаға қандай ойыншықтар дайындайды?<br>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»<br>*Ойын шарты*: екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әңгісі балаға не істеді? Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен.<br>Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры<br>**рефлексия**<br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыб**ы Аяз ата<br><br>**кірік.10.01**<br>Мерекелік дастарқан<br>**Мақсаты:** дастарқанды әшекейлеп, безендіре алады;<br>**Негізгі кезең**<br>Үлгіні талдау барысында дастарқанды салу техникасы мен ою-өрнектерге назар аударады.<br>Алдымен дастарқанның суретін салып аламыз. Дастарқан қандай геометриялық пішінге ұқсас? Дастарқанды бір түсті бояумен салайық.<br>Педагог дастарқанды әшекейлеу жолдарын | **Мақсаты:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр– жеңіл», «ауырлау– жеңілірек»;<br>**Негізгі кезең.**<br>1-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Жағдаяттың сипаты бойынша ауыр және жеңіл арқақоржынды анықтап, белгіле.<br>2-тапсырманы педагог түсіндіреді. Балалармен бірге қарбызды теңестіру үшін неше алма салу керектігін анықтайды. Ал енді арқақоржынға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіңдер. Қалай қимылдаймыз? «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта | «Ү» дыбысымен танысамыз. «Ү» дыбысы – дауысты дыбыс. – Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? «Ү» дыбысы балалар «Ұ» дыбысына ұқсайды. Бір-біріне ұқсас ағайынды дыбыстар. Екі дыбыс та – дауысты дыбыстар. «Ү» дыбысының айтылу артикуляциясы мынадай. Ерін алға созылып, түтікшеге ұқсайды тіл, ауыз қысылып ұшы сүйірленіп, жоғары көтеріңкірейді. Дауыс шымылдығы ашық болады. – «Ү» дыбысын, кәне, айнаға қарап айтыңдаршы.<br>"Үтік "сөзіне дыбыстық талдау жасау . – Ү қандай дыбыс? – Т қандай дыбыс? – І қандай дыбыс? – К қандай дыбыс**?**<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз ойлап айт».**<br>**Ойын шарты:** Педагог | екінші бөлігінен басын жасауды көрсетеді; құлақтары, көзі, құйрығын түрлі түсті қағаздардан қиып жапсыруға бағыт береді.<br>**Рефлексия.**<br>**4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Сауысқан мен көкек<br>**кіріктіріл.13.01**<br>Бақыт іздеушілер<br>**Мақсаты:** Балаларға адам бойындағы жақсы қасиеттерді үйрету,әдеп әліппесінің кілтін және әдептілік қасиеттерді бойына сіңіру<br>**Негізгі бөлім**<br>-Балалар бүгінмен сендерге **«Бақыт іздеушілер»** ертегісін оқып беремін.**«Бақыт іздеушілер»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ -жауап:<br>1.Ертегі неге бақыт іздеушілер деп аталған?<br>2.Бай балалары не үшін қызмет жасамақшы болды?<br>3. Кіші баласы не іздеуге шығады?<br>4. Кішкентай жігіт қалай сыналды? | жеңімпаз атанады<br>**Рефлексия**<br>3. **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Біздің аю<br>**Кіріктірілген.14.01**<br>Қоян көжектерімен<br>**Мақсаты:** үңгу, ширату, жымдастыру тәсілдерімен қоянды мүсіндейді;<br>**Негізгі кезең.**<br>Біз бүгінгі оқу қызметімізде әжемізбен бірге көжектерін ертіп серуенге шыққан қоянды мүсіндейміз. Қазір екі топқа бөлініп жұмыс істейміз.<br>І топ. «Қояндар» тобы оң жаққа отырамыз (педагогпен). ІІ топ. «Көжектер» тобы сол жаққа отырамыз (әжеймен). Балалар, қоянның түсі қандай болады?<br>Иә, қыста ақ. Түсі көктемде,қыста маусымға байланысты өзгеріп отырады екен. Ақ түсті ермексаздан І топ үлкендеу, ал ІІ топ кішірек етіп үзіп аламыз да, алақанымызбен домалақтаймыз. Бұл – қоянның басы, ал көжектің басы қоянның басынан кішірек болады (педагог пен әжей қадағалап отырады.) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеді, салып түсіндіреді. Өрнектерді салу жолдарын көрсетеді.<br>Тік төртбұрышты дастарқанның шеттеріне, бұрыштарына, ортасына түрлі түсті «қызғалдақ», «қошқармүйіз» өрнектерін үйлестіре салайық.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша дастарқан – дастархан, ою – орнамент – ornament, өрнек – узор – pattern ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады<br>**Рефлексия**<br>**4. .Орыс тілі**<br>**ТЕМА:** Мои друзья<br>**кірікт.10.01**<br>Домашние животные<br>**Цель:** какие звуки издают домашние животные<br>**Основная часть**<br>Работа в азбуке-тетради Задание №1 – Рассмотри и назови животных. Расскажи, | бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Педагог 3-тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді. Балалар тапсырманы орындайды.<br>**Рефлексия**<br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Қысқы орман<br><br>**Кіріктіріл.11.01**<br>Қысқы түн<br>**Мақсаты:** тұрғын үйлерді жапсырады;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балалардың | әр балаға қалам таратады. Берілген дыбысқа сөз құрап айтады. Кім көп сөз айтса, соның қаламы көп болады. Жұмыс дәптермен жұмыс: дәптердегі № 33 тапсырма орындалады<br>**Рефлексия.**<br>**3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Қар тоқтату жұмысы<br><br>**Кіріктір.12.01**<br>Үй жануарлардың қандай пайдасы бар?<br>**Мақсаты:** үй жануарларының түрлерін атап береді, үй жануарлары мен жабайы аңдардың бір-бірінен ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br>: Суреттерді қарап шығып, үй жануарларын атайды және олардың жабайы аңдардан айырмашылығын табады. Адамдар үй жануарларына қалай күтім жасайды? Балалар «Адамдар үй жануарларын неге | 5. Бақыт іздеушіге алғаш кім кездесті?<br>6. Патшаның тілегі не еді?<br>7. Ағаш түбінде отырған атайдың тілегі қандай?<br>8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Сендер не істер едіңдер?<br>4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету<br>**Рефлексия** | –Енді қоянның денесін жасаймыз, денесі басынан үлкенірек, сәл сопақша пішінге келтіреміз.Тура осы үлгіде көжектің де денесін жасаймыз, бірақ ол кішірек болады. Осы сопақша пішіннің жоғарғы жағынан кескіш көмегімен бас бөлігін орналастыру үшін ойық жасаймыз.<br>**«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны.**<br>**Ойынның шарты**: бастаушы бір сөз айтады, балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.<br>Мен әншімін... (ән айтамын).<br>Ермексазды ширатып үзіп аламыз да, саусақтарымыздың ұшымен соза отырып, кескішпен кесу арқылы қоян мен көжектің аяғын, құйрығын, құлағын жасаймыз. Құйрығы сәл қысқалау болады. Енді басу, жымдастыру, шымшу әдістері арқылы дене бөліктерін біріктіреміз. Кескіш құрал көмегімен аузын, тырнақтарын бедерлейміз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | где они живут.<br>Задание №2<br>–Соедини линией детеныша с его мамой. Назови детенышей.<br>Педагог активизирует речь ребенка вопросами: «Кто это? Как называется детеныш собаки? Где живет?»<br>Педагог показывает на картинке осла, называет: «Это осел. У него длинные уши». Затем показывает на картинке барана, называет его. Это баран. У барана есть шерсть. Это домашние животные. Они живут на скотном дворе.<br>Дети повторяют новые слова и предложения.<br>**П/И «Кто как кричит?» (с мячом)**<br>Цель: научить ребенка узнаватьживотного позвукоподражанию, закрепить и активизировать словарь по теме.<br>Ход:<br>Взрослыйвоспроизводитзвуки,характерные для какого-либо домашнего | назарын үлестірмелі материалдағы «Қысқы түн» сюжетті суретіне аударады.<br>Мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Дұрыс айтасыңдар, балалар, суретте қысқы түн бейнеленген.<br>-Қар жауып тұр. Үйлердің мұржаларынан будақтап түтін шығып жатыр. Аулада балалардың ойнайтын шанасы тұр. Бүгінгі оқу қызметіндегі тапсырма бойынша осы суретке қарап, қысқы айлы түндегі үйлерді қиып жапсырамыз.Балалар үш топқа бөлінеді. Бірінші топ үлкен үйді, екінші топ орташа үйді, үшінші топ кішкене үйдің бөліктерін қиып дайындайды.<br>1-үлгіден қоңыр түсті қағазды қиып аламыз.<br>Үйдің шатырын қиямыз.<br>Үйдің мұржасын, | ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» деген сұраққа жауап іздейді. Неге үйде мысық пен ит ұстайды? Адамдар қандай жануарлардан жүн алады? Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған? Олардың төлдерін қалай атайды?<br>**Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға шақырады** (әліппе-дәптердегі тапсырма): жануарлар терісінің түрлерін зерттеу. (Қой, ешкі мен қоянның терісін салыстырып, үлкейткіш әйнектің көмегімен қарап шығады).<br>**«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады.**<br>Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, | | **Рефлексия**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>Тақырыбы **Тату жанұя** (мүсіндеу) **кірікт.14.01**<br>**Қоңыраугүл** сурет<br>**Мақсаты** «Қоңыраугүл» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлім**<br>Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады.<br>Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады. Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді.<br>Дала гүлдері – далада өсетін гүлдерді айтады.<br>Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады.<br>Бақша гүлдері деп – бақшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады<br>Осы гүлдердің бірі қоңырау гүлді бүгін біз суретін саламыз. Қоңырау гүл деп қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз.<br>Енді осы гүлді салуға кірісейік.<br>Ал қағаз бетіне бірінші жәй |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | животного, и бросает мяч ребенку.<br>«Мяу-мяу», «Гав-гав», «Му-му», «Иго-го», «Иа-иа», «Бе-бе».<br>**Рефлексия** | одан шығып жатқан түтінді қиып аламыз.Үйіміздің бөлшектері дайын болып қалды, енді несі жетпейді?<br>Дұрыс, енді сары түсті қағаздан үйдің терезелерін қиямыз. Педагог балалардың жұмыстарын аралап жүріп көреді, көмектеседі.<br>**Рефлексия**<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы** Себеттегі алма» ойыны<br>**кірік.11.01**<br>Ойнай отырып,ойла<br>**Мақсаты:** . Сан қатарын, санның құрамы туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру<br>**Негізгі кезең**<br>. Есептер шығару.<br>2+3= 3-2=<br>2+1= 3+2=<br>Негізгі бөлім<br>Мақал-мәтел<br>Бір тал кессең он тал ек.<br>Ерке бала екі жылар<br>Санға байланысты мақалдар айтқызуға болады. | гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай. Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?<br>Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады. | | қаламмен гүлдің бейнесін салып алайық.<br>Сосын артынан акварельмен бояймыз.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Санамақ<br>Бір дегенім-баспақ,,<br>Бұзауды жүр бастап.<br>Екі дегенім-ешкі,<br>Ешкі қайдан өсті.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Қалып қойған сандарды тапқызту.<br>**Рефлексия** | Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма?Айырмашылықтары қандай?<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуді ұсынады.** Ойланып, үй жануарларының адамдарға қандай пайда әкелетінін айтып бер. Қарындашпен қоршап сыз. Бұзаудың суретін нүктелер арқылы қос.Оған ат қой.<br>**«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.<br>**рефлексия**<br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы** Қыс қызығы **кірік.12.01**<br>Бұл қай кезде болады?<br>**Мақсаты**: **:** Шығармалардыңэмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br>Негізгі кезең<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс» (Б. Ерзакович)<br>**Ән айту:** «Зырлайды шанамыз» ( М. Маңғытаев)<br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойындар, хороводтар: **«**Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Полька» (А. Филиппенко)<br>**Рефлексия** | | |
| **Серуен:** | | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын**: **«**Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау.<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сырғанау әдісін үйрету. | | | | |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке жұмыс:** | | **Жеке жұмыс:**<br><br>Жұмбақ. Терезеге қонады,<br>Әсем ою ояды.(Аяз).<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Ойын:** «Қасқыр мен аю».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап. | **Жеке жұмыс: «**Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагул, Дильназ)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.<br>**Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:**«Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Медбике кеңесі: «Тұмауға қарсы іс-шара» | Үйде өткен әріптерді қайталату керек | Мектеп ішіндегі ережелерді естен шығармаймыз» тақырыбында Бекарыс, Абдубақыттың тәртібітуралы әңгімелесу. | Сымбатты сурет көрмесіне дайындау. Үйде сурет салып келуді тапсыру. | «Үйдегі бала өміріне зиянды заттар» тақырыбында ата-аналармен  әңгімелесу ( балаларға  ұялы телефоннан аулақ болуды үйрету) |

**Тексерілді ..................**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі .
**Мектепалды даярлық** О  сыныбы
**Қаңтар айы 2022 ж.**
**1V-апта**
**«Ғажайып қыс»**

| **Күн тәртібі** | | **Дүйсенбі 24.01** | **Сейсенбі 25.01** | **Сәрсенбі 26.01** | **Бейсенбі 27.01** | **Жұма 28.01** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.** <br><br> **Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.** | | | | |
| | | **Д/ойын:«Ғажайып қоржын»** <br> **Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <br> **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д\ойын«Бұл қай кезде болады»** <br> **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. <br> **Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет | **Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»** <br> **Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. <br> **Қажетті құралдар:** Цифрлар бала санына | **Д/ойын:«Қателесіп қалма?».** <br> **Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. <br> **Қажетті құралдар:** текше | **Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр».** <br> **Мақсаты**: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. <br> **Ойынның ережелері.** Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда  ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Жер-Ана, <br> сағанмыңалғыс, <br> Сыйлайсыңбізгеқуаныш <br> . | Көк аспанда <br> күнкүлсін, <br> Бірге күлсін <br> бүлдіршін. | Күндей жадырап, <br> Айдай арайлап, <br> Жұлдыздай жарқырап, <br> Судай мөлдір таза көңілмен | Жарқырап,күн де <br> ашылды <br> Айналаға гүл шашылды. <br> Қайырлы күн! Біз көңілді | Армысың шапағатты <br> Күн-Ана! <br> Армысың <br> қайырымды Аспан- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да! | Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. | Бүгінгі күнді бастайық. | баламыз!<br>Қайырлыкүн!<br>Бізсүйкімдібаламыз | Ана!<br>Армысың мейірімді Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Байқоңыр<br>**Мақсаты:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі – 30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br>**Негізгі кезең**<br>Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Шаңғымен жүру<br>**Мақсаты:** «көз-қол» түзету жаттығуларын, бір-бірінің артынан шаңғы жолымен дұрыс сырғып жүруді.<br>**Негізгі кезең**<br>Шаңғышының қимылына зейін аудару.<br>**«Дегелек» жаттығуы.**<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұру. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.Шаңғы жолымен сырғыта | 1.**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Сезім мүшелері<br><br>**Кіріктір.12.01**<br>Мұрын.тыныс алу және иіс сезу мүшелері<br>**Мақсаты:** мұрын және тыныс алуға арналған жаттығуларды,иіс сезу мүшесін күтуді.<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп отыр.<br>Түсі бар көрінбейтін,<br>Біртұтас бөлінбейтін.<br>Тынысы ол тіршіліктің,<br>Ешқашан жерінбейтін. (Ауа)<br>Балалар жұмбақ шешуін табады. Дұрыс айтасыңдар жұмбақтың шешуі – ауа.<br>– Адам ұдайы ауамен | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Л дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Лаққа көмек көрсет. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз. Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады<br>Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды. Педагог лақ сөзін айтқызып, бірінші естілген дыбысты қайталатады. Суреттен Л дыбысы естілетін сөздерді тауып, оларды | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Бірлігіміз жарасқан<br>**Мақсаты** балаларға «бірлік» ұғымы,оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру<br>**Негізгі кезең**<br>Әңгімелеу «Құмырсқа» М.Байділданов. Құмырсқа өз достарының қадірін қалай түсінеді? Құмырсқалар бірліктерін қалай танытты?<br>Ойын «Бесінші артық»<br>Төрт орындық қойып ойынға бес бала қатысады.Әуен ойнағанда балалар орындық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс- әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br>«Ержүректілікке жаттықтыру»<br>«Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.<br>Тепе-теңдік: Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал | аттап, бірінің артынан бірі үру.Шаңғымен қозғалыста жылдамдық дұрыс қадам аттағаны мен қадамдар жиілігіне тікелей байланысты екендігіне басты назар аударту.<br>**Қимыл-қозғалыс** ойыны: «Алшақ бас!». *Нұсқау* – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады.<br>**Рефлексия**<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Бүтін және бөлік | тыныс алады (үйде, мектепте, ұйықтап жатқанда). Тек адам ғана емес, жануарлар да, құстар да, өсімдіктер де, ауамен тыныс алады. Ауа мұрын арқылы өтеді. Балалар бәріміз бірге мынадай ойын жаттығуын жасайық.<br>Дидактикалық ойын:**«Әдемі гүл»**<br>Шарты: топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой, балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» – деп сұрақ қояды.<br>– Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсысын жерден жинап иіскеп және алған гүлдің түсін атауларың керек. (Иісі ұнаған гүлін гүл салғыш құмыраға салады).<br>**Рефлексия**<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Л дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, | атайды. Балалар жолды саусақтың ұшымен сызып, сосын ауада жазып қайталайды. Педагог Л үнді дауыссыз дыбыс екендігін айтады. Л дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында кездесетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі. Л дыбысының айтылуын түсіндіреді (Л дыбысын айтқанда тіліміз тісімізге тиіп дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұрады).<br>2-тапсырма Балалар сызба арқылы Л дыбысының орнын анықтайды. Тиісті суретпен сәйкестендіреді. 3-тапсырма 1.Сен дайындық сыныбына неше жасында келдің? Сыныпта кімнің есімінде Л дыбысы бар? Балалар әліппе-дәптерде берілген санды белгілейді, сыныпта Л дыбысы бар есімдері балаларды атайды.<br>**Рефлексия**<br>**2..Музыка**<br>**Тақырыбы**: Қыс келді<br>**Мақсаты** Музыканы | тарды айнала жүреді.Әуен тоқтағанда орындыққа отырулары керек.Қалған баланы алдарына отырғызады.Осылай ойын бір орындық қалғанша жалғаса береді.Бұл ойын бірлікке татулыққа тәрбиелейді.<br>Дәптермен жұмыс Суретті бояп әңгімелеп беріңдер.<br>Ғажайып сөздер үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.-Бірлік бар жерде қуаныш бар.<br>**Рефлексия**<br>2. Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы** Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды<br>**Негізгі кезең**<br>Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі.<br>**Рефлексия**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Су торғайы<br>**Мақсаты:** әңгіменің тақырыбын және авторын біледі, мазмұнын түсініп сұраққа жауап береді;<br>**Негізгі бөлім**<br>Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды.<br>Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.<br>Әңгімені мәнерлеп оқиды.<br>«Су торғайы»<br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен | **Мақсаты** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды біледі<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог: бірінші дорбаға 2 алма, екінші дорбаға 3 саңырауқұлақ салыңдар.<br>Бірінші дорбада не жатқанын тексеріңдер.<br>Екінші дорбада не жатқанын тексеріңдер.<br>Барлығын бір үлкен дорбаға біріктіріп салыңдар.<br>Заттармен не істедіңдер?<br>*(Жинадық, салдық, бір үлкен дорбаға біріктірдік.)*<br>Тағы бір рет қайталаймыз:<br>Бірінші дорбада не жатты? *(2 алма.)* Бұл – бірінші бөлік.<br>Екінші дорбада не жатты? *(3 саңырауқұлақ.)* Бұл– екінші бөлік.<br>Біз не істедік?<br>*(Барлығын біртұтас етіп біріктірдік).*<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға | дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Лаққа көмек көрсет. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз.<br>Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады<br>Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды.<br>Педагог лақ сөзін айтқызып, бірінші естілген дыбысты қайталатады.<br>Суреттен Л дыбысы естілетін сөздерді тауып, оларды атайды. Балалар жолды саусақтың ұшымен сызып, сосын ауада жазып қайталайды. Педагог Л үнді дауыссыз дыбыс екендігін айтады. Л дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында кездесетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі. Л дыбысының айтылуын түсіндіреді (Л дыбысын айтқанда тіліміз тісімізге тиіп дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұрады).<br>2-тапсырма Балалар сызба арқылы Л дыбысының орнын анықтайды. Тиісті суретпен сәйкестендіреді.<br>3-тапсырма 1.Сен дайындық сыныбына неше | тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай)<br>Ән айту:<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>«Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Рефлексия**<br>**3. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Байланыс құралдары **кіріктір. 16.12**<br>Арнайы көліктер.Жүк және жолаушы көліктер<br>**Мақсаты:** көлік түрлерін ажыратады, олардың атқаратын қызметін айтып береді;<br>**Негізгі кезең**<br>Мынау қандай мәшине?<br>Өрт сөндіргіш мәшине.<br>Ол не істейді?<br>Өрт сөндіреді. | «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Жақсы бала ол анық,<br>Істемейді шалалық.<br>Тап-таза боп жуынып,<br>Алады ол таранып.<br>Сұрақ жауап:<br>Өлең қалай аталады, не туралы айтылған?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз?<br>Жаман бала деп кімді айтамыз? - Сен қандай бала болғың келеді?<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретте не бейнеленген?<br>Кімді көріп тұрсыңдар?<br>Баланың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жақсы баланың әрекетін айтып көр |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз.<br>Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады.<br>Бұл қандай ғажап құс! Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.<br>1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы?<br>3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан | болады? *(Біріктіру арқылы.)*<br>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. 1-тапсырманы педагог балалармен бірге орындайды.<br>2-тапсырма. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізіп, қоршауды ұсынады<br>**Рефлексия**<br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты** өздеріне ұнаған ойыншықтарды<br>**Негізгі бөлім**<br>«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгімелеседі.<br>Ең сүйікті ойыншығың не?<br>Неге ең сүйікті?<br>Сипаттап бер?<br>Ойыншықты қалай ұстайсыңдар?<br>Енді үлгі дәптерге сүйене отырып, жапсыру жұмысын бастаймыз. Бірінші, өзімізге ұнаған | жасыңда келдің? Сыныпта кімнің есімінде Л дыбысы бар? Балалар әліппе-дәптерде берілген санды белгілейді, сыныпта Л дыбысы бар есімдері балаларды атайды.<br>**Рефлексия**<br>3.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Әтеш қай кезде шақырады?<br>Мақсаты: үй құстарының бірнеше түрін атап береді<br>Негізгі кезең<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: Суреттерді қарап шығып, ондақандай құстар бейнеленгенін атап беруді сұрайды. Өзге құстардан айырмашылығы қандай? Балапандар қалай аталады?<br>Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды.<br>Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды.<br>Балапандарды: балапан, | Мынау қандай мәшине?<br>Жедел жәрдем мәшинесі.<br>Ол қандай қызмет көрсетеді?<br>Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.<br>Мына мәшине қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған?<br>Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап болған адамдарды апаттан құтқарады. («ТЖ» мәшинесі).<br>Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады.<br>Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады?<br>Дәрі-дәрмек, оттегі толтырылған баллон т.б.<br>Ал мына суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Түйеге, атқа жүк артқан адамдар көшіп барады. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы ертеде көшпенді халық болған. Олар жазда жайлауға, қыста қыстауға | **Есіңе сақта:**<br>«Болғың келсе жақсы адам,<br>Жақсылық жаса әрқашан».<br>**Рефлексия**<br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Жіп орамымен ойнаған мысық<br>**Мақсаты** мысықтың дене мүшелері мен жіп орамын жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Тақтамен жұмыс:тақтада мысықтың жіп орамымен ойнап жүрген сурет ілініп тұр.<br>Мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Мысық немен ойнап жүр?<br>Бізге қонаққа келген мысықтың да домалақ жібі бар екен.<br>Жібінің түсі қандай екен?<br>Мысықтың түрі қандай?<br>Балалар, бізге қонаққа келген мысыққа ермексаздан неше түрлі домалақ жіп |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | табады?<br>Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей<br>Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады<br>**Рефлексия**<br><br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы<br>**Мақсаты:** жыл мезгілінің ерекшеліктерін анықтап, қағаз **бетіне түсіре алады;**<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, енді осы қыстағы жапырақсыз ағашты қағаз бетіне түсіріп көрейік.<br>Ағаш суретін салудың жолдары түсіндіріледі.<br>Педагог ағаштардың түрлері туралы сұрайды. Аққайың ағашының ерекшелігін атап өтеді.<br>Ағаштың діңі ұзынша, төменгі бөлігі жуандау, жоғарыға қарай жіңішкере бастайды.<br>Бұтақтары ағашқа көлденең және ұштары жоғарыдан төмен қарай иіліп тұрады. | ойыншықты таңдап аламыз. Аю, доп, мәшине – кім нені ұнатады.<br>Балаларды 3 топқа бөледі. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br>Педагог осы қиып алған бөліктерді 54-беттегі орындарына рет-ретімен қалай орналастыру керектігін көрсетеді.<br>**Рефлексия**<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы**<br>Математикалық әзіл есептер<br>**Мақсаты:** Әзіл есептерді шығарта отырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдысын қалыптастыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Математикалық әзіл есептер:<br>1. Жанып тұрған төрт майшамның екеуі сөніп<br>қалды. Сонда неше май<br>шам қалды?<br>2. Далада тұр екі ешкі, | үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады.<br>Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды.<br>Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды.<br>Балалар бөлінген бөліктерден әтеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.<br>**Әліппе-дәптерлегі** суретті негізге ала отырып, тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Қауырсынның қасиеттерін анықтайды... (тығыз, қатты, үлкен). Бұл қауырсын жеңіл ма, ауыр ма?<br>Салыстыру үшін балалар бір қолына қауырсынды, екінші қолына тас салады (жеңіл екен). Жоғары қарай лақтырады. Қауырсын жерге айналып, асықпай қалықтап түседі.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс** | көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан.<br>Сендер тағы қандай арнайы көліктерді білесіңдер?<br>Кран, жүк көлігі т.б.<br>Олардың ең басты қызметі қандай?<br>Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.<br>Автобус, пойыз, ұшақ, кеме – бұлар не?<br>–Көліктер.<br>Бұлардың ортақ атауын табыңдар.<br>Жолаушылар көлігі.<br>«Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны.<br>Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек.<br>Көше, жол, жүреді, мәшине.<br>**Рефлексия**<br>**4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Білгір адам<br>**Мақсаты:** Осыған дейін өткен іс-әрекеттерін қайталау,пысықтау арқылы<br>білімдерін түйіндеп,сапасына көз жеткізу<br>**Негізгі бөлім** | жасап берейік.<br>Педагог мысықтың жасалу жолына балалардың назарын аударып, көрсете отырып түсіндіреді:<br>Ермексазды жұмсартып, мысықтың денесін сопақша пішінде жасайды.<br>Кішкене домалақ пішіннен басын жасап,денесіне орналастырады.<br>Төрт кішкене бөлікті сопақша пішінде есіп, аяқтарының пішінін келтіреді.<br>Бір кішкене бөлігінен есу арқылы құйрығын дайындап, денесіне біріктіреді.<br>Шымшу арқылы құлақтарын шығарады.<br>Басқа түсті ермексаздан көзін, мұртын, аузын жасайды, басына орналастырады.<br>Дайын болған мысыққа жіп орамын жасаймыз.<br>Түрлі түсті ермексаздан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қолдарымен ауада сызып көрсетеді. Қағаз бетіне сызып салып көрсетеді немесе үлгі суретті, демонстрациялық материалды талдау арқылы түсіндіреді. Балалар сурет салуға кіріседі, олардың жұмысына педагог бақылау мен басшылық жасайды.<br>**Рефлексия**<br><br>**4. .Орыс тілі**<br>**ТЕМА** Домашние птицы<br>**Цель**: названия домашних птиц и их детенышей<br>**Основная часть**<br>Задание №1<br>– Рассмотри картинку. Назови, кто на ней изображен. Где они живут? Дети рассматривают картинку, называют знакомых птиц: курица, петух.<br>Педагог показывает и называет: «Это индюк. Это утка. Это гусь. Это домашние птицы. Они живут на птичьем дворе». | Қорада тұр екі ешкі,<br>Екі ешкі мен екі ешкі,<br>Болады барлығы неше ешкі?<br>3. Табақта он алма, Данияр алды 7 алма. Еңілік алды 2 алма, Сонда қалды неше алма?<br>4. Көлден ұшты жеті қаз,<br>Қайтып қонды екі қаз.<br>Қонбады оның нешеуі?<br>Қане, кім тез табады?<br>**Рефлексия** | **істеуді ұсынады.** Өзің зерттеген қауырсынның суретін сал.<br>**«Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады).**<br>Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді.<br>**Рефлексия**<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы**: Қыс келді<br>**Мақсаты** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай)<br>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>«Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер:«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:** | .«Білгір адам»ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ -жауап:<br>1.Ертегі неге білгір адам деп аталған?<br>2.Білгір адам баласына қандай ақыл айтады?<br>3. Баласы әкесінің ақылын не үшін сынамақшы болды?<br>4. Ол байдан не үшін қарызға ақша алмақшы болды?<br>5. Әйеліне қандай шындықты айтты?<br>6. Әйелі не үшін шындықты айтып қойды?<br>7. Оны хан не үшін жазамалақшы болды?<br>8. Ертегі қалай аяқталды?<br>9. Ханның баласы қалай аман қалды?<br>**Рефлексия** | балалар өз қалауы бойынша дайындайды.Жіп орамын арқан сияқты есіп,орайды.Мысықтың екі аяғынан арасына қондырады<br>**Рефлексия**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>Тақырыбы **Қояндар** бүктеу.<br>**Мақсаты** Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету<br>**Негізгі бөлім**<br>-Балалар қандай жабайы жануарлар түрлерін білесіңдер?<br>-Аңдар қайда мекен етеді?<br>- Қоян туралы кім тақпақ біледі?<br>- Қоянның төлінің атауы қандай?<br>Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дети закрепляют новые слова, повторяют хором и индивидуально: Это индюк. Это утка. Это гусь. Это домашние птицы. Они живут на птичьем дворе.<br>Р/Игра «Один – много»<br>Педагог напоминает правило образования множественного числа.<br>петух – петухи<br>курица – курицы<br>цыпленок – цыплята<br>гусь – гуси<br>гусенок – гусята утка – утки утенок – утята<br>**Рефлексия** | | «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Рефлексия** | | Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br>**Рефлексия** |
| **Серуен:** | | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.<br>Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. | **Бақылау:** Мұздақты бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар бірігe отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге үйрету.<br>Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ.(Бұлт<br>**Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. | Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр.<br>**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. | | | . |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Дербес ойындар**<br><br>**Жеке баламен жұмыс** | | **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату"<br>Отқа жанбас,<br>Суға батпас" (**мұз**)<br>**Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату.<br>Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** **«**Қазан».<br>**Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру.<br>Балалардың көңілдерін көтеру | **Ойын:** «Тышқан мен мысық».<br>**Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету | **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Жеке жұмыс:**<br>Балалардың көңілдерін көтеру<br>**Қим.ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту | **Жеке жұмыс:**<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br><br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | | «Сау, болыңдар» «Балаңызды тыңдай білесіз бе?» әңгімеге ата-ананы тарту. | «Сау, болыңдар» « Сабаққа кешікпейміз» ата-аналарды ескерту. Балалардың еркін ойындары. | «Сау, болыңдар» «Үйдегі балаңыздың тәртібі» ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес: «Үйде жалғыз қалғанда» Қауіпсіздік ережелері | «Сау, болыңдар» «Демалысты қызықты өткізіңіз» ұсыныс. Балалардың еркін ойындары. |

**Тексерілді.......................**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы** : Қарсақ бастауыш мектебі .
**Мектепалды даярлық** О  сыныбы
**1V-апта**
**«Ғажайып қыс»**

| **Күн тәртібі** | | **Дүйсенбі 24.01** | **Сейсенбі 25.01** | **Сәрсенбі 26.01** | **Бейсенбі 27.01** | **Жұма 28.01** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңд** | | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ер ме, балалар!» Балаларды қабылдау,тексеру,Ойындар.**<br><br>**Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | | **Д/ойын:«Ғажайып қоржын»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br>**қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д\ойын«Бұл қай кезде болады»**<br>**Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін аттату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет | **Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»**<br>**Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау.<br>**Қажетті құралдар:** Цифрлар бала санына | **Д/ойын:«Қателесіп қалма?».**<br>**Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.<br>**Қажетті құралдар:** текше | **Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр».**<br>**Мақсаты**: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br>**Ойынның ережелері.** Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Қуаныш шеңбері!** | | **Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар** | | | | |
| | | Жер-Ана,<br>сағанмыңалғыс,<br>Сыйлайсыңбізгеқуаныш<br>.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да! | Көк аспанда күнкүлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. | Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен<br>Бүгінгі күнді бастайық. | Жарқырап,күн де ашылды<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлыкүн!<br>Бізсүйкімдібаламыз | Армысың шапағатты Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Байқоңыр<br>**Мақсаты:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі – 30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br>**Негізгі кезең**<br>Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру.<br>Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс- әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру. «Қатып қал!» ойын | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Шаңғымен жүру<br>**Мақсаты:** «көз-қол» түзету жаттығуларын, бір-бірінің артынан шаңғы жолымен дұрыс сырғып жүруді.<br>**Негізгі кезең**<br>Шаңғышының қимылына зейін аудару.<br>**«Дегелек» жаттығуы.**<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұру. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.Шаңғы жолымен сырғыта аттап, бірінің артынан бірі уру.Шаңғымен қозғалыста жылдамдық дұрыс қадам аттағаны мен қадамдар жиілігіне тікелей байланысты екендігіне басты назар аударту.<br>**Қимыл-қозғалыс** ойыны: «Алшақ бас!».<br>*Нұсқау* – алшақ адымдар тек аяғымен | 1.**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Мұрын.тыныс алу және иіс сезу мүшелері<br>**Мақсаты:** мұрын және тыныс алуға арналған жаттығуларды,иіс сезу мүшесін күтуді.<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп отыр.<br>Түсі бар көрінбейтін,<br>Біртұтас бөлінбейтін.<br>Тынысы ол тіршіліктің,<br>Ешқашан жерінбейтін. (Ауа)<br>Балалар жұмбақ шешуін табады. Дұрыс айтасыңдар жұмбақтың шешуі – ауа.<br>– Адам ұдайы ауамен тыныс алады (үйде, мектепте, ұйықтап жатқанда). Тек адам ғана емес, жануарлар да, құстар да, өсімдіктер де, ауамен тыныс алады. Ауа мұрын арқылы өтеді. Балалар бәріміз бірге мынадай ойын жаттығуын жасайық. Дидактикалық ойын:**«Әдемі гүл»**<br>Шарты: топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Л дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Лаққа көмек көрсет. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз. Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады<br>Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды. Педагог лақ сөзін айтқызып, бірінші естілген дыбысты қайталатады. Суреттен Л дыбысы естілетін сөздерді тауып, оларды атайды. Балалар жолды саусақтың ұшымен сызып, сосын ауада жазып қайталайды. Педагог Л үнді дауыссыз дыбыс екендігін айтады. Л дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында кездесетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі. Л дыбысының айтылуын түсіндіреді (Л дыбысын | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Бірлігіміз жарасқан<br>**Мақсаты** балаларға «бірлік» ұғымы,оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру<br>**Негізгі кезең**<br>Әңгімелеу<br>«Құмырсқа»<br>М.Байділданов.<br>Құмырсқа өз достарының қадірін қалай түсінеді?<br>Құмырсқалар бірліктерін қалай танытты?<br>Ойын «Бесінші артық»<br>Төрт орындық қойып ойынға бес бала қатысады.Әуен ойнағанда балалар орындық<br>тарды айнала жүреді.Әуен тоқтағанда орындыққа отырулары керек.Қалған баланы алдарына отырғызады.Осылай ойын бір<br>орындық қалғанша жалғаса береді.Бұл ойын<br>бірлікке татулыққа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br> «Ержүректілікке жаттықтыру»<br>«Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.<br>Тепе-теңдік: Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі.<br>**Рефлексия**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Су торғайы<br>**Мақсаты:** әңгіменің | жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады.<br> **Рефлексия**<br>**2.Математика негіздері**<br> **Тақырыбы** Бүтін және бөлік<br>**Мақсаты** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды біледі<br>**Негізгі кезең**<br> Педагог: бірінші дорбаға 2 алма, екінші дорбаға 3 саңырауқұлақ салыңдар.<br>Бірінші дорбада не жатқанын тексеріңдер.<br>Екінші дорбада не жатқанын | шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой, балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» – деп сұрақ қояды.<br>– Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсысын жерден жинап иіскеп және алған гүлдің түсін атауларың керек. (Иісі ұнаған гүлін гүл салғыш құмыраға салады).<br>**Рефлексия**<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Л дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br> 1-тапсырма. Лаққа көмек көрсет. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз. Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады<br> Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды. Педагог лақ сөзін айтқызып, бірінші естілген дыбысты қайталатады. Суреттен Л дыбысы естілетін сөздерді тауып, оларды атайды. Балалар | айтқанда тіліміз тісімізге тиіп дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұрады).<br>2-тапсырма Балалар сызба арқылы Л дыбысының орнын анықтайды. Тиісті суретпен сәйкестендіреді. 3-тапсырма 1.Сен дайындық сыныбына неше жасыңда келдің? Сыныпта кімнің есімінде Л дыбысы бар? Балалар әліппе-дәптерде берілген санды белгілейді, сыныпта Л дыбысы бар есімдері балаларды атайды.<br>**Рефлексия**<br>**2..Музыка**<br>**Тақырыбы**: Қыс келді<br>**Мақсаты** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу<br> **Негізгі кезең**<br> Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай)<br>Ән айту:<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>«Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Музыкалық-ырғақтық | тәрбиелейді.<br>Дәптермен жұмыс<br>Суретті бояп әңгімелеп беріңдер.<br>Ғажайып сөздер үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.-Бірлік бар жерде қуаныш бар.<br>**Рефлексия**<br>2. Көркем әдебиет<br> **Тақырыбы** Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды<br>**Негізгі кезең**<br>Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Жақсы бала ол анық, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тақырыбын және авторын біледі, мазмұнын түсініп сұраққа жауап береді;<br>**Негізгі бөлім**<br>Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды.<br>Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.<br>Әңгімені мәнерлеп оқиды.<br>«Су торғайы»<br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз.<br>Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір | тексеріңдер.<br>Барлығын бір үлкен дорбаға біріктіріп салыңдар.<br>Заттармен не істедіңдер?<br>*(Жинадық, салдық, бір үлкен дорбаға біріктірдік.)*<br>Тағы бір рет қайталаймыз:<br>Бірінші дорбада не жатты? *(2 алма.)* Бұл – бірінші бөлік.<br>Екінші дорбада не жаттты? *(3 саңырауқұлақ.)* Бұл– екінші бөлік.<br>Біз не істедік?<br>*(Барлығын біртұтас етіп біріктірдік).*<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? *(Біріктіру арқылы.)*<br>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. 1-тапсырманы педагог балалармен бірге орындайды.<br>2-тапсырма. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізіп, қоршауды ұсынады | жолды саусақтың ұшымен сызып, сосын ауада жазып қайталайды. Педагог Л үнді дауыссыз дыбыс екендігін айтады. Л дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында кездесетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі. Л дыбысының айтылуын түсіндіреді (Л дыбысын айтқанда тіліміз тісімізге тиіп дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұрады).<br>2-тапсырма Балалар сызба арқылы Л дыбысының орнын анықтайды. Тиісті суретпен сәйкестендіреді.<br>3-тапсырма 1.Сен дайындық сыныбына неше жасыңда келдің? Сыныпта кімнің есімінде Л дыбысы бар? Балалар әліппе-дәптерде берілген санды белгілейді, сыныпта Л дыбысы бар есімдері балаларды атайды.<br>**Рефлексия**<br>3.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Әтеш қай кезде шақырады?<br>Мақсаты: үй құстарының бірнеше түрін атап береді<br>Негізгі кезең<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды. | қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Рефлексия**<br>**3. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**Арнайы көліктер.Жүк және жолаушы көліктер<br>**Мақсаты:** көлік түрлерін ажыратады, олардың атқаратын қызметін айтып береді;<br>**Негізгі кезең**<br>Мынау қандай мәшине?<br>Өрт сөндіргіш мәшине.<br>Ол не істейді?<br>Өрт сөндіреді.<br>Мынау қандай мәшине?<br>Жедел жәрдем мәшинесі.<br>Ол қандай қызмет көрсетеді?<br>Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.<br>Мына мәшине қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған?<br>Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап болған адамдарды апаттан құтқарады. | Істемейді шалалық.<br>Тап-таза боп жуынып,<br>Алады ол таранып.<br>Сұрақ жауап:<br>Өлең қалай аталады, не туралы айтылған?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз?<br>Жаман бала деп кімді айтамыз? - Сен қандай бала болғың келеді?<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретте не бейнеленген?<br>Кімді көріп тұрсыңдар?<br>Баланың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жақсы баланың әрекетін айтып көр<br>**Есіңе сақта:**<br>«Болғың келсе жақсы адам,<br>Жақсылық жаса әрқашан».<br>**Рефлексия**<br>**3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Жіп орамымен ойнаған мысық<br>**Мақсаты** мысықтың дене мүшелері мен жіп орамын жасайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады.<br>Бұл қандай ғажап құс! Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.<br>1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы?<br>3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан табады?<br>Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей<br>Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады<br>**Рефлексия**<br><br>**3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы<br>**Мақсаты:** жыл | **Рефлексия**<br>**3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты** өздеріне ұнаған ойыншықтарды<br>**Негізгі бөлім**<br>«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгімелеседі.<br>Ең сүйікті ойыншығың не?<br>Неге ең сүйікті?<br>Сипаттап бер?<br>Ойыншықты қалай ұстайсыңдар?<br>Енді үлгі дәптерге сүйене отырып, жапсыру жұмысын бастаймыз. Бірінші, өзімізге ұнаған ойыншықты таңдап аламыз. Аю, доп, мәшине – кім нені ұнатады.<br>Балаларды 3 топқа бөледі. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br>Педагог осы қиып алған бөліктерді 54-беттегі орындарына рет-ретімен қалай | Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: Суреттерді қарап шығып, ондақандай құстар бейнеленгенін атап беруді сұрайды. Өзге құстардан айырмашылығы қандай? Балапандар қалай аталады?<br>Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды.<br>Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды.<br>Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады.<br>Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды.<br>Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды.<br>Балалар бөлінген | («ТЖ» мәшинесі).<br>Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады?<br>Дәрі-дәрмек, оттегі толтырылған баллон т.б.<br>Ал мына суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Түйеге, атқа жүк артқан адамдар көшіп барады. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы ертеде көшпенді халық болған. Олар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан.<br>Сендер тағы қандай арнайы көліктерді білесіңдер?<br>Кран, жүк көлігі т.б.<br>Олардың ең басты қызметі қандай?<br>Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.<br>Автобус, пойыз, ұшақ, кеме – бұлар не?<br>–Көліктер.<br>Бұлардың ортақ атауын | **Негізгі кезең**<br>Тақтамен жұмыс:тақтада мысықтың жіп орамымен ойнап жүрген сурет ілініп тұр.<br>Мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Мысық немен ойнап жүр?<br>Бізге қонаққа келген мысықтың да домалақ жібі бар екен.<br>Жібінің түсі қандай екен?<br>Мысықтың түрі қандай?<br>Балалар, бізге қонаққа келген мысыққа ермексаздан неше түрлі домалақ жіп жасап берейік.<br>Педагог мысықтың жасалу жолына балалардың назарын аударып, көрсете отырып түсіндіреді: Ермексазды жұмсартып, мысықтың денесін сопақша пішінде жасайды.<br>Кішкене домалақ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мезгілінің ерекшеліктерін анықтап, қағаз **бетіне түсіре алады;**<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, енді осы қыстағы жапырақсыз ағашты қағаз бетіне түсіріп көрейік.<br>Ағаш суретін салудың жолдары түсіндіріледі. Педагог ағаштардың түрлері туралы сұрайды. Аққайың ағашының ерекшелігін атап өтеді.<br>Ағаштың діңі ұзынша, төменгі бөлігі жуандау, жоғарыға қарай жіңішкере бастайды. Бұтақтары ағашқа көлденең және ұштары жоғарыдан төмен қарай иіліп тұрады. Қолдарымен ауада сызып көрсетеді. Қағаз бетіне сызып салып көрсетеді немесе үлгі суретті, демонстрациялық материалды талдау арқылы түсіндіреді.<br>Балалар сурет салуға кіріседі, олардың жұмысына педагог бақылау мен басшылық жасайды. | орналастыру керектігін көрсетеді.<br>**Рефлексия**<br>**4.Логика**<br>**Тақырыбы**<br>Математикалық әзіл есептер<br>**Мақсаты:** Әзіл есептерді шығарта отырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдысын қалыптастыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Математикалық әзіл есептер:<br>1. Жанып тұрған төрт майшамның екеуі сөніп<br>қалды. Сонда неше май<br>шам қалды?<br>2. Далада тұр екі ешкі,<br>Қорада тұр екі ешкі,<br>Екі ешкі мен екі ешкі,<br>Болады барлығы неше ешкі?<br>3. Табақта он алма, Данияр алды 7 алма. Еңілік алды 2 алма, Сонда қалды неше алма?<br>4. Көлден ұшты жеті қаз,<br>Қайтып қонды екі қаз. | бөліктерден әтеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.<br>**Әліппе-дәптерлегі** суретті негізге ала отырып, тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Қауырсынның қасиеттерін анықтайды... (тығыз, қатты, үлкен). Бұл қауырсын жеңіл ма, ауыр ма?<br>Салыстыру үшін балалар бір қолына қауырсынды, екінші қолына тас салады (жеңіл екен). Жоғары қарай лақтырады. Қауырсын жерге айналып, асықпай қалықтап түседі.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуді ұсынады.** Өзің зерттеген қауырсынның суретін сал.<br>**«Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады).**<br>Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді. | табыңдар.<br>Жолаушылар көлігі.<br>«Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны.<br>Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек.<br>Көше, жол, жүреді, мәшине.<br>**Рефлексия**<br>**4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Білгір адам<br>**Мақсаты:** Осыған дейін өткен іс-әрекеттерін қайталау,пысықтау арқылы<br>білімдерін<br>түйіндеп,сапасына көз жеткізу<br>**Негізгі бөлім**<br>.«Білгір адам»ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ -жауап:<br>1.Ертегі неге білгір адам деп аталған?<br>2.Білгір адам баласына қандай ақыл айтады?<br>3. Баласы әкесінің ақылын не үшін сынамақшы болды?<br>4. Ол байдан не үшін қарызға ақша алмақшы болды? | пішіннен басын жасап,денесіне орналастырады.<br>Төрт кішкене бөлікті сопақша пішінде есіп, аяқтарының пішінін келтіреді.<br>Бір кішкене бөлігінен есу арқылы құйрығын дайындап, денесіне біріктіреді.<br>Шымшу арқылы құлақтарын шығарады.<br>Басқа түсті ермексаздан көзін, мұртын, аузын жасайды, басына орналастырады.<br>Дайын болған мысыққа жіп орамын жасаймыз.<br>Түрлі түсті ермексаздан балалар өз қалауы бойынша дайындайды.Жіп орамын арқан сияқты есіп,орайды.Мысықтың екі аяғынан арасына қондырады<br>**Рефлексия**<br>**4.Өнерлі екен он саусақ**<br>Тақырыбы **Қояндар** бүктеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Рефлексия**<br><br>**4. .Орыс тілі**<br>**ТЕМА** Домашние птицы<br>**Цель**: названия домашних птиц и их детенышей<br>**Основная часть**<br>Задание №1<br>– Рассмотри картинку. Назови, кто на ней изображен. Где они живут? Дети рассматривают картинку, называют знакомых птиц: курица, петух.<br>Педагог показывает и называет: «Это индюк. Это утка. Это гусь. Это домашние птицы. Они живут на птичьем дворе».<br>Дети закрепляют новые слова, повторяют хором и индивидуально: Это индюк. Это утка. Это гусь. Это домашние птицы. Они живут на птичьем дворе.<br>Р/Игра «Один – много»<br>Педагог напоминает правило образования множественного числа.<br>петух – петухи | Қонбады оның нешеуі?<br>Қане, кім тез табады?<br>**Рефлексия** | **Рефлексия**<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы**: Қыс келді<br>**Мақсаты** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай)<br>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>«Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер:«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Рефлексия** | 5. Әйеліне қандай шындықты айтты?<br>6. Әйелі не үшін шындықты айтып қойды?<br>7. Оны хан не үшін жазамалақшы болды?<br>8. Ертегі қалай аяқталды?<br>9. Ханның баласы қалай аман қалды?<br>**Рефлексия** | **Мақсаты** Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету<br>**Негізгі бөлім**<br>-Балалар қандай жабайы жануарлар түрлерін білесіңдер?<br>-Аңдар қайда мекен етеді?<br>- Қоян туралы кім тақпақ біледі?<br>- Қоянның төлінің атауы қандай?<br>Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз.<br>Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | курица – курицы<br>цыпленок – цыплята<br>гусь – гуси<br>гусенок – гусята утка –<br>утки утенок – утята<br>**Рефлексия** | | | | |
| **Серуен:** | | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.<br>Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ.(Бұлт<br>**Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр.<br>**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын:** «Тышқан мен мысық».<br>**Мақсаты:**<br>Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Бақылау:** Мұздақты бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.<br>**Жеке жұмыс:** Жұмбақ атттату“<br>Отқа жанбас,<br>Суға батпас” (**мұз**)<br>**Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату<br>арқылы сөздік қорын молату.<br>Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын: «**Қазан».<br>**Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру.<br>Балалардың көңілдерін көтеру. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар бірігe отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br><br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек». |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту.<br>**Қим.ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту. | үйрету. | | | **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу.** | | Кииімдерін өз шкафтарына орналастыру .тәртіппен өз орнына ортыру. | | | | |
| **Жеке жұмыс** | | Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады | Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не? | «Ғажайып қапшық» ойын арқылы сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байытады | қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. | «Атын атап бер» ойыны арқылы түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытады |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | «Сау, болыңдар»<br>«Балаңызды тыңдай білесіз бе?» әңгімеге ата-ананы тарту. | «Сау, болыңдар»<br>« Сабаққа кешікпейміз» ата-аналарды ескерту.<br>Балалардың еркін ойындары. | «Сау, болыңдар»<br>«Үйдегі балаңыздың тәртібі» ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Үйде жалғыз қалғанда»<br>Қауіпсіздік ережелері | «Сау, болыңдар»<br>«Демалысты қызықты өткізіңіз» ұсыныс.<br>Балалардың еркін ойындары. |

**Тексерілді.......................**

# Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

**(28.02-04.03.2022 ж)**

***Ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»***

| *Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі 28.02* | *Сейсенбі 01.03* | *Сәрсенбі 02.03* | *Бейсенбі 03.03* | *Жұма 04.03* |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеп тұрған таңғы радио:**<br>***«Нұр төккен,гүл көктем»***<br>жайлы әңгімелесу<br>Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** ***«Дала гүлдерін білесің бе?»***<br>**Көрнекілігі:** көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер.<br>**Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру.**<br>**Технология:**ақпараттық<br>**Интеграция:** қатынас, Шығармашылық.<br>**Қостілділік:** көктем –весна,<br>**Барысы:** Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау<br>**Мақал-мәтел**: Бір ағаш кессең,жүз ағаш отырғыз<br>**Сергіту сәті:** Әуен қойылады. Балалар ілесіп, қимылдар жасайды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Көктем мезгіліндегі | **Үстел үсті театр ойыны:**<br>***Ерішектер:***<br>Тық-тық, тық-тық,<br>Тұр орыннан бас бармақ,<br>Балң үйрек сен де тұр,<br>Ортан терек, сен де тұр,<br>Шылдыр шүмек сен де тұр,<br>Титтей бөбек қане тұр,<br>Саусақтарым, ал жүгір. | **Ойын– жаттығу:**<br>**Ойын:«Гүлдерді күтеміз»**<br>Фотосуреттер қарау.<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету.<br>Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әнгімелету.<br>**Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю. | **« Сәлем жаңа күн»**<br>**Д/ойын :** «Жанды және жансыз табиғатты ажырат».<br>Жер,су,ауа.<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру.<br>Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>Балықтарға жем шашу | **«Табиғат мінезі»**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**«Көктем көрінісі»**<br>**Мақсаты:** көктем мезгілінің ерекшелігін білу.<br>**Шарты:** суретке қарап әңгімелеу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** Кезекшілікті ұйымдастыру<br>Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктердің тіршілігі туралы;<br>**Меңгереді:** өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туарлы білімдерін қалыптастыру | | | | |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Шаттық шеңбері Жаттығу** | **Психомоторлық жаттығу:**<br>*Тәулік бойы тынбайтын,*<br>*Болайықшы ақ жаңбыр.*<br>*(Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)*<br>*Астан-кестен жауатын,*<br>*Өткінші енді біз жаңбыр.*<br>*(Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)* | **Психомоторлық жаттығу:**<br>*Әппақ болып таң атты,*<br>*Түтін тіке шығады.*<br>*Қарлығаштар қанатын*<br>*Самғап биік ұшады.* | **Психомоторлық жаттығу:**<br>*Көркемдеген жер-көкті,*<br>*Көктем қандай тамаша!*<br>*Жерге әкеліп төсепті*<br>*Алуан гүлді алаша.* | **Психомоторлық жаттығу:**<br>*Сылдырлайды мөлдір су,*<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.* | **Психомоторлық жаттығу:**<br>*Күндей жадырап,*<br>*Айдай арайлап,*<br>*Жұлдыздай жадырап,*<br>*Судай таза көңілмен,*<br>*Бүгінгі күнімізді бастайық* |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1. .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Мерген<br>**Мақсаты:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті таркатуға арналған арнайы жаттығулар орындайды<br>**Негізгі кезең**<br>«Тепе-теңдікті сақтауға жаттығамыз!»<br>Жоғары жағы 40 см көтерілген көлбеу тақтайға жүгіріп шығып-түседі.<br>Бірінші көлбеу тақтаймен төменнен жоғары карай жүгіріп шығып, екінші тақтайдан биіктен төменге қарай жүгіріп түседі.<br>Командаға қайтып келеді.<br>**«Мергендер», «Таяқтастау»** (нысанаға дәл тигіз).<br>метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.<br>Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.<br>**Рефлексия** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Аңшылар<br>**Мақсаты** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті таркатуға арналған арнайы жаттығулар орындайды<br>**Негізгі кезең**<br>«Аңшылар із кеседі» – жерге жорғалау мен таяқты әртүрлі қалыпта ұстап жүру, жүгірумен алмастыру. 3 тізбекке қайта сап түзеу. Аң ізімен келе жатқан аңшының қимылдарын жасайды. Дала кезіп жүгіреді. Тынысын қалыпқа келтіреді де, әртүрлі қимылдарды Педагогтің нұсқауымен орындайды. Қысқа найзаларын (таяқтарды) алып, жаттығулар жасайды.<br>Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру. Педагогтің айтқандарын<br>бұлжытпай орындауға тырысады. Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын түзу ұстауға тырысады. Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Қыстаудағы ойындар<br>**Мақсаты:** биіктігі 60 см модульдерден жығыла асып өту, құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар **жасайды.**<br>**Негізгі кезең**<br>Сырықтар жерде жатыр.<br>Қол жаттығуларын орындай отырып, шеңбер бойымен «құрықтарды» аттап жүру.<br>3-4 баладан жүруге болады.<br>Аяқты саннан 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідіріспен тыныс алып жүгіру.<br>Негізгі жаттығуларды орындау үшін 4 тізбекке сапқа тұру.<br>Ұзын ағашпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.<br>Өз қимылын басқа балалармен үйлестіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, жаттығулар кешені біткенше арқаны тік ұстауға тырысады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Лақтыр-қағып ал». (10 рет) | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Д дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратады. Д дыбысы – дауыссыз дыбыс, д дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Сурет бойынша балалар сұраққа жауап беріп, әңгіме құрайды. Балалар қайда ойнады? Сызба бойынша үш сөзден тұратын сөйлем құрайды. Балалар немен ойнады? Сызба бойынша үш сөзден сұратын сөйлем құрайды. Доптың пішіні қандай?<br>2-тапсырма. Суреттегі ойын құралдарын атайын айтады. Дартс, доп, домино<br>Ойын құралдарының атауын түсіндіріп, ойынның қалай ойналатынын қысқаша көрсетеді. Ойын құралдарының атауын буынға бөледі. 3-тапсырма. Д әрпін бейнелейміз. Педагог балаларға түрлі пішіндер қимасын таратып береді. Балалар түрлі | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Достық көмек<br>**Мақсаты** балаларға достық құндылығы туралы түсінік алады<br>**Негізгі кезең**<br>Балалармен бірге Е.Өтетілеуұлының «Достармен біргемін» өлеңін айту.<br>Әңгімелесу<br>«Досыңа көмектесу» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Ойын «Көпір»<br>Еденге бормен екі сызық сызылады.ол-көпір.Бір-біріне қарама-карсы екі бала құлатпай өткізіп,орындарын ауыстырады. көмектесіп жағаға келулері керек.<br>Дәптермен жұмыс<br>-Суреттен кімге қандай көмек қажет екен<br>дігін тауып достардың өзара көмегі туралы әңгімелеп беріңдер.<br>Өзіммен-өзім<br>Үнтаспадан әдемі әуен естіледі.Балалар жайғасып өз достары туралы көз алдарына елестетеді.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасауға дайындалады .<br>«Ең епті аңшы кім екен?»<br>Аяқтарын саннан 90°-қа жоғары көтеріп таяқшалардан тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеді.<br>Таяқшаларды оңынан-солынан айналып жүгіріп өтеді.<br>Таяқшаларды баспай,<br>бірақ жақын жүгіруге тырысады<br>**Рефлексия** | Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.<br>Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.<br>**Рефлексия** | пішіндерден Д әрпінің баспа түріне қарап отырып, әріпті бейнелейді.<br>**Рефлексия** | |

## Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
## *«Допты қуып жет»*

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)







**Ойын: *«Допты қуып жет»***
**Мақсаты:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
**Ойынның шарты:**
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Кеме<br>**Мақсаты:** Жұмбақ шешті, өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап берді, суретке қарап өлеңді жаттап алады | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Заттар тобын салыстыру және санайды<br>**Мақсаты** арақатынастарды белгілейтін сөздерді айтады: | **2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Д дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін | **2..Музыка**<br>**Тақырыбы**: Менің туыстарым»<br>**Мақсаты** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Бір уыс мақта (әңгіме)<br>**Мақсаты** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Негізгі бөлім**<br>Бағдаршам не істейді?<br>Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді. Дәптердегі тапсырманы орындау.<br>Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз.<br>Педагог жүк мәшинесін көрсетіп, әңгімеледеді.<br>Мынау қандай мәшине?<br>Жүк мәшинесі не тасиды?<br>Мәшиненің қорабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар.<br>Мәшинені кім жүргізеді?<br>Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады.<br>Кемелер жүзу үшін не керек?<br>Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді.<br>Кеме не үшін керек?<br>Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңімен танысамыз<br>Міне, Кеме, Мінем, Мен де.<br>Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын.<br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.<br>Кемемізді жағалаулар шақырады.<br>Өлең не туралы?<br>Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр?<br>Алыс шалғайда не көрінеді?<br>Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар.<br>Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды?<br>**Рефлексия** | «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет<br>Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Педагог ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар.<br>4 саны жазылған карточканы қоямыз.<br>Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3)<br>Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ?<br>Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз.<br>Неше шырша бар? (5).<br>Неше саңырауқұлақ бар? (6)<br>Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады.<br>**Рефлексия** | ажыратады. Д дыбысы – дауыссыз дыбыс, д дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Сурет бойынша балалар сұраққа жауап беріп, әңгіме құрайды. Балалар қайда ойнады? Сызба бойынша үш сөзден тұратын сөйлем құрайды. Балалар немен ойнады? Сызба бойынша үш сөзден сұратын сөйлем құрайды. Доптың пішіні қандай?<br>2-тапсырма. Суреттегі ойын құралдарын атайын айтады. Дартс, доп, домино<br>Ойын құралдарының атауын түсіндіріп, ойынның қалай ойналатынын қысқаша көрсетеді. Ойын құралдарының атауын буынға бөледі. 3-тапсырма. Д әрпін бейнелейміз. Педагог балаларға түрлі пішіндер қимасын таратып береді. Балалар түрлі пішіндерден Д әрпінің баспа түріне қарап отырып, әріпті бейнелейді. .<br>**Рефлексия** | аспапта ойнауға дағдыланады<br>**Негізгі кезең**<br>ка тыңдау:<br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Тырналар биі» (Д. Абиров)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Рефлексия** | әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>«Өзі аппақ кардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Кішкентай қыз не істеп отырды?<br>Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды?<br>Оны не алып кетті?<br>Анасы оған не деді?<br>Әңгімені қалай аяқтауға болады?<br>**Рефлексия** |

## Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

| | | |
|---|---|---|
| **Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**<br>**Шегіртке.**<br>Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,<br>Ән саламын ш-шырылдап:<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>Жоқ тұрақты мекенім,<br>Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)<br>**Қоңыз.**<br>Тым қатулы кескіні,<br>Жақтырмаймын ешкімді,<br>Үлкен қара қоңыздың<br>Дауысы алыстан естілді:<br>-ж-ж-ж-ж-ж<br>Мұндай сұмдық бола ма?<br>Келе салып сонаға |  | **Ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>**Ойынның шарты:**Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>**Ұсыныс**: **Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге<br>Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»<br>-ж-ж-ж-ж-ж<br>Көбелек пен инелік<br>Қалды тіптен именіп.<br>Мұңды әуен басталды<br>Шегірткеміз күйзеліп:<br>-ш-ш-ш-ш<br>Ызылдады ара да:<br>-з-з-з-з-з<br>Ызылдады маса да:<br>-з-з-з-з-з<br>Ал өрмекші үн түнсіз<br>Жасырынды тасаға<br>«Тыныштықты бүгінгі<br>Келді дағы бүлдірді»-<br>Деп қоңызға құмырсқа<br>Өз ренішін білдірді.<br>Ал қоңызға бәрібір,<br>Айтатыны: «Ары ж-ж-жүр!»<br>Жанында еш досы жоқ,<br>Гүж-гүж етіп әлі жүр.<br>(Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>3. Сурет салу<br>Тақырыбы Қаршақыздың сүйікті достары: мысық, күшік<br>Мақсаты: өзінің қалауынша мысық пен қоян суретін салады;<br>Негізгі кезең<br>Жағдаятты сомдау: Балаларға қонаққа Қаршақыз келеді. Ол өте көңілсіз еді, себебі өзіне серік болатын достарынан адасып қалған екен.<br>Балалар, Қаршақыздың достары кім екенін білесіңдер ме? Қаршақызға қалай көмектессек екен, мүмкін достарын табуға көмектесерміз?!<br>Балалар, алдымыздағы үлгі суретке назар салайықшы, онда Ақшақардың достары бейнеленген.<br>Енді осы Қаршақыздың достарын – қоян мен мысықтың суретін салайық. Демонстрациялық материалда берілген үлгі суретке қарап талдау жасай отырып, суретті салу реті түсіндіріледі.</td>
<td>3. Жапсыру<br>Тақырыбы Әжеме арналған қамзол<br>Мақсаты ұлттық киімді, ою-өрнек түрлерімен әшекейлейді<br>Негізгі бөлім<br>Педагог сұрақ-жауап арқылы «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар», «Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіріп өтеді.<br>Балалардың назарын үлестірмелі материалдың 62-бетіндегі «Әженің қамзолы» суретіне аудару.<br>Балалар, мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек?<br>Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қию.<br>Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын кию.<br>Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді 63-беттегі әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз:<br>жағасына;беліне;етегіне<br>Рефлексия</td>
<td>3.Жаратылыстану<br>Тақырыбы Алақай,көктем келді!<br>Мақсаты: күнді негізгі жылу көзі ретіндеп атап көрсетеді<br>Негізгі кезең<br>Педагог «Тексе» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.<br>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс.<br>Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс.<br>Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу ( күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап</td>
<td>3. Құрастыру<br>Тақырыбы Киіз үй». (Пластикалық бөтелке).<br>Мақсаты: құрылыс материалдарымен құрастыру дағдылары қалыптасады, киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажыратады және оған тән бөлшектерін атай алады<br>Негізгі кезең<br>Педагог құрастыру ойыншығы бойынша көрсете отырып түсіндіреді:<br>киіз үйді құрау үшін алдымен сықырлауық есіктің жақтауындағы ағашқа кереге қанатындағы ойықты келтіріп, кереге лердің де қанатын ағаштардың ойықтарына дәлдеп келтіріп, дөңгелете шеңбер жасап құрайды;есік жақтауындағы ілмекке беларқанды тартып, керегелердің қозғалмай, нық тұруын қамтамасыз етеді;<br>кейін шаңырақты көтеріп, дөңгеленген шаңырақтың көздеріне немесе«қаламдыққа»уықтардыңбасын«кигізеді», екінші басынкерегенің жоғарғы басындағы ойықтарға дәлдеп келтіреді;барлық уық қадалып</td>
<td>3. Мүсіндеу<br>Тақырыбы: Құмыра<br>Мақсаты құмыраны мүсіндейді<br>Негізгі кезең<br>Алақанға ермексазды салып,жұмсартып алып, домалақ пішін жасаймыз,оны жалпақтаймыз. Бұл – құмыраның түбі. Бірнеше бөліктерді тақтайшаға қойып есеміз.Есілген ермексаздарды біртіндеп құмыраның табанына айналдыра орналастырамыз.Қатарын көбейтіп көтереміз.Бүйірін шығарамыз.Мойын жағына қарай жіңішкерте түсеміз. Мойнын дәл осы тәсілмен жіңішке әрі ұзынырақ етіп келтіреміз. Сыртын әшекейлеу үшін түрлі түсті моншақтарды жапсырамыз.<br>Рефлексия</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.Егер суретімізді аяқтасақ, онда Қаршақызға достарын көрсетіп, бір қуантып алайық. Қаршақыз достарының суретін көріп, қатты қуанып, балаларға алғысын айтады<br>**Рефлексия** | | көрсету керек (шеңберлер, сәуле). Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын<br>**Рефлексия** | болғаннан кейін үйдің киіздерін жабады. Алдымен керегені айналдыра туырлықты ілгектері арқылы бекітіп, содан соң уықтың үстіне үзіктерді келтіреді;шаңыраққа түндікті жауып, бауларын ретке келтірген соң киіз үйдайын болады. Ішкі жабдықтарын орын-орнына қоюға тапсырма береді.<br>**Рефлексия** | |

## Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны.

| | | |
|---|---|---|
| **Еліктеу ойындары:**<br>“Кім жақсы айтады”<br>**Р-р-р-ррр** **Ы-ы-ыы-ыыы**<br>  | ***Гүлдерді иіскейік.*** Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады. | ***Ойын: «Өзен»***<br>**Кішкене өзен арқылы.**<br>**Мақсаты:** **б**алаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.<br>**Көрнекіліктер:**тақтай,жіп.<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. |

## 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. .Орыс тілі**<br>**ТЕМА** Поможем гномам собраться на прогулку<br>**Цель:** **:** названия одежды и обуви, составляют диалог<br>**Основная часть**<br>АШКА – АШКА – АШКА – красивая рубашка УБА – УБА – УБА – меховая шуба<br>АЩ – АЩ – АЩ – примеряем плащ<br>ГУ – ГУ – ГУ – я одежду берегу.<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать все з Д/Игра «Что это?»<br>Работа по картинкам с изображением предметов одежды и обуви. Педагог показывает на картинку и спрашивает: Что это? | **4.Логика**<br>**Тақырыбы** Айырмашылығын тап<br>**Мақсаты**: Суреттегі айырмашылықты табуға, қарсы мәндес сөздерді айта білуге үйрету.<br>**Негізгі кезең**<br>Дәптермен жұмыс:<br>-Екі үйді мұқият қарап салыстыра отырып, өзара 10 айырмашылығын тапқызту.<br>Негізгі бөлім<br>Дидактикалық ойын:<br>1-ден 10-ға дейін тура және кері сана.<br>Күн шыққанда.<br>Қ Баянбаев<br>Май берейін, құрт берейін,<br>Күннің көзі шық, шық!<br>Алақай, алақай! | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Менің туыстарым»<br>**Мақсаты** Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нұсіпбаев)<br>Бесік жыры» (И. Нұсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Тырналар биі» (Д. Абиров)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Рефлексия** | **4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Құстар не дейді?<br>**Мақсаты**: Құстар туралы түсініктерін бекіту.Құстардың пайдасы туралы мағлұмат алады<br>**Негізгі бөлім**<br>**Құстар не дейді? »** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ -жауап: 1. Ертегі неге «Құстар не дейді?» деп аталған?<br>2. Қу кісі не деп мақтанады?<br>3. Тыңдаушылар қуға қандай сұрақ қояды?<br>4. Қу дұрыс жауап бере алды ма?<br>5. Ол не деді? .Ертегіні | **4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** **Қаздың балапаны** қол еңбегі<br>**Мақсаты** Үй құстары туралы өлеңдер жаттау. . Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.<br>Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру<br>**Негізгі бөлім**<br>Үй құстарын ата.<br>Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар.<br>Қолдарыңдағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып аламыз да оны ине-жіппен тігеміз.<br>Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дети рассматривают картинки, называют знакомые предметы одежды и обуви: Это платье. Это брюки. Это рубашка<br>**Рефлексия** | Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>Атап шық: жүрекше, үшбұрыш, текше, жұлдызша, күн, шар, пирамида, бет әлпет қатарда нешінші болып тұрған орнын анықтау.<br>**Рефлексия** | | мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету<br>**Рефлексия** | жерлеріне кіріп кетуі мүмкін.<br>Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар<br>**Рефлексия** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші:***<br>*Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.*<br>*Жауған қарымен,*<br>*... құнар береді. (қыс)*<br>*Үлкендер қарбалас,*<br>*... дән себеді. (көктемде)*<br>*Бақ пенен бақшаны,*<br>*... баптап өсіреді. (жазда)*<br>*Дихандар жемісін,*<br>*... жинап береді. (күзде)*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>**Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?*<br>**Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>**Көктемнің алдында қай мезгіл* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Бақылау: Қайың ағашын бақылау**<br>***Мақсаты:*** *қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай***<br>*Көшетін әкеп қайыңның,*<br>*Отырғыздым аулаға.*<br>*Жіп-жіңішке жас шыбық,*<br>*Өспейді деп ойлама.*<br>*Жас шыбық өсіп толады,*<br>*Әсем қайың болады,*<br>*Суғарып, күтіп, баптасам.*<br>*Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Бақылау: *Бүршақты бақылау***<br>***Мақсаты:***<br>— «Бұршақ» түсінігімен таныстыру;<br>— Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;<br>— есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Бұршақ жауғанда»*** *А. Меңдібай*<br>*Аспанды бұлт торлап,*<br>*Күн кенет бұзылды.*<br>*Жел тұрып, сап-салқын,*<br>*Жауын исі сезілді.*<br>*Айнала тарсылдап,*<br>*Ақ моншақ төгілді.*<br>*Жер беті ағарып,*<br>*Мұз болып көрінді.*<br>*Моншақты ұстап ап,*<br>*Көргім кеп барады-*<br>*Қолымда көп моншақ ,*<br>*Су болып ағады.*<br>***Тәрбиеші әңгімесі:*** *күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау: Итті бақылау**<br>***Мақсаты:*** *жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;*<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮШІГІМ»*** *А. Меңдібай*<br>*Кіп-кішкентай күшігім,*<br>*Сүйкімдісін өзінің.*<br>*Еркелейді ойнақтап,*<br>*Жылтырын-ай көзінің.*<br>*Оратылып аяққа,*<br>*Бір сәт тыным таппайды.*<br>*Кел, достарым, жасқанба,*<br>*Күшігім менің қаппайды*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *болды?*<br>**Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>**Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?*<br>***Зерттеу жұмысы:*** *Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)*<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>*Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>*Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.* | ***Тәрбиеші сұрақтары:***<br>**Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?*<br>**Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?*<br>**Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?*<br>**Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?*<br>**Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?*<br>**Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br>**Еңбек**<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.*<br>***Қимылды ойын:*** *«Орамал тастамақ»*<br>*Мақсаты:*<br>_- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>**Жаттығу ойыны** Затты нысанаға лақтыру.<br>*Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.* | *айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады.*<br>Зерттеу жұмысы<br>Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме?<br>**Еңбек**<br>Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк серек».<br>*Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** «Кім алда?».<br>*Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету.* | немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы.<br>Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>*Мақсаты:*<br>*- ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;*<br>*- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты:*<br>-белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>-жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).* | Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>***Мақсаты:***<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>***Жұмбақ:***<br>***Етек-жеңі жиналмай,***<br>***Дауыл тұрса дым қалмай,***<br>***Түйдектеліп көшеді,***<br>***Тоз-тоз болып өшеді.***<br>***(бұлт)*** |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді: .......................................**

**Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**

**(07.03-11.03.2022 ж)**

**Ай тақырыбы: « Біз еңбекқор баламыз»**

| *Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі 07.03* | *Сейсенбі 08.03* | *Сәрсенбі 09.03* | *Бейсенбі 10.03* | *Жұма 11.03* |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br>**08.30 -09.00** | **«Әжемнің ертегілерінен...»**<br>**Мақсаты:** сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. | | **«Жолаушылар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару.<br>Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру.<br>Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. | **Фотосуреттер қарастыру**<br>**Мақсаты:** сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>**«Менің отбасым».**<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. | **«Қажетті түсті тап» ойыны**<br>Балаларға сенсорлық тәрбие беру |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | **«Жұлдызшалар»**<br>Ғаламшар, қарсы ал сәлемді,<br>Самғаймыз кезіп әлемді.<br>Қабыл ал шын жүректен<br>Балалар менен қыздардың<br>Махаббатына толы сәлемді! | | **«Саусақ жаттығу»**<br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ деп ән салады. | **«Шынықтыру шарасы»**<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру. | **«Демалуды қалыпқа келтіру»**<br>Демді қалыпқа келтіру.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау саламат болайық!. |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Желді қуып жет<br>**Мақсаты** шаңғымен сүйем қадам жасап жүру, шаңғымен сырғытып жүру.<br>**Негізгі кезең**<br>«Желпуіш саламыз»<br>Шаңғының ұшын 180°айнала қозғалып, бұрылады.<br>«Тоннель».<br>Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.<br><u>Балалардың қажетті аралықтықты, қауіпсіздік</u> | | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы** Бүйрек<br>**Мақсаты** бүйрек туралы айтылған кеңестерді есте сақтайды<br>**Негізгі кезең**<br>— Балалар, біз адам дене мүшелерімен,<br>тыныс алу, сезім мүшелерімен танысқанбыз. Кәне, есімізге түсіріп жіберейік:<br>Төмендегідей сұрақтар қою:<br>– Адамның дене мүшелерін ата?<br>– Сезім мүшеліне нелер жатады?<br>– Тыныс алу мүшелеріне ше?<br>Олай болса, біз бүгін ағзадағы зат алмасудағы ең негізгі мүше – бүйрекпен танысамыз. Бүйрек | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Ы дыбысы<br>**Мақсаты** Ы дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ы дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі ы дыбысының орнын ажыратады.<br>Негізгі кезең<br>Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың қоректенуі туралы қысқаша әңгіме жүргізу.<br>Суреттегі жануарлардың және заттардың қайсысынан ы дыбысы | **Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Мен осындай баламы<br>**Мақсаты** балалар жақсы адам сөзінің мағынасын түсінеді<br>Негізгі кезең<br>А.Меңжанованың «Болайықшы осындай»<br>өлеңін қайталап айту.<br>Әңгімелеу<br>Балдырған нағыз жолдас<br>Д.Қасеновтың<br>әңгімесін оқып сұрақтар қоямын.<br>Дәптермен жұмыс.<br>-Суреттен кімге қандай көмек қажет екендігін тауып ,достардың өзара көмегі туралы әңгімелеп беріңдер.<br>Өзіммен-өзім<br>Үнтаспадағы әуенге байланысты балалар<br>жайғасып отырып көздерін жұмады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау)<br>Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады. Педагог: «Жел тұрды!» – дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады<br>**Рефлексия** | | омыртқаның екі жағында орналасқан. Демонстрациялық материалдан бүйректің суретін көрсетіп педагог мәлімет береді. Бүйрек – зәр түзе отырып, қаннан шығатын бөліндiлерді сүзетін, арқа жотадан төмен орналасқан, үлкен мүше. Бүйрек қоңырқай түсті болып келеді.<br>**Бүйрек гигиенасы:**<br>салауатты өмір сүру;<br>өте ащы, өте тұзды тағамдарды пайдаланбау;<br>ішімдіктен, есірткіден, темекі тартудан аулақ жүру .<br>**Дәрігер Салауаттың кеңестері:**<br>Суық су ішуге болмайды, оның орнына сүт, айран ішкен жөн.<br>**«Мүшелер айтысы» ертегі**<br>**«Сиқырлы қалпақ» ойыны**<br>Шарты: қалпақтың астына жасырынған ағза мүшелері мен сезім мүшелерінің суреттерін тауып, атап, ажыратып беру.<br>**Рефлексия** | естіледі. Балалар ы дыбысы бар сөзді анықтайды. 2-тапсырма.Сұраққа сөйлем сызбасымен жауап бер. Шырын құлынға не берді? Ы – дыбысы – дауысты дыбыс. Ы дыбысын айтқанда тіліміз артқа жылжиды. 3-тапсырма. Ы әрпімен таныстыру.<br>Педагог балаларға қағаз қыстырғаштар таратады. Олардан Ы әрпін жасатады.<br>Ы әрпін құрастыр.<br>**Рефлексия** | Көз алдарына жақсы балаларды елестетеді әңгімелеп береді.<br>Жағдаяттарды талдау<br>Ғажайып сөз.<br>Мен жақсы баламын<br>Жақсыдан үйрен ,жаманнан жирен<br>Рефлексия |
| | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ**<br>**Мақсаты:** Сандарды жаттау, санауды дамыту.<br>Бір ауыз сөз,<br>Екі айтпайтын адам.<br>Үш қайтара сәлем,<br>Төрт түлік мал,<br>Бес уақ намаз,<br>Алты алаш,<br>Жеті қабат жер асты,<br>Сегіз қырлы жігіт,<br>Тоғыз торау жол,<br>Он сақа ой. |  | **Ойын: «Үкі».**<br>**Мақсаты:** Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады. |

**2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Кім ақылды?<br>**Мақсаты** сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Негізгі бөлім**<br>Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен | | 2. **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Ы дыбысы<br>**Мақсаты** Ы дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ы дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі ы дыбысының орнын ажыратады. | 2. **Музыка**<br>**Тақырыбы** Ақ әжем<br>**Мақсаты** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Музыка тыңдау:** | 2. **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Әже (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін.<br>**Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:<br>Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.<br>Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?<br>Әңгіме кімдер туралы?<br>Екі бала не істеп жүр еді?<br>Олар неге таласты?<br>Екі баланың қайсысы ақылды екен?<br>Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер?<br>әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліндерші?<br>**Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»**<br>Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы:<br>ал–<br>Кір–<br>**Рефлексия** | | **Негізгі кезең**<br>Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың қоректенуі туралы қысқаша әңгіме жүргізу. Суреттегі жануарлардың және заттардың қайсысынан ы дыбысы естіледі. Балалар ы дыбысы бар сөзді анықтайды. 2-тапсырма.Сұраққа сөйлем сызбасымен жауап бер. Шырын құлынға не берді? Ы – дыбысы – дауысты дыбыс. Ы дыбысын айтқанда тіліміз артқа жылжиды. 3-тапсырма. Ы әрпімен таныстыру. Педагог балаларға қағаз қыстырғаштар таратады. Олардан Ы әрпін жасатады.<br>Ы әрпін құрастыр.<br>**Рефлексия** | «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>Билер:<br>«Полька» эстон халық биі<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Янка» беларусь халық биі | **Негізгі кезең**<br>Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>Сұрақ-жауап:<br>Әже қандай адам?<br>Өлең кімге арналған?<br>Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретте не бейнеленген? Сурет саған ұнады ма? - Суреттен кімдерді көріп тұрсың?<br>Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр?<br>Сен әжеңе қалай көмектесер едің?<br>**Есіңе сақта:**<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Рефлексия** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Саусақ ойындары***<br>**Ойын:***Су толтыру.*<br>**Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.<br>**Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.<br>**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. | ***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.***<br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. | **Дидактикалық ойын:**<br>***«Домино»***<br>**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>**Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер | **«Сүйікті қаламызға саяхат»**<br>**Мақсаты**:Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.<br>**Ойынның барысы**:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. | құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. |

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қысқы табиғат<br>**Мақсаты** қыс бейнесінде шуақты күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсетіп салады;<br>**Негізгі бөлім**<br>Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.<br>Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша – шуақты күн – солнечный день – sunny day ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Рефлексия** | | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Ауа не үшін қажет?<br>**Мақсаты** ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады<br>**Негізгі кезең**<br>Күрделі сұрақ: ауа кімдерге керек?<br>Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек).<br>Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппе- дәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік | **3. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Жайлау кйіз үй<br>**Мақсаты** Жайлау және оның орналасқан жері және киіз үй туралы біледі<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар біз бүгін жайлау,киіз үймен танысамыз. Қазір қыс мезгілі болғандықтан,жайлауға баралмаймыз.Сондықтан мен сендерге видео ролик дайындадым. Қане экранға назар аударайық.<br>Слайд жүреді..<br>-Жайлау дегеніміз:<br>Көшпелі халық осы жыл мезгілдеріне қарай қонысын: көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған. Жайлау — қыстаудың алыс жатқан даладағы қонысы. Жайлаудың шөбішүйгін, суы мол, әрітұнық. Онда жылдың үш маусымында ел болмайды. Қыста аппақ қарбасып жатады. Жазға қарай жайлаудың шөбі жақсы өседі. Ол кезде жер беті кілем сияқты құлпырады. Қыстан арықтап шыққан мал жайлауда тойып, семіреді. Адамдарда сергиді. Қысқа арнап сүт тағамдарын дайындайды.<br>Балалар мен сендерге | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Кесе<br>**Мақсаты** :кесені мүсіндеқді;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог жұмысты бастамас бұрын ермексазбен жұмыс істеу ережесін еске түсіреді:<br>1.Ермексазды үстелге емес, арнайы тақтайшаларға қою керек.<br>2.Жұмыстан кейін қолды ыстық сумен сабындап жуған дұрыс.<br>3.Тақтайша мен таяқшаны жұмыстан кейін міндетті түрде тазалаған немесе жуған жөн.<br>Кесе жасау үшін көк түсті ермексаздың ортасынан бөлеміз. Енді оны алақанымызға салып домалақтаймыз.Оның ортасын қарындашпен оямыз.Енді саусақтың ұшымен шетін кеңейтеміз және екі саусақпен шымшу арқылы түбін шығарамыз<br>Ал енді дайын болған кесемізді өрнектеп безендірейік.<br>Қызыл түсті ермексазды алып, алақанымызға салып есіп, шығыршақтап өрнек жасап орнатамыз.<br>Міне, әдемі кесеміз дайын болды.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады.Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады.Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды.<br>Балаларды ауаны сезінуге шақырады<br>**Рефлексия** | жайлау, киіз үй, төрт түлікке байланысты тапсырмалар дайындадым. Менің қолымнан не көріп тұрсыңдар? Дұрыс айтасыңдар.Киіз үй нешеу? Бұл киіз үйлерде тапсырмалар бар<br>**Д/о: «Кім қалай дыбыстайды?»**<br>**Мақсаты**: Есту қабілеттерін дамыту және дыбыстай білу<br>**Рефлексия** | |
| | | | | | |
| | | **«Гүлдерді күтеміз»ойыны**<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп- | ***Қимылды ойын:*«Ту».**<br>**Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту.<br>**Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар | ***Қимылды ойын:***<br>**«Шұңқырдағы қасқырлар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>**Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде | ***Қимылды ойын:***<br>**«Күн мен түн»**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.<br>**Ойынның шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді.(«Күн», «Түн»). Екі топтың ойыншылары бір-бірлеріне арқаларымен қарап тұрады. Аралары 1,5-2 метр болу керек. Алаңның екі жағында екі топтың үйлері болады. Тәрбиеші бір топтың атын айтады. Сол топ өз үйіне қарай жүгіреді. Екінші топтың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br> | орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына карай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.( Тулардың түстері әр түрлі болу керек) | тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек. | ойыншылары бұрылып қашып бара жатқан ойыншыларды түрту керек. Егер ойыншы үйіне кіріп кетсе оны түртуге болмайды. Неше кісі түртілгені саналады. Ойын 4-6 рет қайталанып әр топтың ойыншылары неше бала түрткені саналады. |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **4. .Орыс тілі**<br>**Тақырыбы** Мебель<br>**Мақсаты** слова, обозначающие предметы мебели, описывают предмет по схеме.<br>**Основная часть**<br>АН – АН – АН – кожаный диван УЛ – УЛ – УЛ – папа сел на стул АФ – АФ – АФ – вот высокий шкаф<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка<br>Педагог показывает на картинке на диван:«Это диван. На диване отдыхают». Показывает кресло: «Это кресло. В кресле сидят».<br>Показывает шкаф: «Шкаф для одежды». Показывает вешалку: «Это вешалка. На вешалку вешают одежду. Диван, кресло, шкаф, вешалка – это мебель».<br>Дети слушают, запоминают, повторяют.<br>**Игра «Мебельный магазин»**<br>Считалкой выбирается покупатель:<br>Мы приходим в магазин, В магазине нет корзин. В магазине этом<br>Крупные предметы: Стол, диван и табуреты, Шкаф, сервант и стеллажи.<br>Что ты выберешь, Скажи?<br>На ком заканчивается считалка, тот становится покупателем | | **4. Музыка**<br>**Тақырыбы** Ақ әжем<br>**Мақсаты** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>Билер:<br>«Полька» эстон халық биі<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Янка» беларусь халық биі | **4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Шалқан<br>**Мақсаты** Ертегі еліне саяхат жасай отырып ертегінің мазмұнын ашу, үй жануарлары туралы мағлұмат беру, түсініктерін кеңейеді<br>**Негізгі кезең**<br>Өзі егін екпейді,Егістен ұзапкетпейді.Диханның тұқымын Шашпай тек кетпейді. Қарны тоқ,Қайғысы жоқ,Мысық қуса жетпейді.<br>Бүгін, балалар мен сендерге «Шалқан»ертегісін баяндаймын.Ертегі тыңдауға дайынбыз ба? «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:- Балалар ертегі қызық па екен?- Ертегі қалай басталды?-Ертегіде кімдер ойнайды екен?<br>-Ал, енді балалар осы ертегіні рөлге бөліп сахналайықшы.<br>**Рефлексия** | **4. Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** **Бақ - бақ** қол еңбегі<br>**Мақсаты** Балаларға Бақ-бақ гүлі туралы түсінік беру. Қағаздан бақ-бақ гүлін жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Бұл гүлді сендер неден құрастырамыз?<br>- Қағаздан.<br>- Дұрыс айтасыңдар. Қағаздан яғни майлықтан умаждау арқылы жасадық<br>- Бақбақ туралы тақпақ білесіңдер ме?<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>Уф! – десем, бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>- Балалар сендер бақбақ гүлі туралы жақсы біледі екенсіңдер<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Серуен бақылу:**<br>**Қарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов***<br>*Ақ қар еріп,*<br>*Су көбейіп,*<br>*Сай-салаға ағады.*<br>*Бүршік шашып,*<br>*Жапырақ ашап,*<br>*Гүл, бәйшешек басады.*<br>*Бөбектерім, айтыңдаршы,*<br>*Бұл қай кезде болады?*<br>*Балаларға сұрақтар*<br>**Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>**Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>**Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?*<br>**Неге бұл жердің қары еріп жатыр?*<br>Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>**Зерттеу жұмыстары**<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар | | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Серуен бақылу:**<br>**Шырша ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;;<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Жасыл шырша»***<br>*К. Әзірбаев*<br>*Қанша заман өткенімен,*<br>*Ескірмейтін асыл шырша.*<br>*Алатаудың көктемімен,*<br>*Доссың ғой сен, жасыл шырша.*<br>*Өзгермейсің қыс келсе де,*<br>*Бояыңды оңдырмайсың.*<br>*Аяз шымшып, тістесе де,*<br>*Жапырағыңды тоңдырмайсың.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>**Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?*<br>**Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?*<br>**Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?*<br>*Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.*<br>*Шыршаны тек қана адамдар* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Серуен бақылу:**<br>**Су тамшыларын бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай***<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы ерігген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Балаларға сұрақтар**<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)*<br>♦ Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)*<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)*<br>♦ Шуақты күні ше? *(өседі)*<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? *(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)*<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Серуен бақылу:**<br>**Күнді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>*Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>**Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>*Мақсаты:* бірлесе жұмыс істеуді үйрету. **Қимылды ойын** «Қояндар мен аңшылар».<br>*Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту<br>*Мақсаты:* лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>***Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.*** | | *емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді.*<br>*Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.*<br>**Зерттеу жұмысы:** шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру **,** ерекшеліктерін атау.<br>**Еңбек:** шырша ағашының айналасын тазалау.<br>*Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын:** Доппен ойын.<br>*Мақсаты:* Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>**Жаттығу ойыны**<br>Доппен жаттығу.<br>*Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.***<br>***-Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.*** | су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аяғыңды сулама»<br>*Мақсаты:*<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. **Жаттығу ойыны. Қ**озғалыстарын дамыту<br>Мақсаты*: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.*<br>***Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.*** | *білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Сәуір болса күн күркірер,***<br>***Күн күркіресе, көк дүркірер.***<br>***Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.*** |

**Балаларды үйге қайтару.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.<br>Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді:** ________________________х

**Мектепалды даярлық 0  сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(14.03-18.03.2022 ж)**
**Ай тақырыбы: « Біз еңбекқор баламыз»**

| **Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі  14.03** | **Сейсенбі   15.03** | **Сәрсенбі     16.03** | **Бейсенбі  17.03** | **Жұма      18.03** |
| **Мұғалімнің  балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Сәлемдесу айнасы»**<br>Дене қызуларын мен тазалығын тексеру<br>Дене шынықтыру шаралары.<br>Жағымды жағдай орнату.<br>Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Қалай тамақтанамыз»<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Ойын– жаттығу:**<br>«Жуыну»<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын «Кімнің заттары?»** (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | **Сюжеттікойындар:**<br>**«Менің күн тәртібім»,**<br>Айболит ертегісінен үзінді оқып беру;<br>«Айболит кеңесі»үстел үсті театры және т.б. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері Жаттығу** | ***«Біз бақытты баламыз»***<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | ***«Мен әдепті баламын»***<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | ***«Нәр алып»***<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | ***«Қуан,шаттан!»***<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | ***«Қайырлы таң!»***<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Жайлаудағы ойындар<br>**Кіріктірілген 08.03**<br>Арқанмен ойнау шынықтырады<br>**Мақсаты**: фитболмен жаттығуды жасайды<br>Остеопатиялық жаттығулар, денені артқа шалқайтып, тартылып тұрған арқанның астынан өтеді<br>**Негізгі кезең**<br>Остеопатиялық жаттығулар.<br>Жаттығуларды баяу үйлестіріп қажетті екпінде жасайды.<br><br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, | **1. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Өзбетімізбен жатығамыз<br>**Мақсаты** үлкен қадамдармен аттап жүгіріп келіп, себетке доптарды лақтырады. Остеопатиялық жаттығуларды орындайды<br>**Негізгі кезең**<br>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау (әр бекеттер бойынша).<br>Педагогтің белгісі бойынша топтар орын ауыстырады.<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары<br>Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Педагогтің нұсқауларын толақ орындауға тырысады.<br>Орындау барысында тепе-теңдікті сақтап, арқаны тік ұстау ұсынылады.<br>Тақтайдың шетіне қарап, қолдарын екі жаққа қойып, тепе-теңдік сақтауға көмектеседі.<br>Себетке доп лақтыру.<br>Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді.<br>Баскетбол қалқанынан 2 метр | **1. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Жан-жағына жылулық сыйла!<br>**Мақсаты** өзін-өзі уқалау, себетке доп лақтыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Текшелермен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. (№2)<br>Топтарға бөлініп негізгі қимылдарды жасау.<br>Баскетбол себетіне доп лақтыру.<br>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Ұ дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дауысты, дауыссыз, дыбыстарды ажыратады. Ұ дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ұ дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Балалар өз ойларын айтады. **«Ұшты, ұшты» ойыны**<br>2-тапсырма. «Айналаңда не ұшады, не ұшпайды?» деген сұраққа сурет бойынша жауап береді. Ұ дыбысы естілген жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысын айтқанда ерінді кішкене дөңгелектеу,тілдің ұшы астыңғы тіске жақындайды ерінді көбірек | **1. Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Мен табиғаттың бөлшегімін<br>**Мақсаты** балалар табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін түсінеді<br>**Негізгі кезең**<br>Н.Ақышевтың «Табиғаттың бөлшегі» әңгімесін әңгімелеп беремін.әңгіме желісімен сұрақтар қоямын.<br>Адамды неліктен табиғат бөлшегі деп атайды?<br>Данияр табиғатпен үндестікті қалай сезінді?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар адам да табиғаттың бір бөлшегі.Табиғатқа жауапты адам.<br>Дәптермен жұмыс<br>-Берілген суреттердің бірінші әріптерін ортадағы әріптермен қосып оқысаңдар,<br>табиғат бөлшегін табасыңдар,суреттерді бояңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 10–15 секунд орындайды<br>. «Жаңылысқан ұтылады»<br>«Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау.<br>Рефлексия | қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа<br>дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итерілiп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.<br>Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!»<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады.<br>Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтің белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді.<br>Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. «Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады.<br>Рефлексия | дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді.<br>Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итерілiп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.<br>Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.<br>**Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!»**<br>Балақан,<br>балақан,<br>Қандай жақсы<br>алақан!<br>Оң жағымнан қағамын, Мен тамаша баламын!<br>Рефлексия | дөңгелектеу, тілдің ұшы кейін қарай тартылады. Ұ – жуан, дауысты дыбыс.<br>**Рефлексия** | Сергіту сәті. Күн ,ауа,су.<br>Ғажайып сөздер.<br>Үйренген өнегелі сөздерін қайталап айтады.<br>-Адам табиғаттың бөлшегі.<br>-Адам мен табиғат үндестікте өмір сүреді<br>**Рефлексия** |

## Жүгіруге арналған ойындар
## «Торғайларп мен мысық»

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Торғайлар мен мысық»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:**Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**Ұсыныс:** мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | ғана қолын тигізеді) |

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы** Менің анам<br>**Мақсаты:** өз аналарын суреттеу арқылы әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Негізгі кезең:**<br>Иә, балалар, дұрыс таптыңдар.<br>Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.<br>Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?<br>Ендеше өз аналаларыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар. Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:<br>Анаңның аты кім?<br>Кім болып жұмыс істейді?<br>Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам?<br>Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің?<br>Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды. Сөздік жұмыс:<br>Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында. Мақал-мәтелдер: «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».<br>**Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».**<br>Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды | **2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Заттың бірнеше тең бөліктері<br>**Кіріктірілген 08.03**<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару<br>**Мақсаты:** «есеп», «мысал», «барлығы» сөздерін айтуды біледі<br>**Негізгі кезең:**<br>Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады.<br>Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді).<br>Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді).<br>Аквариумда неше балық бар?<br>Сандар жазылған карточкаларды шығарады: 4 + 2 = 6 1-тапсырма.<br>Суретті қарап, бірінші аквариумда әрбір түстегі балықтар нешеу?<br>Барлығы нешеу?<br>Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады.<br>Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді).<br>Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді).<br>Аквариумда неше балық бар?<br>Сандар жазылған карточкаларды шығарады: 4 + 2 = 6 1-тапсырма. | **2. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Ұ дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дауысты, дауыссыз, дыбыстарды ажыратады. Ұ дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ұ дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Балалар өз ойларын айтады. **«Ұшты, ұшты» ойыны**<br>2-тапсырма. «Айналаңда не ұшады, не ұшпайды?» деген сұраққа сурет бойынша жауап береді. Ұ дыбысы естілген жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысын айтқанда ерінді кішкене дөңгелектеу,тілдің ұшы астыңғы тіске жақындайды ерінді көбірек дөңгелектеу, тілдің ұшы кейін қарай тартылады. Ұ – жуан, дауысты дыбыс.<br>**Рефлексия** | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Ана – өмір шырағы<br>**Мақсаты** Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)<br>Ән айту:<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Лენталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Киіз басу» («Келіншек»<br>халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>«Полька» (эстон халық биі)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Әже (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Кимешегін, жаулығын Теңеп<br>аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>Сұрақ-жауап:<br>Әже қандай адам?<br>Өлең кімге арналған?<br>Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді.<br>Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретте не бейнеленген? Сурет саған ұнады ма? - Суреттен кімдерді көріп тұрсың?<br>Әжесі мен немерелері немен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.<br>**Рефлексия** | Суретті қарап, бірінші аквариумда әрбір түстегі балықтар нешеу?<br>Барлығы нешеу?<br>**Рефлексия** | | | айналысып жатыр?<br>Сен әжеңе қалай көмектесер едің?<br>**Есіңе сақта:**<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Рефлексия** |

## Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
## «Күн мен түн»










**Ойын:“Күн мен түн”**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Шарты:**“Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.
**Ереже:**
1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Қуыршақтың камзолы<br>**Мақсаты: :** камзолдың суретін сала алады<br>**Негізгі кезең**<br>Әйгерім:<br>– Балалар, қандай ою-өрнектерді білесіңдер? Менің қуыршағыма әдемі камзол керек еді, балалар, сендер менің қуыршағыма әдемі камзол жасап бере аласыңдар ма? Педагог балаларға камзолдың жеке суретін көрсетіп, балалармен бірге Әйгерімге | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы** Алдаркөсенің шапаны<br>**Кіріктірілген 08.03**<br>Қайыңдағы қараторғай ұясы<br>**Мақсаты** құстарға ұя жасайды;<br>**Негізгі кезең**<br>Ұяны мынадай ретпен жасаймыз: Үлестірмелі материалдың 67-бетіндегі сюжетті суретке мұқият қарап, 69- беттегі қоңыр түсті ұя бөліктерін қиямыз.<br>Қиюды төменгі жағынан бастаймыз | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы** Пайдалы қазбалар дегеніміз не?<br>**Мақсаты** өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді.<br>**түсінеді:**пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын біледі.<br>**Қосымша мәлімет:** Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін | **3. Құрастыру**<br>**Тақырыбы** Сиқырлы қораптар<br>**Мақсаты** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады<br>**Негізгі кезең**<br>Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты** балабақшада, үйде көрген ойыншықтарын ;жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог компьютерден ұшақтың жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді.<br>Ермексазды сопақшалап ұшақтың негізгі бөлігін жасайды.<br>Ермексаздың екі кішкене бөлшегін жалпақтап,кесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | де оның ерекшеліктерін сипаттап айтып береді. Бәрі үлгіге мұқият қарап, сурет салу әдіс-тәсілдерін естеріне түсіреді. Педагог ою-өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. «Ботамойын» өрнегін салғанда бір нүктеден бастап қолды үзбей екінші бөлігіне дейін сызып салуды, «қошқармүйіз» өрнегін салған кезде симметрияны сақтау жолдарын көрсетеді.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша қамзол – камзол ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Рефлексия** | 68-беттегі үлгіге дайын болған ұяны мынадай ретпен жапсырамыз:<br>ұяны жапсыру;<br>шатырын жапсыру;<br>есігін жапсыру;<br>еденін жапсыру.<br>**Рефлексия** | пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыңдар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысуға шақырады.<br>Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысады. Туған өлкеде қандай пайдалы кендер өндірілетінін анықтайды.<br>Қазақстанның пайдалы қазбаларына қатысты шартты белгілермен танысады.<br>Әліппе-дәптерге олардың суретін бояйды<br>**Рефлексия** | басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.;<br>дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді;<br>қағазды қиыпжапсыруғабағытберіп ,көмектесіп, басшылық жасалады;бұл қораптар жай қорап емес, «сиқырлы» қораптар екенін дәлелдейді;<br>үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі б<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Рефлексия.** | арқылыұшақтың қанатын жасайды.<br>Шымшу, тегістеу,жапсыру әдістері арқылы ұшақтың тұмсығын және құйрығын жасайды.<br>Басқа түсті ермексаздармен ұшақты сәндейді(өз шығармашылықтары бойынша).<br>**Рефлексия** |

## Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны.







**Ойын:“Кесіртке”**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Шарты:**Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесіртkені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі.

| 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. .Орыс тілі**<br>**Тақырыбы** Наши помощники (бытовая техника)<br>**Цель:** названия предметов бытовой техники, слова – действия.<br>Основная часть<br>Балапан предлагаетпроговоритьчистоговорки,напоминает,что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>Сос – сос – сос – у меня есть пылесос, Ыл – ыл – ыл – холодильник я открыл, Рю – рю – рю – телевизор я смотрю.<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка<br>Показывает игрушки (или картинки) бытовой техники.<br>Педагог называет предметы на русском языке, просит повторить. Это пылесос. Это телевизор.<br>Это стиральная машина. Это холодидьник Это утюг<br>Стиральная машина, холодильник, пылесос, телевизор, утюг – это бытовая техника.<br>Запоминают новые слова, четко проговаривают хором и индивидуально<br>И/У «Как помогает техника»<br>Педагог показывает и называет<br>Стиральная машина стирает белье.<br>Пылесос чистит ковер.<br>Холодильник морозит. Утюгом гладят одежду.<br>Юля смотрит мультфильм по … (телевизору).<br>Дети слушают, запоминают, повторяют.<br>**Рефлексия** | **4. Логика**<br>**Тақырыбы** Белгісіз арал **кіріктілг.08.03**<br>Сөз жұмбақ<br>**Мақсаты** Сөз жұмбақты шешуді үйренеді<br>**Негізгі кезең**<br>Қызықты жұмбақтар:<br>1. Анасына балалар гүл әкеліп сыйлайды. Айгүл берді екеуін. Марат берді жетеуін, Болады сонда нешеу?<br>2.10 тоқаштың 7-ін Самат берді Сәулеге. Санайықшы қанекей, Нешеу қалды Саматта ?<br>3.Тоғыз асықтың 5-еуін, Досың сұрап аладыАйтшы сонда нешеуіӨз қолыңда қалады?<br>Басқатырғыш<br>Геометриялық пішіндердің орнына төменде көрсетілген әріптерді қойып, сөздерді оқы.<br>Ойын. «Көршісін тап»<br>-Санның құрамын анықтауға үйрету мақсатында бірнеше тапсырма орындау<br>**Рефлексия** | **4. Музыка**<br>**Тақырыбы** Ана – өмір шырағы<br>**Мақсаты** Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету<br>Музыка тыңдау:<br>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)<br>Ән айту:<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>«Полька» (эстон халық биі)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | **4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Бес ешкі<br>**Мақсаты** Суретке көңіл қойып мазмұнын түсінеді<br>**Негізгі кезең**<br>«Бес ешкі » ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ –жауап:Ертегі қалай аталады?Кедейдің қандай малдары болыпты?Бай кедейге қандай озбырлық көрсетті?Кедейдің қандай малдары бар?Кедей малдары қасқырдан қалай құтылды?Кедей малдарын қалай шақырды?4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету<br>**Рефлексия** | **4. Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы** **Балықтар**. мүсіндеу<br>**Мақсаты** кесек ермексаздан созу арқылы мүсіндейді<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар барлығың келіңдерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық.<br>Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді?<br>Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар.<br>. Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту.<br>Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз.<br>Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз.<br>Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз.<br>Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз<br>**Рефлексия** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат** | **Наурыз** | **Наурыз** | **Наурыз** | **Наурыз** | **Наурыз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **аясында»<br>Серуен.<br>Танысу,<br>ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!<br>»** | **Серуен**-Бақылау **№10**<br>**Бақылау:** Қардың еруін бақылау<br>***Мақсаты:****табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев***<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>Зерттеу қызметі<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру.<br>Еңбек<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>*Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.*<br>Қимылды ойын «Ормандағы аюда».<br>*Мақсаты: белгі бойынша жүгіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.*<br>Жаттығу ойыны:<br>Қозғалыстарын дамыту. | **Серуен**-Бақылау **№11**<br>**Бақылау: Табиғат өзгерістерді бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші:***<br>*Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.*<br>*Жауған қарымен,*<br>*... құнар береді. (қыс)*<br>*Үлкендер қарбалас,*<br>*... дән себеді. (көктемде)*<br>*Бақ пенен бақшаны,*<br>*... баптап өсіреді. (жазда)*<br>*Диқандар жемісін,*<br>*... жинап береді. (күзде)*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>**Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?*<br>**Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>**Көктемнің алдында қай мезгіл болды?*<br>**Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>**Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?*<br>***Зерттеу жұмысы:*** *Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)*<br>Еңбек | **Серуен**-Бақылау **№12**<br>**Бақылау:** Бұлттарды бақылау<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>Еңбек<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».<br>***Мақсаты:***<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па, | **Серуен**-Бақылау №13<br>**Бақылау:** Су тамшыларын бақылау<br>***Мақсаты****:*<br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай***<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)*<br>♦ Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)*<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)*<br>♦ Шуақты күні ше? *(өседі)*<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? *(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)*<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек | Серуен-Бақылау №14<br>**Бақылау:** Күнді бақылау<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>Зерттеу қызметі<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>Еңбек<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*<br>Қимылды ойын «Күн мен түн». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:*<br>— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>— Ептіліктерін қалыптастыру;<br>— Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>***Халық болжамы:***<br>***Қарлығаш келсе күн күркірейді.***<br>***Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.***<br>***Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.*** | Гүл егетін жерді тазалау.<br>*Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>Жаттығу ойыны:<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>*Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.* | Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>*Жұмбақ:*<br>*Етек-жеңі жиналмай,*<br>*Дауыл тұрса дым қалмай,*<br>*Түйдектеліп көшеді,*<br>*Тоз-тоз болып өшеді.*<br>*(бұлт)* | Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>*Мақсаты:*<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты*: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.*<br>*Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.* | *Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.*<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Сәуір болса күн күркірер,***<br>***Күн күркіресе, көк дүркірер.***<br>***Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.*** |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді: ..................................**

**Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(31.03-01.04.2022 ж)**
***Ай тақырыбы:*** «Қазақстанның ғарышкерлері»

| Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі 28.03*** | **Сейсенбі 29.03** | **Сәрсенбі 30.03** | **Бейсенбі 31.03** | **Жұма 01.04** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау,отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату**. | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | | | «Менің қиял әлемім»<br>**Фотосуреттер қарастыру «Жәндіктер әлемі». Фотосуретте бейнеленген жәндіктерді ата.**<br>**Мақсаты**: Жәндіктер, олардың сипаттық белгілері туралы білімдерін кеңейту, көбелек пен қоңыздың айырмашылығын таба білуге үйрету. | Лабиринт үстел үсті дидактикалық ойын:<br>**«Ормандағы жәндіктер мен қосмекенділер»**<br>**Мақсаты:**<br>Жәндіктер мен қосмекенділер туралы түсініктері қалыптасады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) біледі, кейбір жәндіктерді (құмырсқа) естесақтайды.<br>(4К,БЛУМ,сыни ойлау) |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | | | . | «Құмырсқа» өлеңі<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Онға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | | | | 1. **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** К дыбысы **(кір.ҚР БҒМ №18)** И дыбысы<br>**Мақсаты** Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды | 1. **Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы «Табиғаттан үйренейік» (кір.ҚР БҒМ №18)**<br>Өнердің ғажайып әлемі<br>**Мақсаты** балалардың табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ажыратып, дұрыс дыбыстау<br>**Негізгі кезең**<br>1-тапсырма. Балалар сурет бойынша әр маусымның ерекшеліктерін әңгімелейді.Әр маусымдағы табиғат құбылыстарын, еңбек түрін, балалардың ойындары туралы өз ойларын білдіреді. 2-тапсырма. Сұраққа жауап болатын суретті сызықпен көрсету. Күшік, кілем, көбелек сөздеріне дыбыстық талдау жасату. 3-тапсырма. К дыбысын педагог 3-4 қайталап айтады. Балалар қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Балалар к дыбысын қайталап айтады. 4-тапсырма. Кітап парағын К бейнесінде ашып көрсетеді. А.Бақтыгерееваның «Анаға сыйлық» өлеңі оқылып, мазмұны айтылады. Тек, күн сөздеріне дыбыстық талдау жасатылады. «Анаға сыйлаймыз» өлеңін мәнерлеп оқиды. Мазмұнын түсіндіреді. Өлеңдегі күн сөзіне дыбыстық талдау жасату.<br>**Рефлексия** | **Негізгі кезең**<br>К.Ушинскийдің «Төрт тілек» әңгімесін оқып сұрақтар қоямын. Ойын. «Мен табиғаттан не үйрендім?<br>Балалар кезекпен табиғаттан не үйренгенін айтады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Суреттегі табиғаттың бөлшегінен қандай жақсы қасиеттер үйрендіңдер?Әңгімелеп беріңдер.<br>Ғажайып сөздер.<br>-мен мейірімділікті табиғаттан үйрендім.<br>**Рефлексия** |

| | | |
|---|---|---|
| **Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**<br> |  | **Құрылымдалған ойын:**<br><br>**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br><br>**Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау) |





## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы** Домбыра сазы<br>**(кір.ҚР БҒМ №18)**<br>Көктем әндері<br>**Мақсаты** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Келіншек» қ.х.к. (өңд. Б. Дәлденбай)<br>Ән айту:<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Айна» орыс х.ә. (өңд М. Раухвергер)<br>**Билер:** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**<br>«Қос дабыл» (А. Райымқұлова) | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** Әз, Наурызым, армысың (өлеңді жаттау)<br>**(кір.ҚР БҒМ №18)**<br>Үш қыз (татар халық ертегісі)<br><br>**Мақсаты** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.<br>Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников) | танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде жаз, түнде қыс<br>Секілді екен Наурыз<br>**Рефлексия** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Психологиялық ойын:<br>Ойын: «Жунглидағы жаңбыр» жаттығуы.<br>*Мақсаты:* Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>*Ойын шарты:*<br>Нұсқау: - Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).<br>Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>Тағы да нөсер жауын жауды.<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>Дауыл соқты.<br>Жел соқты.<br>Жел басылып келеді. | Аз қимылды ойын:<br>Ойын: «Қысқыштар»<br>*Мақсаты:* баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі,көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі.<br>*Ойын шарты:* Бұл ойында балаларды екі-үш командаға бөлуге болады. Тәлімгер баларға теріс қарап, 30 ға дейін санауға тапсырма береді. Балалар санап болғанша тәлімгер қысқыштарды әр түрлі жерге қыстырады (далада болса, тоғайға, есікке, т.б. Бөлмеде болса, люстраға, орамал, перде т.б.). Ең көп қысқыш тауып алған топ жеңіске жетеді. |

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 3. **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы** Еліміздің ірі қалалары<br>**(кір.ҚР БҒМ №18)**<br>Қазақстан байлықтары мен жетістіктері<br>**Мақсаты** Қазақстанның астанасын атау, мемлекеттік рәміздерді білу | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Анама сыйлық<br>**(кір.ҚР БҒМ №18)**<br>Тостаған<br>**Мақсаты** шығармашылықпен жұмыс нәтижесін салыстырады<br>**Негізгі кезең** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Негізгі кезең**<br>1-тапсырма арқылы елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы туралы мәлімет беріледі. Астана қаласы бұрын Ақмола деп аталған. Астана қаласы Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Қала қазір Астана деп аталады. Қазір қаланың көшелері кең, зәулім ғимараттар салынған. Көрнекті жерлері өте көп. Мысалы: «Астана-Бәйтерек» монументі. Биіктігі – 97 метр. Бәйтерек кешені үш бөліктен тұрады. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан. Бұл – Астанадағы халық көп баратын нысан.<br>**Рефлексия.** | Педагог жұмыс жасау тәсілдерін түсіндіреді:<br>Ермексазды жалпақтап жайып, кескіштің көмегімен төртбұрышты шаршы етіп кесеміз.<br>Қалақша көмегімен артық ермексазды алып тастаймыз.<br>Кескіштің көмегімен орамалдың екі шетін шашақтаймыз. 4.Түрлі ермексазды қолданып, орамалды гүлдермен әшекейлейміз<br>**Рефлексия** |
| | | | | | |
| | | | | ***Қимылды ойын:***<br>**«Ине мен жіп»**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.<br><br>**Ойын шарты:** Сендер менің артымнан бір-бірлеріңнен белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.<br>**Нұсқау:** Мен ине боламын,ал сендер жіпсіңдер.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:«Кітапхана»**<br>**Мақсаты :**<br><br>Ойында қоршаған орта білімін ,кітапханалардың әлуметтік орынын көрсету. Кітапхана жұмыскерлерінің жұмысын нақтылап ,ортада ұстау ережесін бекіту .Өз ойынын ,ойынымен келістіріп, ойын жүру барысында рөлдерді ауыстыру. Балалардың ойлау қабілетімен, тілін дамыту.<br><br>**Ойын шарты:** Келуші рөлінде әр түрлі тақырыптағы , әр түрлі авторлардын кітаптарына қызығушылық білдіреді;оқырман залында әр түрлі балалар жорналдарына тапсырыс, кітапханашыдан картотека қайда тұрғанын және онымен қалай қолдану керектігін сұрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | | | | **4. Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Түлкі мен бөдене<br>**Мақсаты** Балалар ертегі мазмұнын түсінеді<br>**Негізгі кезең**<br>Бұл ертегі **«Түлкі мен бөдене»** деп аталады.<br>**Жұмбақ жасыру**:<br>Өзі айлакер, өзі бір қу,<br>Жүрген жері айғай да, шу.<br>Түлкі туралы не білеміз.<br>Ия б оның терісінен ішік, яғни тон тігеді.Әдемі құйрығынан жаға жасайды.<br>«Түлкі мен бөдене» ертегісін мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді?Бөдене ше?<br>**Рефлексия** | 4. Өнерлі екен он саусақ<br>Тақырыбы Гүлдер әлемі сурет<br>Мақсаты : Балаларға гүлдердің түрлері туралы біледі<br>**Негізгі кезең**<br>Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.<br>- Гүлдер қайда өседі?<br>Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.<br>- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?<br>- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.<br>**Суретке назар аудару.**<br>- Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>- Мына гүлдердің аттары қандай?<br>-Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай истері де хош исті болады.<br>Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін.<br>-Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу<br>**Рефлексия** |
| **«Табиғат аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»** | | | | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Бақылау: Қардың еруін бақылау**<br>***Мақсаты:***_табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету._<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев***<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау**<br>***Мақсаты***_: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу._<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев***<br>Ұя жасап тақтайдан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>*Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ормандағы аюда».<br>*Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**: Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>— Ептіліктерін қалыптастыру;<br>— Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>**Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді.**<br><br>**Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.**<br><br>**Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.** | Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Құстарды топқа бөл.<br>**Мақсаты:** құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты»**<br>***Мақсаты:*** *зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.*<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім. **Қаз маңғаз.**<br>***Мақсаты:*** *сөздік қорларын байыту.*<br>***Тыйым сөздер:***<br>***Құс ұясын бұзба.***<br>***Құсқа тас атпа.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ***Құс жұмыртқасын сындырма.***<br>***Мақал мәтел:***<br>***Бабасы еккенді, баласы орады.***<br>***Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен*** |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br><br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br><br>**Балаларды үйге қайтару**. | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді .......................................**

## Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
## (04.04 - 08.04.2022 ж)
***Ай тақырыбы:*** «Қазақстанның ғарышкерлері»

| **Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібі*** | **Дүйсенбі 04.04** | **Сейсенбі 05.04** | **Сәрсенбі 06.04** | **Бейсенбі 07.04** | **Жұма 08.04** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату .** | | | | | |

| Балаларды қабылдау | Шығармашылық ойыны:<br>Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. | Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.<br>1.Бірім, екім,<br>Алма текім.<br>Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық.<br>2.Біз санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балан үйрек жалғасы. | Суретті жұмбақтар ойыны :<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. | Саусақ ойыны :<br>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу. | Үстел үсті театр ойыны :<br>«Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру.<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | «Психомоторлық жаттығу»<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер. | «Психомоторлық жаттығу»<br>«Күлімдеген күн»<br>Күн күлімдеп нұр төкті,<br>Жақсы сөздер нұр септі,<br>Еске сақтап кеңесті,<br>Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге.. | «Психомоторлық жаттығу»<br>«Табиғатпен үндестік»<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пеп махаббатты<br>Сезініп өмір сүреміз. | «Психомоторлық жаттығу»<br>*«Біз әдепті баламыз»*<br>Әдеп сақтап әманда,<br>Әрбір адал адамға.<br>Жасасаң бір қамқорлық,<br>Қайтарады саған да. | «Психомоторлық жаттығу»<br>Көңілденіп күленіп,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Бәрін біліп алатын,<br>Мен ақылды баламын. |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**<br>Жаттығу жеңіс кепілі<br><br>**Мақсаты**: имек ағаш пен түрлі тактикаларды пайдаланып целлулоид шарларды алып жүру, шайбамен кегельдерді соғып түсіру<br>**Негізгі кезең**<br>«Түсіріп алма!».<br>Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүру ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне | **1. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** Стадион<br>**Мақсаты** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіп орындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар<br>**Негізгі кезең**<br>«Баскетбол»<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы** : Бір,екі,үш,балалар алды күш!<br>**Мақсаты:** түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету,<br>«денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру<br>**Негізгі кезең**<br>**«Секіргіштер»**<br>15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону.<br>Секіру сызығына келіптұрады.<br>Жерден екпіндепитеріледі де,қолдарын сермеп көмектеседі.<br>Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>**«Футболшылар» –** «Допты дәл беру»<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Гдыбысы.<br>**Мақсаты** Г дыбысы – дауыссыз дыбыс, г дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі г дыбысының орнын ажыратады.<br>**Негізгі кезең**<br>Суретте кімдерді көрдіңдер? Әртүрлі ертегі кейіпкерлерін атайды. Мысалы: Елес, Гарри Поттер, Алдаркөсе, мыстан. «Газет», «Галстук», «Гу-гу!», «Глобус» сөздерін қайталайды.<br>Сөздердің басында естіліп тұрған дыбысты ажыратады<br>Ертегі сөзін буынға бөліп, Г дыбысы естілетін буынды табады. 2-тапсырма. «Қаршақыз бен жеті құртақан» атты туралы ертегіден үзінді көрсетеді. | 1. **Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** : Өнердің ғажайып әлемі<br>**Мақсаты** балалардың табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту<br>**Негізгі кезең**<br>К.Ушинскийдің «Төрт тілек» әңгімесін оқып сұрақтар қоямын.<br>Ойын. «Мен табиғаттан не үйрендім?<br>Балалар кезекпен табиғаттан не үйренгенін айтады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Суреттегі табиғаттың бөлшегінен қандай жақсы қасиеттер үйрендіңдер?Әңгімелеп беріңдер. Ғажайып сөздер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді.<br>Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады.<br>«Мұздағы кегельдер».<br>Алаңқайдың ортасында кегельдер тұр.<br>Ойыншылар кегельге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.<br>Имек ағашты дұрыс ұстауларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау.<br>Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататындай етіп ұстауға тырысады. Жаттығуды орындағанда бұрын білгендерін пайдаланады<br>Рефлексия | алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады.<br>Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді.<br>«Гимнастика»<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау<br>Ойын жаттығуы: «Қарама-қарсы қозғалыс»<br>Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де, екінші қатар соған қарама-қарсы қимылдар жасайды.<br>Рефлексия | сол аяқпен бір-біріне береді.<br>Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады.<br>Дыбыстарды айтып тұрып, тыныс алу гимнастикасы. «Я» дыбысы.<br>Дыбыстарды айту өкпенің астыңғы жағына, жүрекке, бауырға, асқазанға жақсы әсер етеді. Ауырғанды басады, өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.<br>Бастапқы қалып – еркін тұрыс.<br>Терең тыныс алады да, демін шығарғанда созып «яяяя» деп дыбысты айтады. Дыбысты мүмкіндігінше созады<br>**Рефлексия** | Жеті цифрын белгілейді. Балалар сандарды тура және кері санайды. Сегіз сөзін буынға бөледі. Сегіз сөзіне сөйлем құрайды. Г ұяң дауыссыз дыбыс екенін беледі<br>Г дыбысын айтқанда тіліміздің арты таңдайымызға тиеді. Созылып айтылмайды, кедергіге ұшырайды. Тақтаға Г әрпінің баспа түрін іліп қояды. Құтан суретіндегі мойыны Г-ге ұқсап тұрады. Және Г әрпіне ұқсайтын гүлдің суреті де болады. Балалар Г әрпінің бейнесін ауада жазып жаттығады. Естеріне сақтайды.<br>**Рефлексия** | -мен мейірімділікті табиғаттан үйрендім.<br>**Рефлексия** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ойын- жаттығу:<br>«Мөлдір су»<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы :«Теңізшілер. Балық аулаушылар Су асты кайығы»<br>Мақсаты : Оқушыларда ойында логикалық жүйелілікте бірнеше әрекеттерді қалыптастыру, ойын жағдайына кіру, ойынның сюжеті мен рөлі негізінде аяғына дейін ойнау. Балаларда жағымды | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы : «Хайуанбақ »<br>Мақсаты:<br>Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудін негізгі | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы : «Сақтау қызметі» *(қайталау)*<br>Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы : «Мұражай» *(қайталау)*<br>Мақсаты : Балаларды өз бетерінше рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдін көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейрімен карауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ойын– жаттығу:<br>«Жәндіктердің қимылың жасайық»<br>3.«Тасбақа»<br>Тасбақаға қарандаршы,<br>Тас жейдесін киіп ап.<br>Тауға мінді, суға жүзді,<br>Балықтарды ұстады.<br>Дәмді тағам ішіп алып,<br>Қарнын ол тойдырды.<br>Енді қайда барады,<br>Жата қалып, демалды.<br>(Саусақтарын жұдырыққа түйіп алып, тасбақаға еліктеу.<br>Саусақтарды үстел үстінде жүргізу.<br>Басбармақпен ортаңғы саусақтарды ұштастыру.<br>Саусақтарды қайтадан жұдырыққа түю).<br> | қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру және топта мейрімді қатынасты қалыптастыру.<br>Жағдаят: Кеме құрылымы, теңіз асты қайығы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс- әрекеттерді жасау,кемені жөндеу, сүңгуірдің жұмысы, Кемедегі жалаудын көтерілуі, портққа оралу.<br>Май шабақты табу.<br>Май шабақты аулау, балық кетеді, кемедегі тесілген жер.<br>Жаңа зәкір суға түседі, теңізде өрт.Көмек келеді<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Капитан рөлінде кемені жүргізеді, басқаларға команда береді, маршруттық қағаз береді, басқа кемелермен байланысқа шығады. Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады.<br>Балалардың іс-әректі: Кеме құрайды, матростар діңгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлюпкашы діңгектің дұрыс салынуын тексереді;<br>Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратынын бақылайды.<br>Сүңгуірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады. Механик көмірдің жанып кеткенін айтады. Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды.<br>Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады.<br>Механик машина жұмыстарын тексереді.<br>Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды.<br>Адамдарға тамақты қалай дайындайды. | жұмысымен таныстыру . Жағдаят:<br>Хауанбакқа билет алу;<br>Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін тандау ;<br>Хауанбакқа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды .<br>Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер ,<br>Аңлардын сауығуы.<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді,<br>Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі<br>Балалардың іс-әректі:  хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді<br>Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғанын ескереді<br>Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады .<br>  | сөйлеу тілін дамыту .<br>Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;<br>Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;<br>Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;<br>Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;<br>Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .<br>Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды<br>ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .<br>Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді<br>Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.<br><br> | Жағдаят: Мұражайға баруға дайындалу ;<br>Жол сілтемелерді қарау;<br>Мұражайды таңдау;<br>Экспозицияларды хаттау;<br>Топ жорық ;<br>Жаңалау шеберханасы.<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.<br>Балалардың іс-әректі: Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді ,<br>Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю<br>Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап,<br>Өндеушілер ескі экспонатарды жөндейді<br>Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді<br>Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ<br>Дүнгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады .Жүргізушілер экспонатарды әеліп ,көлікті қадағалайды.<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **2. Сөйлеудi дамыту**<br>**Тақырыбы** Күшік пен мысық<br>**Мақсаты**: ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі<br>**Негізгі кезең:** Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br>Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?<br>Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық»<br>Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.<br>Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырма орындатылады<br>**Рефлексия** ; | **2. Математика негiздерi**<br>***Тақырыбы*** Ұзын-қысқа, биік-аласа, кең-тар, қалың-жұқа.<br>Тең заттар<br>**Мақсаты:** «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды біледі<br>**Негізгі кезең:**<br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Бір-бірінің үстіне салу тәсілін пайдалану әрқашан қолайлы бола бермейді.<br>Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады.<br>Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар.<br>Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын.<br>Келесі өлшем осы жерден басталады.<br>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?<br>Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. 1-тапсырма жаңа «ұзынырақ-қысқарақ», «өлшем» терминдерін бекітуге арналған.<br>Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды.<br>Тапсырманы орындайды, «ұзынырақ – қысқарақ», «өлшем» сөздерін қайталайды<br>**Рефлексия** | **2. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** *Й дыбысы.*<br>**Мақсаты** Й дыбысы – дауысты дыбыс. Й дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар педагогтің сөйлемдерін қайталап айтады. Ым-ишиармен келтіреді. Сөйлемдерден й дыбысы естілетін сөздерді атайды, буынға бөледі. Қандай, қайың. Й – үнді дауыссыз дыбыс. Айтқанда кедергіге ұшырап қысқа айтылады. Көк текшемен белгілейміз. Й дыбысынан басталатын қазақта сөз жоғын педагог балаларға ескертеді. Мысал келтіреді. Айша, айна, қалай?, қайсы? т.б. Айша деген қыздың атын қайталайды. Айша сөзін буынға бөліп сызбасын жазады. Дауыссыз дыбыстарды көк, дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейді. 2-тапсырма. Суреттегі заттарды атайды, оларға ортақ атау (киім) береді, й дыбысы кездесетін сөздерді дауыстап айтып, оларға дыбыстық талдау жасатады. Мысалы: ма-ла-қай – үш буын, й дыбысы сөздің соңында тұр.<br><br>**Рефлексия** | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы**: Наурыз жыл басы<br>**Мақсаты** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай) | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** : Үш қыз (татар халық ертегісі)<br>**Мақсаты** ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог әңгіме құрастырады.<br>Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек.<br>Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек.<br>«Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру<br>Сұрақ-жауап:<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке қарап, тақырып ойлап тап.<br>Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br>Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта.<br>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар.<br>**Мақалдың** мағынасын түсініп ал: «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет».<br>**Рефлексия** |

| | | Рефлексия | | | |
|---|---|---|---|---|---|

## Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

**Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.

**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.











**Ойын: « Көбелектер бақалар»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.

**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.





## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

3. Сурет салу

Тақырыбы Қызғаншақ қонжықтар

**Мақсаты**. қонжық суретін оның көңіл күйін жеткізе отырып сала біледі

**Негізгі кезең**

Қазір біз жаңа ғана тамашалаған ертегідегі екі қызғаншақ қонжықтың суретін саламыз. Алдымен, көрнекі суретке (демонстрациялық материал) қарайық, содан соң ретімен жұмыс дәптерімізге саламыз. Қатар отырған көрші балалар қызғаншақ екі қонжықты бір- бірден келісе отырып бөліп алатын болады. Оқу партасының оң жағында отырған бала оң жақтағы, ал сол жақта отырған бала сол жақтағы қонжықты таңдап алады. Суретті салмас бұрын алдымен сурет дәптерінің бетін дұрыс бағдарлап қойып аламыз. Бұл қонжықтың қолайлы орналасуы, барлық

**3. Жапсыру**

**Тақырыбы** Гүл салынған ыдыс

**Мақсаты** ыдысқа салатын гүлді жасайды

**Негізгі кезең**

Педагог бұл гүлдің ерекше жасалғанын көрсетіп, жаңа әдісті өз балаларына бүгінгі оқу қызметінде үйрететінін айтады. 73-беттегі үлгідегі суретпен таныстыру. Педагог гүлдің сабағы мен күлтелері, олардың орналасуы туралы түсіндіреді.

Гүл жасайтын бөліктерді қиып дайындау

2-үлгіге қарап, гүлді 74-бетке жапсырады.

Жапсырудың мынадай ретімен әдісі бар:

гүл сауытын әшекейлеу;

**3. Жаратылыстану**

**Тақырыбы** Өсімдіктерді қалай күту қажет?

**Мақсаты** бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді

**Негізгі кезең**

Педагог «Ақылдылар тартысы» техникасын айтып береді.

Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.

Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады

Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.

Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.

**Әліппе-дәптердегі тапсырманы орындауды тапсырады.**

Дала гүлдеріне өсіп, жетілу

**3. Қоршаған орта**

**Тақырыбы** Қазақстан байлықтары мен жетістіктері

**Мақсаты** Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің табиғи байлығы туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру

**Негізгі кезең**

Үлкен өзен, көлдері Үлкен орман шөлдері Елдідесем, табыңдар!

«О» әрпі, терезе суреті, алма суреті, нан суретеді. -Біздің Отанымыз- Қазақстан Республикасы. Біздің жеріміз-кең-байтақ Қазақстан. Мұнда көптеген облыс орталықтары бар. Барлық қалаларды, ауылдарды, облыс орталықтары біріктіріп тұрған біздің бас қала-Астана. Бүгін біз еліміздің байлықтары мен жетістіктері туралы әңгімелесеміз. Пайдалы қазбалардың суретін көрсетеді. *Билингвалды*

**3. Мүсіндеу**

**Тақырыбы** Торсық

**Мақсаты** ермексаздан торсықты мүсіндейді, әшекейлейді

**Негізгі кезең**

Балалар, бүгін осы ұлттық бұйым, қымыз құятын әдемі торсықты мүсіндейік. Ермексазды алақандарына салып, сопақша пішінге келтіріп, осы бөліктен шымшып созу арқылы мойнын шығарамыз, екі бүйірінен үшінші саусақпен созып шымшып, қысу арқылы үшбұрыштап оюлап иіп, мүсінін келтіреміз

Торсықтың қақпағын жасау. Ермексазды алақанға салып домалақтап, фломастердің қақпағы арқылы дайын болған домалақ пішіннің ортасына ойық жасаймыз.Ойыққа саусақтың көмегімен қақпақтың пішінін орналастырамыз.

Педагогтің көмегімен балалар торсықты қалауы бойынша безендіреді.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктерінің қағаз бетіне ретімен салынуы үшін қажет. Қонжықтың басы, денесі, қолдары мен аяқтары салынады. Алдымен қарындашпен салып аламыз. Аяқтары мен қолдары біркелкі болып шығуын қадағалаймыз.<br>Қылқаламмен бояп суретімізге көрік береміз, бірақ балалар, ұмытпаңдар, біздегі басты мақсат – екі қонжықтың көңіл күйлерін дұрыс жеткізу. Ал олар қандай қонжықтар екенін жаңа ертегіден білген болатынбыз<br>**Рефлексия** | гүлдің сабағын жапсыру(дөңгелек қағазды екіге бүктеп, астыңғы бөлігіне желім жағып жапсырамыз). гүл күлтелерін де сол әдіспен жапсырамыз.<br>Жапсыру барысында реттілікті сақтау керек, өйткені бір-бірін басып калады.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет балаларға педагог көңіл бөледі.<br>Саусақ жаттығуларын жасау<br>**Рефлексия** | үшін қажетті заттар бейнеленген суреттерді қоршап сыз<br>**Рефлексия** | *компонент.* байлық-богатство, жетістік-достижение, қуатты-мощный, мыс-медь, мұнай-нефть, жанармай-горючее. *Пайдалы қазба-жер астынан қазылып алынатын кен.* -Біздің жеріміз кең-байтақ, ұланғайыр, еліміз,қуатты өлке, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Қазба байлықтарды тек төз еліміз пайдаланып коймай, шетелге де шығарады. *Саяси-әкімшілік картамен жұмыс.*-Балалар біз өткенде еліміздің басты қалаларымен таныстық. Олар қандай қалалар? Дұрыс айтасыңдар. Мына картадағы әр түс әр облысты бейнелейді. Әр облыстардың орталық қалалары бар. Мынау-Қарағанды қаласы. -Қарағанды облысында не ондіріледі? -Көмір бізге не үшін керек? -Отты неге жағу керек? -Үйді жылу үшін бізге керек көмірді жер астынан қазып алады екенбіз. Қарағанды облысында тағы бір қала бар. Ол-Балқаш қаласы. Балқаш қаласы Балқаш көлінің жағасында орналасқан. Балқаш қаласында үлкен мыс зауыты бар<br>**Рефлексия** | Ермексазды ұзыншалап созып және есіп, «Қошқармүйіз» оюымен әшекейлеуге болады<br>**Рефлексия** |

## Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Артикулыциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, |  |  |  | Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. |

-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**

**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

















## 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

**4. .Орыс тілі**
**Тема** Наурыз
**Цель:** слова, обозначающие весенние явления.
Основная часть
НА – НА – НА – наступила вновь весна
ЛО – ЛО – ЛО – на улице тепло
НУ – НУ – НУ – очень ждали мы весну ГА – ГА – ГА – растаяли снега
Д/У: Педагог показывает картину «Наурыз».
Беседа по картинке
– Что вы видите на картинке? Как одеты люди? Какое у них настроение?
Педагог дает образец рассказа.
Наступила Весна.
Весной мы празднуем праздник Наурыз. Во

**4. Логика**
Тақырыбы «Бұл қай сөз?»
**Мақсаты** Сөздерді құрастырып оқиды
**Негізгі кезең**
Мен тимеймін, жасқанба
Асқаржан Сәрсеков
Мен тимеймін, жасқанба,
Дос болайық көбелек.
Жайнап тұрған бақшамда.
Гүлдеріңді көре кет.
Кел бояйық: көбелекті боя.
-есептерді шығара отырып, түстерін ажыратып, көбелекті боя
Көлік түрлері және олардың пайдасы мен зияны туралы әңгімелеу
**Тапсырма:**
-Көліктерді тұрағына дұрыс орналастыр.
**-Ойын: «Гүлдерді құрастыр»**
**Рефлексия**

**4. Музыка**
Тақырыбы Көктем әндері
**Мақсаты** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй күдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.
**Музыка тыңдау:**
**Музыка тыңдау:** «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) **Ән айту:**
«Көктем» (Д. Гусинцев)
«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)
**Билер:** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**
«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)
Музыкалық аспапта ойнау:
«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

**4. Ертегілер елінде**
Тақырыбы **Түлкі мен жолбарыс**
**Мақсаты** Балалар ертегі мазмұнын түсінеді
**Негізгі кезең**
**Жұмбақ жасыру:** 1.Өзі айлакер, өзі бір қу,
Жүрген жері айғай да, шу.
2.Барекен бір айуан көпке таныс,
Мекені жүрер оның тау мен қамыс.
Бұл өзі айласы көп, шапшаң епті,
Жүректі бір айуанға қойса бетті.
Қайтпайды, жара алмаса не өледі,
Жүрмесе тынбайды ол, алмай кекті
Жылқы тұмсық,Ешкі құйрық.Есек құлақ.Қорқақ өзі,
Қыли көзі
Оларды неге жабайы аңдар деп атаймыз?
Олар немен қоректенеді?
Өздерің тұратын жерде қандай жабайы аңдар бар?
**«Түлкі мен жолбарыс»** ертегісін

**4. Өнерлі екен он саусақ**
Тақырыбы **Орманда** қол еңбегі
**Мақсаты** орман суретін жапсырады
**Негізгі кезең**
Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты
Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты
Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты
Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты.
Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру.
Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік.
Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның бейнесін жапсырамыз
**Рефлексия**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | время праздника люди поют песни, танцуют, играют в разные игры, дарят друг другу подарки. Готовят наурызкоже. Предлагает 3–4 детям повторить рассказ Рефлексия | | | мәнерлеп оқып беру.Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді?Жолбарыс ше? **Рефлексия** | |

**Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**Ойын: «Тығылыспақ»**

**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын »**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.













**Ойын: «Тығылыспақ»**

**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**

**Жасы: 5-6 жас аралығы**

**Қажетті заттар:**

**Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>— Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;<br>— Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау: Тастарды бақылау**<br>*Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>Балабақша ауласындағы | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты**: *өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>*Бақылау барысы.*<br>*Көркем сөз. «Бұлт»* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>*Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бақылау барысы*<br>**Тәрбиеші әңгімесі:**<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>♦ Мойыл жидектерінен не жасайды?<br>♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?<br>**Еңбек**<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>*Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Біздің аулада не өседі?».<br>*Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** Қимылдарын дамыту<br>*Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел:*** | ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>*Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын.**<br>«Бәйге».<br>*Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.*<br>**Жаттығу ойыны.**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>*Мақсаты:*<br>*секіргіш жіппен секіруге* | *Ө. Ақыпбекұлы*<br>*Бұлттың қайда тұрағы?*<br>*Біле алмадым мұны әлі.*<br>*Білерім көк аспанның,*<br>*Бұлт-көшпелі бұлағы.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)*<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)*<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*<br>**Қимылды ойын** «Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.*<br>**Жеке жұмыс**<br>Математикалық жаттығулар.<br>*Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.*<br>***Халық болжамы. Ерте көктемде*** | Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру.<br>*Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.* | алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»**<br>*Мақсаты:*<br>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>**Жаттығу ойыны**<br>Ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:* ұзындыққа секіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***-Бір тал кессең, он тал ек.*** | *жаттықтыру.* | ***найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.*** | *Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.* | |
| **Балаларды үйге қайтару** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. | *Ата –аналарға кеңес*<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады | *Ата –аналарға кеңес*<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | *Ата –аналарға кеңес*<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | *Ата –аналарға кеңес*<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | *Ата –аналарға кеңес*<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді...........................**

**Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(11.04-15.04.2022 ж)**

Ай тақырыбы: «Қазақстанның ғарышкерлері»

| Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 11.04** | **Сейсенбі 12.04** | **Сәрсенбі 13.04** | **Бейсенбі 14.04** | **Жұма 15.04** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдері» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Шаттық шеңбері Жаттығу | | «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған! |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Қ.Республикасы халықтарының ойындары **Мақсаты**: Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу **Негізгі кезең** **«Секіргіштер»** 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіптұрады. Жерден екпіндепитеріледі де,қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады. **«Футболшылар»** – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен | **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Қ.Республикасы халықтарының ойындары **Мақсаты**: Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу **Негізгі кезең** **«Секіргіштер»** 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіптұрады. Жерден екпіндепитеріледі де,қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады. **«Футболшылар»** – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы** Дәрумендер **Мақсаты** ережелерді есте сақтайды, тапсырмаларды орындайды **Негізгі кезең** Дәрумерсіз адам денсаулығы жақсармайды. Жеміс-жидектермен көгөністерді қажетінше жеу керек. Дәрумендердің қандай көгөніс, жемістерде кездеседі? – Дәрумендер тек қана көгөніс пен жемістерде ғана емес, сонымен қатар тағамдарда да болады. – Сүт тағамдары, ет құрамында дәрумен мол болады. – Себеттегі жемістерді алып, көрсете отырып түсіндіру. Алма, апельсин, лимон т.б. жемістердегі дәрумендерді | **1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** З дыбысы **Мақсаты**: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратады. З дыбысы – дауыссыз дыбыс, з дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды **Негізгі кезең:** Педагог балаларға қару-жарақтар, музыкалық аспаптар мен қазанның суреттерін көрсетеді. Балалар заттардың аттарын атайды: қобыз, семсер, садақ, қазан, найза, домбыра, сыбызғы. Суреттегі заттарды ататып, сызықпен қосып топтастырып, сұрақтарға жауап беру. Сен қандай музейде болдың? Артық зат қайсысы? (Қазан). Суретте берілген заттардың аттарынан З дыбысын табу. З дыбысының орнын анықта. Балалар кеңістікті бағдарлайды. З дыбысы нешінші буында екенін айт. 2-тапсырма Педагог балаларға моншақтар мен түсті қағаздардан З әрпін құрастыруды ұсынады. 3- | **1.Өзін-өзі тану** **Тақырыбы** Туған жерімді сүйемін **Мақсаты** Балаларға отанға сүйіспеншілік,туған жер туралы құндылықтарын түсінеді **Негізгі кезең** Туған жер. Е.Ерботин. Төскейден жел еседі, Төбемнен бұлт көшеді. Туған жерім мен үшін Көк майсасын төседі. Өзіммен-өзім.Үнтаспадан табиғаттың дыбыстарын тыңдайды көз алдарына елестетеді. Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер? Дәптермен жұмыс. Табиғаттың суретін салыңдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады.<br>Дыбыстарды айтып тұрып, тыныс алу гимнастикасы. «Я» дыбысы.<br>Дыбыстарды айту өкпенің астыңғы жағына, жүрекке, бауырға, асқазанға жақсы әсер етеді.<br>Ауырғанды басады, өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.<br>Бастапқы қалып – еркін тұрыс.<br>Терең тыныс алады да, демін шығарғанда созып «яяяя» деп дыбысты айтады. Дыбысты мүмкіндігінше созады<br>**Рефлексия** | жағымен беруге тырысады.<br>Дыбыстарды айтып тұрып, тыныс алу гимнастикасы. «Я» дыбысы.<br>Дыбыстарды айту өкпенің астыңғы жағына, жүрекке, бауырға, асқазанға жақсы әсер етеді. Ауырғанды басады, өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.<br>Бастапқы қалып – еркін тұрыс.<br>Терең тыныс алады да, демін шығарғанда созып «яяяя» деп дыбысты айтады. Дыбысты мүмкіндігінше созады<br>**Рефлексия** | атап айту.<br>Жемістерден алынған дәрумендер бойдың өсуіне, ағзаның дұрыс дамуына әсер етеді, көздің көруін жақсартады.<br>**«Дәрумендер»** демонстрациялық материалынан педагог балаларға А, С, В, D дәрумендерінің қандай жемістер мен тағамда болатынын түсіндіреді.<br>Суреттегі тағамдар мен жемістерді балалар педагогтің көмегімен атайды<br>**Рефлексия** | тапсырма. Қай зат үстінде тұр? Сол заттың суретін боя.<br>Берілген тапсырмада сызғыштағы 8 санын тігінен екіге бөлгенде оң жағы 3 әрпі және 3 цифры болады. Жауабы болған жағын бояңдар<br>**Рефлексия** | |

## Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар

## *«Мысықтар мен балалар»*

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
**Мә-ә-ә-ә-ә**
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
**Мө—ө-ө-ө**
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )
**Майлыаяқ.**
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:









**Ойын:** ***«Мысықтар мен балалар»***

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

| | | |
|---|---|---|
| **(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөліңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) |  | |

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Наурыз көктем мерекесі<br>жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды<br>**Негізгі кезең**<br>Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі – жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың жолын қуған Кәмшат атты қыз<br>жұмбақ айтысымен келіп отыр. (Үнтаспадан Кәмшаттың дауысы қосылады.)<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп қонаққа келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады.<br>Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса,<br>жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі | **2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** :<br>Геометриялық пішіндер және денелер<br>**Мақсаты: біледі:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз? (Пішіндерді тақтада көрсету).<br>Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>(Педагог дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді).<br>Практикалық жұмыс.<br>Балалар, қызыл сопақшаны алып, саусақпен жиегін сипап өтіңдер.<br>Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай пішінге ұқсайды? Қызыл | **2. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** : : Г дыбысы<br>**Мақсаты:** Г дыбысы – дауыссыз дыбыс, г дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>«Газет», «Галстук», «Гу-гу!», «Глобус» сөздерін қайталайды. Сөздердің басында естіліп тұрған дыбысты ажыратады.<br>Педагог балалардан сұрақ сұрайды. – Қай мультфильм ұнайды? Балалар өздеріне ұнайтын мультфильмдер туралы айтады. Ертегі сөзін буынға бөліп, Г дыбысы естілетін буынды табады. 2-тапсырма. «Қаршақыз бен жеті құртақан» атты туралы ертегіден үзінді көрсетеді. Жеті цифрын белгілейді<br>Г дыбысын айтқанда тіліміздің арты таңдайымызға тиеді. Созылып айтылмайды, кедергіге ұшырайды. Тақтаға Г әрпінің баспа түрін іліп қояды. Құтан суретіндегі мойыны Г-ге ұқсап тұрады. Және Г әрпіне ұқсайтын гүлдің суреті де болады. Балалар Г әрпінің бейнесін ауада жазып жаттығады. | **2 Музыка**<br>**Тақырыбы** Қайырлы таң<br>**Мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейсова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** : Мен ғарышкер боламын (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы айтып берейін:<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады.<br>Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br><br>**Рефлексия** | сопақшаның үстіне жасыл дөңгелекті салыңдар.<br>(Пішіндердің өлшемі бірдей болуы тиіс).<br>Атауларды қайталайды.<br>Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады, неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды.<br>Таратуға арналған материалмен жұмыс істейді, геометриялық пішіндерді– сопақша мен дөңгелекті<br>тексереді,<br><br>**Рефлексия** | Естеріне сақтайды<br><br>**Рефлексия** | | |

**Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**
**«Жасыру» саусақ ойыны.**
**Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.
Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.
Ал енді, келесі қолға жасырамыз.
Қарандашты қыса отырып,
Алақанды ауыстырамыз.
Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.
**«Салат» саусақ ойыны.**
Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)











**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.
**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы** Сәукелені әшекейлейміз<br>**Мақсаты:** сурет салу іс-әрекеті арқылы сәукелені әшекейлей алады<br>**Негізгі кезең**<br>Сәукелені салу үшін алдымен үшбұрыш салып аламыз, астыңғы бөлікті сәл дөңгелектеп, | **3 Жапсыру.**<br>**Тақырыбы** Көлшікте<br>**Мақсаты:** суда мекен ететін үйрек пен бақаны жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Бүгінгі оқу қызметінде бақа мен үйрекке біздің көмегіміз керек екен. Өйткені олар өз | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Тақырыбы** Көктем белгілері<br>**Мақсаты:** табиғат құбылыстарын атап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тану | **3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы** Төбешіктер<br>**Мақсаты:** құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін атай біледі және олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады<br>**Негізгі кезең**<br>Әр балаға құрылыс | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы** Әжемнің сандығы<br>**Мақсаты:** :сандықты ермексаздан мүсіндейді<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар бар екен? Әже, осы бағалы бұйымдарыңызды балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәукеленің ең жоғарғы ұшына үкі тағамыз, сәукелеміз әдемі әрі тартымды болуы үшін оған ою-өрнек саламыз. Балалар үлгіден қарап немесе өз таңдаулары бойынша ою-өрнекпен безендіреді.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша: киіз – кошма – nightmare, тәж – корона – crown, құлақбау – гуж – tug, үкі тағу – украшать перьями филина – decorate with feathers, конус –<br>**Рефлексия** | көлшіктерінен адасып қалыпты. Міне, қарандаршы!<br>№1 слайд. Экраннан ағаш басында отырған бақа мен таудың үстінде жүрген үйрек көрсетіледі.<br>№2 слайд.<br>Үлестірмелі материалдың 76-бетіндегі сюжетті сурет көрсетіледі. Кәнеки, оларды әдемілеп қиып жапсырып, өз көлшіктеріне орналастырайық.<br>Үлестірмелі материалдың 78-бетіндегі үйректің бөліктерін қиып аламыз:<br>денесін;<br>басын;<br>қанатын;<br>тұмсығын;<br>көзін.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет балаларға педагог көңіл бөледі<br>**Рефлексия** | процесін ұйымдастырады: Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. **Ойын түріндегі жаттығу. «Күнмен ойнайық».**<br>Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады.<br>Күн сәулесі қандай болады?<br>Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады.<br>Жарық.<br>**Рефлексия** | материалдарының жиынтықтары беріледі. Биік төбешіктерді құрастыру үлгісі ұсынылады.<br>Педагог төбешіктердің құрылысын сұрақтар қою арқылы түсіндіреді:<br>тірегі, сырғанайтын бөлігі, шығатын басқыштары т.б.<br>мұнда ең негізгібөлігі қайсысы? қандай бөліктерден бастап құрастыруға болады? төбешіктердің биіктігі қандай бөліктеріне байланысты? кірпіштер мен текшелерді қалай орналастыруға болады?<br>Төбешікті құрастырудың ретін айтуды ұсынады. Ең бірінші неден бастаймыз, содан кейін? Тағы сол сияқты қай бөліктерін қоюға болады? Төбешікті құрастырудың ҰОҚ-сын қарап шығу ұсынылады, балалар өздігінен дербес әрекет ете отырып, «төбешікті» құрастыруға кіріседі.<br>Біз жасайтын төбешікті мәшинелер жүретін, яғни мәшине жылдам шыға алатын немесе баяу жүру үшін қалай құрастыруға болады?<br>**Рефлексия** | таныстырасыз ба?<br>Мынау, міне, тұскиіз, текемет, көрпе, сандық, т.б.<br>–Әже, осының ішінде әдемі болып көзімізге түсіп тұрғаны – сандық.<br>Осы сандық қайдан алынғаны және қалай жасалғаны жайлы айтып беріңізші?<br>*Әженің шағын әңгімесі:*<br>Сендерге менің сандығым ұнаған болса, өздеріңе дәл осындай сандық жасап алуға немерем көмектеседі (тақтада сандықтың жасалу жолы көрсетіледі.)<br>Ермексазды жұмсақтап, төртбұрыш пішінге келтіреміз, бұрыштарын қырлаймыз. Өзімізге таныс шымшу әдісі арқылы сандықтың аяғын шығарамыз.(Тақтада үлгі ауыстырылады, әдемі әшекейленген бірнеше сандықтың үлгісі көрсетіледі. Соның біреуі таңдалынады.)<br>Осы үлгі бойынша сандықтың сыртын әртүрлігеометриялық пішіндермен өрнектейміз<br>**Рефлексия** |

**Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**<br>**«Кірпі»** жаттығуы<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма!<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**<br>**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. |  | ***Ойын: «Көжектер»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. |

| | | |
|---|---|---|
| Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.<br>Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды. | <br> |  |

## 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Орыс тілі**<br>Тема: Что вкусно и полезно?<br>**Цель:** названия продуктов питания.<br>**Основная часть**<br>ЕМ – ЕМ – ЕМ – продукты покупаем ША – ША – ША – вкусная каша<br>КО – КО – КО – всем полезно молоко<br>Педагог показывает картинки.<br>Это сыр. Это сахар. Это яйцо.<br>Сыр, сахар, яйцо – это продукты питания.<br>Дети запоминаютновыеслова,четкопроговариваютхоромииндивидуально.<br>Педагог показывает картинки с продуктами, называет свойства и что можно делать с этими продуктами.<br>Это сахар. Сахар сладкий. Сахар кладем в чай.<br>Это молоко. Молоко полезное. Молоко нальем в стакан. Это | **4.Логика**<br>**Тақырыбы:Үй құстары**<br>**Мақсаты:** үй құстарын ажыратады<br>**Негізгі кезең**<br>Ақ тауық-ау, ақ тауық,<br>Ақ тауық неден қақ сауық.<br>Ертеменен қыт-қыттайды,<br>Ауламыздан шықпайды.<br>-Үй құстарын ата .<br>-Оларды неліктен солай атайды?<br>-Қораздың қорегін боя.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>-Үйрек анаға өз балапандарын тауып алуға көмектес.<br>-Қосу амалдарын орындау.<br>-Жетіспей тұрған санды жаз.<br>**Рефлексия** | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Наурыз жыл басы<br>**Мақсаты:** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Музыка тыңдау:<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай) | **4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қоянның зары<br>**Мақсаты:** Балалар ертегі мазмұнын түсінеді<br>**Негізгі кезең**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>1.Аузы бейне шалғы орақ,<br>Шөп емес ,бірақ малды орады.<br>2. Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады.<br>3.Орғыған қорқақ, көзі қыли,<br>Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді.<br>Балалар қоянның суретін қарап, ол туралы не білетіндерін ортаға салады. Оның сыртқы түрін сипаттайды. Қоян туралы қандай ертегі білетіндерін сұрау. Қоянның қандай кейіпкер екенін анықтау.2. Ертегі «Қоянның зары»<br>а) «Қоянның зары» ертегісін мәнерлеп оқып беру.<br>ә) Сұрақ-жауап арқылы мазмұнын түсіндіру | **4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы:** Көлде жүзген аққу<br>**Мақсаты:** аққуды тұздалған қамырмен мүсіндейді<br>**Негізгі кезең**<br>Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды.<br>**Мақал:**<br>Аққуды атпа,<br>Досыңды сатпа.<br>Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз.<br>Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | масло. Масло вкусное. Масло намажем на хлеб. Педагогобращаетвнимание,чтопри составлениипредложений, использовали предлоги «В» и «На». Дети слушают, напоминают, повторяют **Рефлексия** | | | **Рефлексия** | |

## Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
## «Көршілеріңді ата»

Саусақ гимнастика жаттығулары:
1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).
4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.
Саусақтар шынжыр болады,
Үзілмейді тартсаң да,
Ал, піл келіп шынжырды,
Үзіп кетті басқанда.
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.









***Ойын:*** ***«Көршілеріңді ата»***
**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.
**Жасы:** 5-6 жас аралығы
**Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті.
**Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.
**1 нұсқа:** пеадгог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды.
**2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат** | **Сәуір Серуен-Бақылау №8** | **Сәуір Серуен-Бақылау №9** | **Сәуір Серуен-Бақылау №10** | **Сәуір Серуен-Бақылау №11** | **Сәуір Серуен-Бақылау №12** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»** | **Бақылау: Топырақты бақылау**<br>***Мақсаты:** торф топырағының қыртысымен таныстыру .*<br>***Бақылау барысы***<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>*Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.*<br>***Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.***<br>***Қара жерге де, қамқорлық*** | **Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>***Мақсаты**: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>***Бақылау барысы***<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>**«Қасқыр қақпан»** | **Бақылау: Желді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру.<br>*Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.*<br>***Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа*** | **Бақылау: Тастарды бақылау**<br>***Мақсаты**: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?<br>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>*Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын.**<br>«Бәйге».<br>*Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске* | **Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау**<br>***Мақсаты**: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев***<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Құстарды топқа бөл.<br>Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын:** «Ұшты ұшты».<br>*Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.*<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>Қаз маңғаз.<br>*Мақсаты: сөздік қорларын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***керек.*** | *Мақсаты:*<br>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>**Жаттығу ойыны**<br>Ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:* ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | ***тығылса, жел болады.*** | *деген құштарлықтарын арттыру.*<br>**Жаттығу ойыны.**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>*Мақсаты:*<br>*секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.* | *байыту.*<br>***Тыйым сөздер:***<br>***Құс ұясын бұзба.***<br>***Құсқа тас атпа.***<br>***Құс жұмыртқасын сындырма.*** |
| | **Балаларды үйге қайтару.** | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br><br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br><br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерді:................................**

## Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
## (18.04-22.04.2022 ж)

**Ай тақырыбы:** «Қазақстанның ғарышкерлері»

| Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібінің мазмұны**<br>**Білім салалары** | **Дүйсенбі 18.04** | **Сейсенбі 19.04** | **Сәрсенбі 20.04** | **Бейсенбі 21.04** | **Жұма 22.04** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>Дамытушылық сипаттағы сабақ «Ертегілер әлемі» | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>Дамытушылық сипаттағы сабақ<br>«Логика» | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>Дамытушылық сипаттағы сабақ «Шебер қолдар» |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.**<br>**«Суреттерді орналастыр»**<br>**Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **Құрылыс ойындары**:<br>«Еңбек құралдары»,<br>«Наубайхана құрастырамыз». | **Фотосуреттер қарастыру**:<br>«Бидай мен қаңбақ»<br>Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру.<br>«Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | «Біз дәнбіз» диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды) | **Үстел үсті ойыны – пазл:**<br>**«Бидай»**<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | «Бидай»<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | «Нанға біз тоямыз»<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Тегістейміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орамыз,<br>Нанға біздер тоямыз. | «Көктем қандай тамаша!»<br>Көркемдеген жер-көкті,<br>Көктем қандай тамаша!<br>Жерге әкеліп төсепті<br>Алуан гүлді алаша. | «Көлбең, көлбең, көлеңкем»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды.<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:Волейболшы | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:Ойна,ойна | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Футбол ойнаймыз | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы**: Ж дыбысы | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы** Ұлттық дәстүрім – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰОҚ** | ның жаттығуы<br>**Мақсаты:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету<br>**Негізгі кезең**<br>***Жиі аттап жүгіру*** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады.<br>Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады.<br>Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды.<br>Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады.<br>Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).** Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.<br>**Рефлексия** | доптан айырылып қалма<br>**Мақсаты:** лақтырукүштілігінарттыру ды;жүгірудіңтүрлерінтехн икалықдұрыс орындауды<br>**Негізгі кезең**<br>**Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.<br>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгеннен кейін ғана жүгіру керек<br>**Тепе-теңдік сақтау** – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2-тізбек секіруді орындайды.<br>Сосын екі топ орын ауыстырады.<br>Белгілеп сызылған жерде екі тізбекке сап түзейді.<br>Ұзын орындықтан текшелерден аттап, қолды белдеріне қойып, тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды.<br>Бір-біріне кедергі жасамай, төмен қарамай, бастарын көтеріп жүруге тырысады<br>**Рефлексия** | **Мақсаты:** алаңның бір шетінен екінші шетіне қатарды бұзбай бару, «У-шу» жаттығулары кешені, футбол добын 3 метр қашықтықтан нысанаға дөңгелету<br>**Негізгі кезең**<br>Б.қ.: аяқтарын алшақтау қойып тұру. Сол аяғына қарай қисаю, қол саусақтарын аяғына тигізу – демін ішке тарту. Б.қ.: демін шығару.<br>Сол қимылдарды оң жағына қайталау.<br>**Қолыңмен көкті итер.** Б.қ.: тұру. Қолдарын баяу алдыға көтеру. Денені түзеп, тыныс алуды қалпына келтіру. 8 рет.<br>**Футбол** – жұптарға бөлініп, 3 метр қашықтықтан бір-біріне допты дөңгелету. **(10 рет)**<br>Нұсқау – допты серігінің дәл аяғына беру, допты ұру күшін мөлшерлеу, допты тек табанымен тоқтату<br>**Табанмен тоқтату** – доп келе жатқанда аяқты тізеден аздап бүгіп, алдыға шығару. Бутсының ұшын жоғары көтеріңкіреп, өкшені төмен түсіріп, аяғын артқа шегіндіру.<br>**Рефлексия** | **Мақсаты**: Ж дыбысы – дауыссыз дыбыс, ж дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>Суреттерге назар сала отырып, педагогтің оқыған жұмбақтарын балалар шешеді. Жұмбақтардың шешулері: жұлдыз, көжек, жапырақ. Жұмбақтың шешуі болған сөздерді дауыстап айтқызып, осы сөздерде кездесетін Ж дыбысын бірнеше рет қайталатады. Ж – ұяң дауыссыз дыбыс. «Ж» созылып, әндетіліп айтылмайды, ауыз қуысында кедергіге ұшырайды. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. 3-тапсырма. Суреттен Ж дыбысы бар сөздері іздеп табады. (Кемпірқосақ, жапырақ). – Кемпірқосақтың түсі нешеу? (Балалар кемпірқосақтың түсінің санын айтады). Түстерін атай отырып, Ж дыбысы естілетін түсті табады (жасыл). Ж дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту. Балалар әр баланың айтқан сөзін буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды. Мысалы: жаң-ғақ. Ж дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс. Көк белгімен белгіленеді.<br>**Рефлексия** | мақтанышым<br>**Мақсаты:** :ұлттық дәстүрлер туралы түсінеді<br>**Негізгі кезең:**<br>Шаттық шеңбері арқылы ,шеңберге жиналып «Қазағымның дәстүрлері- ай» әнін орындасақТұсаукесер дәстүрін әңгімелеп басқа дәстүрлер туралы сұраймын.<br>Ойын «Үкі»<br>Санамақ арқылы баланы таңдап алып, оның көзін орамалмен байлапортаға шығарамын.Ол балаларды тануы керек.Үкінің долбары дәл шықса ол солұсталған ойыншымен орын алмастырады.<br>Ғажайып сөз.<br>Өз ұлтының дәстүрін сақтау-әр адамның азаматтық парызы.<br>Ұлттық дәстүр-асыл мұра.<br>Жүректен жүрекке.<br>Мінеки,сондай жомарт сенің халқың,<br>Ешқашан жоғалтпаған ата салтын.<br>Жас ұрпақ ойлан өзің,біл тарихтан,<br>Қазақ болып қал,қадірле қазақ халқан<br>**Рефлексия** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»**<br>***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**Тақырыбы: «Зертеушілер»**<br>***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп | ***Сюжеттік ойын:***<br>**Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын**<br>**Мақсаты :**<br><br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында | ***Сюжеттік ойын:***<br>**Тақырыбы: «Сән ательесі»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.<br>**Көрнекілік:** жаңаша киімдер,ұлттық киімдер | ***Сюжеттік ойын:***<br>**Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»**<br>***Мақсаты:*** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>**Қажетті атрибуттар:** ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнатын жерді таңдау<br><br>Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу<br><br>Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру,<br><br>суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу.<br><br>өсімдіктерді бейнелеу.<br> | ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету.<br><br>***Жағдаят:***<br><br>Зерттеу обьектісін тандау;<br><br>Зертхананы құру ;<br><br>Проведение опытной работы;<br><br>Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.<br> | түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br><br>**Жағдаят:**<br>Үстелді таңдау;<br><br>Ас мәзірімен танысу;<br><br>Тапсырысты қабылдау ;<br><br>Тапсырысты орындау;<br><br>Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br><br>Тапсырысқа төлеу;<br><br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.<br> | **Ойын барысы :** бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киим тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киимнің тұсына қоюды ұсынады.<br><br> | дөңгелектер.<br>**Ойын шарты.** Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.<br><br> |

| 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Қасқыр мен түлкі<br>**Мақсаты:** дыбыстарға сөз ойлап айтады, ертегіні драмалайды<br>**Негізгі кезең**<br>Ертегі: «Қасқыр мен түлкі»<br>(Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады).<br>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті.<br>Қасқыр Түлкіге:<br>Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап:<br>Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.<br>Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.<br>Қасқыр:<br>Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі:<br>Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті.<br>Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>Екеуі жолдан не көрді?<br>Қасқыр Түлкіге не деді?<br>Сонда Түлкі не дейді?<br>Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?<br>**Рефлексия** | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы** Геометриялық пішіндегі заттар<br>**Мақсаты:** пішіндердің атауларын:дөңгелек, сопақша,үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр<br>**Негізгі кезең**<br>Мақсат қою (проблемалық жағдаят). Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған конверттер жатыр.<br>Тапсырманы түсіндіреді.<br>Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.<br>Одан кейін рөлдерімен ауысады. Геометриялық пішіндермен топтық жұмыс.<br>Балалар, қолдарыңа текше мен шаршыларды алыңдар.<br>Осы фигураларды салыстырыңдар.<br>Цилиндрмен дөңгелекті салыстырыңдар.<br>Цилиндр мен дөңгелектің қандай ортақ қасиеттері бар екенін кім түсіндіре алады?<br>Оданкейінпрактикалықжұмысçұсыныңыз:цилиндрдің негізіндесаусақпен, қарындашпен қағазда жүргізіңіз.<br>Қандай пішін пайда болды?<br>тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайд | **2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** З дыбысы<br>**Мақсаты**: З дыбысы – дауыссыз дыбыс, з дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды.<br>**Негізгі кезең**<br>Сендердің үйлеріңде әшекей бұйымдар бар ма? –<br>Мұражайға барып көрдіңдер ме? Балалар сұраққа жауап беріп өз ойларын айтады.<br>Педагог балаларға қару-жарақтар, музыкалық аспаптар мен қазанның суреттерін көрсетеді. Балалар заттардың аттарын атайды: қобыз, семсер, садақ, қазан, найза, домбыра, сыбызғы. Суреттегі заттарды ататып, сызықпен қосып топтастырып, сұрақтарға жауап беру. Сен қандай музейде болдың? Артық зат қайсысы? (Қазан). Суретте берілген заттардың аттарынан З дыбысын табу. З дыбысының орнын анықта. Балалар кеңістікті бағдарлайды. З дыбысы нешінші буында екенін айт.<br>**Рефлексия** | **2.Музыка**<br>**Тақырыбы** Ғарыш әлеміне саяхат<br>**Мақсаты:**<br>Дидактикалықойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: Мен ғарышкер боламын (өлеңді жаттау)<br>**Мақсаты:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>**Негізгі кезең**<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Рефлексия.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Рефлексия** | | | |
| | | | | | |

**Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»**

| | | |
|---|---|---|
| ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР<br>Мен қандай адаммын ?<br><br>Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;<br>Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі . |   <br> | Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны<br>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді. |

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сурет салу**<br>**Т а қ ы р ы б ы** : Ұлу<br>**Мақсаты**: ептілікпен ұлудың суретін салады;<br>**Негізгі кезең**<br>Әрең жылжып алдыға,<br>Асықпайды, біл мұны. Кім екен ол, ойлан тап, Тасты үйдің тұрғыны.<br>(*Ұлу.*)<br>Әрине бұл – ұлу. Балалар, қарандаршы, ол қандай әдемі! Ұлуда не бар?<br>Әрине оның тастан үйі бар. Ол бізде қабыршық деп аталады.<br>Кәне, қолымызбен ұстап көрейікші, олар оралып жатқан айналма тәрізді.<br>Ұлу маған бір өтініш айтты, оны орындауға дайынсыңдар ма?<br>ұлудың суретін салайық, мен сендерге нұсқау беріп көмектесіп отырамын. Алдымен ұлудың суретін ауада сызықпен сызып көрсетеміз. Алдымен кішкене дөңгелек – ұлудың басын сызамыз, одан кейін үлкен дөңгелек – денесін | **3.Жапсыру**<br>**Т а қ ы р ы б ы** :Жайылып жүрген балапандар<br>**Мақсаты:** Үш балапанды бүктеу әдісі бойынша жасайды<br>**Негізгі кезең**<br>Үлестірмелі материалдың 79-бетіндегі сюжетті суретке назар аударту.<br>81-беттегі үлгі бойынша сары және қызыл жолақтарды сызық бойынша біз білетін бүктеу әдісімен қиып аламыз.<br>Педагог қауіпсіздік ережесін естеріне салады<br>Педагог өз қалауынша сергіту жаттығуларын жасатады: балапандардың жүргенін, су ішкенін, қанаттарын сермеп жүгіргендерін.<br>80-беттегі үлгі параққа үш балапанды мынадай ретпен жапсырайық:<br>денесін;<br>басын;<br>аяғын;<br>құйрығын;<br>көзін.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет балаларға педагог | **3.Жаратылыстану**<br>**Т а қ ы р ы б ы** :Жаңғақ қайда өседі?<br>**Мақсаты:** экоаймақтарды, онда тұратын жануарлардың атауларын атап береді;<br>Қазақстандағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар<br>**Негізгі кезең**<br>Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тануға деген қызығушылығын оятады. «Үйшік» ойынын ұйымдастырады: балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі.<br>Б: Үйшікте кім тұрады? П: Бұл мен – көгал.<br>Б: Ал мен – орманмын. Мені үйшікке кіргізші. П:Маған қай жерің ұқсайды? Соны айтсаң кіргізейін.<br>Б: Менде де, сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, жәндіктер, ұсақ жануарлар | **3.Қоршаған орта**<br>**Т а қ ы р ы б ы** :Көп ұлтты Қазақстан **Мақсаты**: жас ұрпақты Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі артады<br>**Негізгі кезең**<br>Бүгінгі өткелі отырған сабағымыз «Қазақстан - көп ұлтты тәуелсіз мемлекет». (слайд) Орнымыздан тұрып, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаймыз.<br>(Тақырыпқа байланысты слайдтар көрсетіліп тұрады.)<br>Бұрын Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғанға дейін Кеңестік Республикалар Одағы деген ірі империяның құрамында болған. Мұнда 15 одақтас ел болды. Дүние жүзіндегі барлық халықтардың ой - арманы - бостандық, тәуелсіз болу, ешкімге кіріптар болмау, ата - баба салттарын бойға сіңіру, өз байрағын көкке көтеру. Сондықтан біз өз тәуелсіздігімізді алдық. Осы жолда қазақ елі көп қиындықтарды бастан кешірді.<br>Біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы. Ол көне замандардан басталған тарихы, аса бай ел. Қазақ елі - ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. Ынтымағы жарасқан көптеген ұлт өкілдері тұрады. | **3.Мүсіндеу**<br>**Т а қ ы р ы б ы** :Ғарыш кемесі<br>**Мақсаты:** ермексаздан зымыранның бөліктерін;<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар енді орнымызға отырып, осы зымыранды мүсіндейік. Балаларға суретті көрсету арқылы ұшақ бөліктерінің жасалуын жеке-жеке түсіндіріп, ермексазбен мүсіндеуді бастаймыз. Үлгіні көрсете отырып, негізгі бөлігі, тұмсығы, құйрығы болатынын айтады.<br>Осы зымыранды жасау үшін негізгі үлкен бөлігінен бастайық.<br>Алақанымызға ермексазды салып, жұмсартамыз,сопақша пішінге келтіріп негізгі бөлігін жасаймыз.<br>Енді ермексазды жалпақтап, бір төртбұрыш және екі үшбұрыш жасаймыз.Дәптерге қарап жаңа жасаған негізгі бөлікке орналастырамыз.<br>Ермексазды есу, домалақтау арқылы зымыранның терезесін, тұмсығын жасаймыз. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>сызамыз, қағаздан қарындашты алмастан ұлу денесін саламыз, яғни ішкі сызықтарды қолдана отырып ішке қарай тұйық емес дөңгелек сызықтар сызамыз. Әрі қарай үлгі бойынша ұлуымыздың бет-пішінін салып, акварель бояуымен қылқаламды сүйкей жағып отырып бояймыз.<br>Рефлексия</td>
<td>көңіл бөледі.<br>Ал, енді жайылып жүрген балапандар нешеу екенін санап жіберейік<br>Рефлексия</td>
<td>тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын.<br>Б: Түк, түк. Мен – көлмін. Мені де үйшікке кіргізіңізші. П: Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң кіргіземіз.<br>Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді.<br>«Нақты деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі. Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба,қара торы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылығына қарай).<br>Рефлексия</td>
<td>Мемлекетіміз көп ұлтты болып саналады. Олар: орыстар, өзбектер, ұйғырлар, кәрістер, гректер т. б ұлт өкілдері қазақ халқымен тату - тәтті өмір кешуде. Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір адам өз Отанын жанындай жақсы көреді, сүйеді, көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.<br>Рефлексия</td>
<td>Рефлексия</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Аз қимылды ойындар «Жалауша»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">« Өкпені еріту » жаттығуы<br><br>Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді каракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</td>
<td colspan="2"> <br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Жалауша»<br>Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>Мазмұны.<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.<br>Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.<br>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>Ойынның ережесі.<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| |  | 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. |

## 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Орыс тілі**<br>Т е м а : Из чего мы едим<br>**Цель**: слова, обозначающие названия посуды<br>**Основная часть**<br>АЙ – АЙ – АЙ – пьем на кухне чай<br>УДЫ – УДЫ – УДЫ – на кухне много посуды ДА – ДА – ДА – на плите сковорода<br>ОЖ – ОЖ – ОЖ – очень острый нож<br>Показывает картинки с изображением предметов посуды.<br>Это нож. Ножом режут хлеб. Это вилка. Вилкой кушают.<br>Дети слушают, повторяют хором, индивидуально.<br>Д/И «Разрезная картинка»<br>Оборудование: разрезныекартинкипосуды:чашка, ложка, тарелка, вилка.<br>Дети собирают картинки, называют, что получилось.<br>Р/У «Один – много»<br>Педагог показывает | **4.Логика**<br>**Тақырыбы**:Сандар әлеміне саяхат<br>**Мақсаты:** : Есептер шығарады<br>**Негізгі кезең**<br>Бақа<br>Бақа, бақа, балпақ, Басың неге жалпақ?<br>Темір қалпақ көп киіп, Басым содан жалпақ.<br>Мысық<br>Көп жұмысты күнімен, Келгендей ақ «қиратып».<br>Отыр мысық тілімен, Үш тал мұртын ширатып.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Көршісін тап»<br>2-аялдама:<br>-Шешімі бірдей есептері бар балықтарды қос.<br>Санның құрамын анықта.<br>Санды рет-ретімен қос.Не шықты?<br>**4-аялдама:**<br>**Топтастыр:** берілген заттарды ұқсастығына қарай өзара топтастыр\<br>**Рефлексия** | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Қайырлы таң<br>**Мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету<br>Музыка тыңдау:<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | **4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:**Арыстан мен адам<br>**Мақсаты:** Балалар жабайы аңдар туралы біледі<br>**Негізгі кезең**<br>Жұмбақ жасыру:<br>1.Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді.<br>2.Аузы бейне шалғы орақ,<br>Шөп емес бірақ малды орады.<br>3.Бір аң бар қайраты көп, болған күшті<br>Басынан өткізеді әрбір істі.<br>Балалар біздің бүгінгі ертегіміз осы аң патшасы арыстан туралы болмақ.Аң патшасы – арыстан туралы қандай ертегі немесе мультфильмдер білетіндерін сұрап, әңгімелету.а) «Арыстан мен адам» ертегісін оқып беру.<br>ә) Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап.<br>б) Ертегі мазмұнын сахналау.<br>**Рефлексия** | **4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы:**Шалғын шөптер жапсыру<br>**Мақсаты**: Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсырады<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар келіңдер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіңдерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны тазартып тұрады.<br>Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз.<br>Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | образец. Дети по образцу называют слова по множественном числе:<br>*чашка – чашки, ложка – ложки, тарелка – ...,*<br>*вилка –*<br>*..., нож –* **... .**<br>**Рефлексия** | | | | |

## «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны

| | | |
|---|---|---|
| Тіл гимнастикасы<br>«Р»-ға тілің келе ме?<br><br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр», - деші,<br>Ал енді өзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші. | Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны<br>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды**.** |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»**<br><br>**10.50 – 11:00** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт»**<br>**Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау: Күнді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Топырақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .*<br>*Бақылау барысы*<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>*Мақсаты:*<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа<br>тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>***Жұмбақ:***<br>***Етек-жеңі жиналмай,***<br>***Дауыл тұрса дым қалмай,***<br>***Түйдектеліп көшеді,***<br>***Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)*** | *Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>*Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел:***<br><br>***Сәуір болса күн күркірер,***<br><br>***Күн күркіресе, көк дүркірер.***<br><br>***Сәуірдегі жауын-сауын тұрған сауын.*** | сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру.<br>*Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.*<br>*Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.* | жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>*Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.*<br><br>***Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.***<br>***Қара жерге де, қамқорлық керек.*** | Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ **Зерттеу жұмысы**<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар».<br>*Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.*<br>***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!»**<br><br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br><br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - мектеп туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу; Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу; | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>«Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз  мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді.............................**

## Мектепалды даярлық 0  сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
## (25.04-29.04.2022 ж)

**Ай тақырыбы**: «Қазақстанның ғарышкерлері»

| **Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі   25.04** | **Сейсенбі   26.04** | **Сәрсенбі        27.04** | **Бейсенбі  28.04** | **Жұма        29.04** |
| **Мұғалімнің  балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату**. | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **«Әдебиет орталығы»**<br>**«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, | Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу | **«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің | **Үстел- үсті ойын:**<br>**«Пазлдарды құрастырамыз»**<br>**«Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**Мақсаты**:конструктормен,е | **Д/ойын: «Достық»**<br>**Мақсаты**:<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелер құрайды.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.);<br>айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған.<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | септеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру.<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | Мнемосхемамен<br>«Дос»туралы мақал-мәтелдер<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын. | «Достық үйін құрамыз»<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | «Болмасын еш тосқауыл»<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | «Ағайынбыз бәріміз!»<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Волейбол алаңында жаттығу<br>**Мақсаты:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету<br>**Негізгі кезең**<br>***Жиі аттап жүгіру*** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады. Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды. Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады. Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).**<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Волейбол алаңында жаттығу<br>**Мақсаты:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету<br>**Негізгі кезең**<br>***Жиі аттап жүгіру*** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады. Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды. Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады. Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).**<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа | **1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы**: Судың тазасы – дерттің қазасы<br>**Мақсаты Мақсаты:** адам өз өмірінде суды өз қажеттілігіне қарай<br>**Негізгі кезең**<br>**Жұмбақ жасыру**:<br>Ауызы жоқ, сыңғырлайды күледі,<br>Онсыз бірақ жер бетінде тірлік жоқ.<br>– Айтыңдаршы осыны кім біледі?<br>– Жұмбақтың шешуі: су.<br>«Су қай жерлерде болады?» ойыны.<br>(Заттар және әсем көріністердің ұсынған суреттері бойынша слайд арқылы көрсетеді).<br>– Су иісі жоқ, мөлдір сұйық зат. Су түрлі өзгерістерге ұшырайды, буға айналады. Бу қайтадан жаңбыр болып жауады, су мұз болып қатады. Су отты өшіре алады. Суды адамдар барлық тіршілікте пайдаланады.<br>Әліппе-дәптермен жұмыс: Балалар мынадай берілген тапсырмаларды орындайды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы**: П дыбысы<br>**Мақсаты**: Сөздегі дыбыс санын, ондағы п дыбысының орнын ажыратады. П дыбысына сөз ойлайды<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балаларға сұрақ қойып, бөлмеден П дыбысы бар заттарды тапқызады. Балалар сұраққа жауап бере отырып, П дыбысы естілген сөздерді қайталап айтады. Суреттегі заттарды атайды. Екі суретті салыстырады. Екі суреттегі үй ішіндегі заттардың орналасуына мән береді. Сөредегі кітапқа назар аударады. Балалар кітап сөзін қайталап айтады. Сөзді буынға бөледі. П дыбысының қай буыннан естіліп тұрғанын табады. Балалар портрет туралы біледі.<br>**Рефлексия** | **1.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы**:Ынтымағы жарасқан елміз<br>**Мақсаты:** ынтымақ ұғымының адамгершілік құндылықтары ретіндегі мәнін ашу<br>**Негізгі кезең**<br>Ұлттық дәстүрге не жатады? Біоздің халқымыз қандай қасиеттерімен ерекше? Жақсы айттыңдар балалар.<br>Жаңа сабағымызды бастайықшы қане.<br>«Ағайынбыз бәріміз»<br>Ә.Дүйсенбиев<br>өлеңін айту.<br>Тас пен арбакештер А.Каралийчев оқып талдау жасау.<br>Ойын. «Қазақстанда тұратын халықтар»<br>допты беру арқылы балалар Қазақстанда тұратын халықтарды айтады.<br>Дәптермен жұмыс.Дәптерде берілген халықтардың ұлттық киімдерін атап боя.<br>Ғажайып сөздер.<br>Қазақстанда тұратын барлық халықтар тату-тәтті доспыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады. **Рефлексия** | лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа **Рефлексия** | 1. Суретке қарап дұрыс әрекетті жасыл түспен, бұрыс әрекетті қызыл түспен боя. 2. Қай су денсаулыққа пайдалы? Себебін түсіндір **Рефлексия** | | бауырласпыз. **Рефлексия** |

**Дидактикалық ойын:** «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла
Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.












**Ойын: «Оюларды құрастыр»**

**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері
**Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Жайлауда **Мақсаты**: өлең мазмұнына | **2.Математика негіздері** **Тақырыбы** *Пішіндер неге ұқсайды?* **Мақсаты:** | **2.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** Ж дыбысы **Мақсаты**: Ж дыбысы – дауыссыз | **2.Музыка** **Тақырыбы** Ғарыш әлеміне саяхат | **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы** Достық мерекесі (өлеңді жаттау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты сұрақтарға жауап береді;<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, ненің суретін көріп отырсыңдар? Оқу қызметі сурет арқылы әңгімелесуден басталады.<br>Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» – деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды «Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады.<br>Төлдер қай жануардың төлі екенін түсіндіреді.<br>Балалар, осы төрт түліктің атауы ішіндегі «жылқы» сөзі қай дыбыстан басталады?<br>Ал «шөре-шөре» деген сөз қай дыбыстан басталады?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Таңдап ал да, дауысын сал».**<br>Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді.<br>**Рефлексия** | геометриялықпішіндердіңатауларынайтуды : шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек; денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын атауды<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар, мына бұйымдарға қараңдар. Олар қандай пішіндерден жасалған? Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі сабақта қандай пішіндермен жұмыс істейміз?<br>«Затты тап» ойыны.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды.<br>Педагог дәптердегі 1-тапсырманы қарап, оны өздігінен орындауды ұсынады<br>Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді: пішіндерді екі белгі – пішін мен түс бойынша бөліңдер. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратылады.<br>Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. 2-тапсырманы орындау ұсынылады.<br>Балалармен бірге тапсырманың орындалуы талқыланады. 3-тапсырманы орындауды ұсынады.<br><br>**Рефлексия** | дыбыс, ж дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>**Негізгі кезең**<br>Суреттерге назар сала отырып, педагогтің оқыған жұмбақтарын балалар шешеді. Жұмбақтардың шешулері: жұлдыз, көжек, жапырақ. Жұмбақтың шешуі болған сөздерді дауыстап айтқызып, осы сөздерде кездесетін Ж дыбысын бірнеше рет қайталатады. Ж – ұяң дауыссыз дыбыс. «Ж» созылып, әндетіліп айтылмайды, ауыз қуысында кедергіге ұшырайды. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. 3-тапсырма. Суреттен Ж дыбысы бар сөздері іздеп табады. (Кемпірқосақ, жапырақ). – Кемпірқосақтың түсі нешеу? (Балалар кемпірқосақтың түсінің санын айтады). Түстерін атай отырып, Ж дыбысы естілетін түсті табады (жасыл). Ж дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту. Балалар әр баланың айтқан сөзін буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды. Мысалы: жаң-ғақ. Ж дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс. Көк белгімен белгіленеді.<br>**Рефлексия** | **Мақсаты:**<br>Дидактикалықойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **Мақсаты:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>**Негізгі кезең**<br>1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі.<br>Бұл мереке несімен ерекше?<br>Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы.<br>Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br><br>Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br><br>**Рефлексия** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сюжетті - рөлді ойын:*** **«Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*** **« Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең | ***Саусақ ойыны:*** **« Тасбақа»**<br>***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа**<br><br>Тасбақа, тасбақа,<br><br>Тас астында тұрады.<br><br>Басын баяу шығарып, | **Психологиялық ойын:**<br><br>**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**<br><br>***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.<br><br>***Ойын шарты:***<br><br>Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл | **Аз қимылды ойын:**<br><br>**Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»**<br><br>**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.<br>**Ойын шарты:**<br>**Мазмұны:** Аланда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.<br>Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» |

***Ойын барысы:***
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
***Ойын: «Дұрысын тап»***
**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
***Ойын:«Тігінші»***
***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.

ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
***«Дәмді тосап»***
***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
***Әдістемелік нұсқау.***

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.

2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.

3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.

4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

**Фонетикалық жаттығулар**
**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
1.Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай



2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....



- күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және

деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
**Ойынның ережесі:**
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн.
Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынны мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br> |  <br> <br>  | **3.Шалқан.** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.<br><br><br> | сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.<br><br><br> | болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.<br>Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.<br><br> |

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сурет салу**<br>Т а қ ы р ы б ы : Көрікті көктем<br>**Мақсаты**: көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады;<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балалардан осы көктем көрінісінің суретін салып берулерін өтінеді. | **3.Жапсыру**<br>Т а қ ы р ы б ы : Үйрек балапандарымен<br>**Мақсаты:** үйректі балапандарымен көлшікке орналастырады; **түсінеді:** үй және жабайы үйректер болатынын<br>**Негізгі кезең**<br>Ал үйректердің табиғатта | **3.Жаратылыстану**<br>Т а қ ы р ы б ы Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?<br>**Мақсаты:** Дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді<br>**Негізгі кезең** | **3.Құрастыру**<br>Т а қ ы р ы б ы Мысық<br>**Мақсаты** қалдық материалдармен заттар құрастыра алады<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог бірнеше үлгілерді | **3.Мүсіндеу**<br>Т а қ ы р ы б ы : Желкенді қайық<br>**Мақсаты:** қайық бейнесін мүсіндейді<br>**Негізгі кезең**<br>Енді, балалар, осы қайық бейнесін мүсіндейік. Керекті құрал-жабдықтарымызды даярлап алайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сурет салуды неден бастау керек?<br>Бүгін бәріміз суретші боламыз<br>Суретшілердің ішінде тек қана табиғат көрінісін салатын суретшілерді қалай атайды? Табиғат суретшісі (пейзажист) деп атайды. Онда біздің топты табиғат суретшілерінің шеберханасы деп есептеңдер, суретшілер көп болғандықтан, екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ менің оң жағымдағы үлкен қағазға, екінші топ сол жағымдағы қағазға көктем көрінісін бейнелейді. Алдымен бәріміз ойланып алайық. Кім не салғысы келеді? (Көздерін  жұмып отырып ойланады). Өздеріңнің алдарыңдағы ақ қағазға қара қарындашпен салғыларың келген суреттің сұлбасын (эскиз) түсіріп көріңдер. Содан кейін менің жанымдағы екі үлкен қағазға екі түрлі көктем көрінісін әр топ өзінше бейнелейді.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша көктем – весна – spring, шеберхана – мастерская – workshop ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс- әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>**Рефлексия** | тіршілік ететін түрлері бар. Оны жабайы үйрек деп атайды.<br>Әрбір құстың өзіне тән даусы болатынын білесіңдер. Ал үйрек қандай дыбыс шығарады?<br>Олар қайда тіршілік етеді?<br>Дұрыс айтасыңдар! 83-беттегі көлге қарандаршы, ол бос қалыпты. Қазір оқу қызметінде көлге үйректер жасап жіберсек сондай әдемі болмай ма<br>Үлестірмелі материалдың 84-бетіндегі үйректің бөліктерін қиып алады: – денесін;<br>басын;<br>қанатын; – тұмсығын; – көзін<br>Балапандардың бөліктерін қияды:<br>денесін;<br>басын;<br>қанатын; – тұмсығын; – көзін.<br>3. Қиып алған бөліктерді бос тұрған көлдегі өз орындарына жапсыру керек. Алдымен ана-үйректі жапсырамыз, содан кейін балапандарды орналастырамыз.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі<br>**Рефлексия** | Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктерәртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстанднның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі.<br>. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен | көрсетіп, талдау жасайды:<br>сіріңкенің бос қорабын аша отырып, оны түрлі түсті қағазбен (түсін бала өзі таңдайды) айналдыра желімдейді;<br>төменгі бөлігі – денесі,<br>жоғарғы бөлігі – басы;<br>құлағы,көздеріменқұйрығынбасқа қағаздарданқиыпалыпжапсырады<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Педагог  балалардың  сіріңке қораптарымен  жұмыс жасауына  басшылық жасалып, көмек көрсетіледі.<br>Мысығына ат қою ұсынылады, қандай қамқорлық жасайтынын әңгімелейді<br>**Рефлексия** | Кесек ермексазды алып,домалақтап, жалпақтаймыз.<br>Е қайық пішінін келтіреміз.<br>Желкенді жасау үшін бізге көк түстіермексаз қажет .<br>Көк түсті ермексаздан екі желкен жасаймыз.<br>Қайықтың төменгі бөлігіне сіріңкенің талшығынан діңгек орналастырып, екі жағына желкенді жапсырамыз.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>**Рефлексия** |
| | | | | | |
| | Сюжетті-рөлді ойын:<br>« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»<br>Мақсаты : Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.<br>Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға | *Қимылды ойын:*<br>«Машинамен саяхат»<br>Мақсаты: Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.<br>Көрнекіліктер: Ойын алаңы, фишкалар.<br>Ойын барысы:<br>Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз. | Сюжетті-рөлді ойын:<br>« Ұшқыштар»<br>Мақсаты: Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету.<br>Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту.<br>Жағдаят: Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда.<br>Мұздақтағы балықтарды | *Қимылды ойын:*<br>«Автобус жүргізуші»<br>Ойын мақсаты:<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, | Релаксациялық жаттығу:<br>«Теңізге саяхат»<br>Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.<br>Жүргізуші:Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда.<br>Теңіз толқындарының шуын естіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br>Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.<br>Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;<br>Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.<br> |  | құтқару.Ұшақ далада жұмыс істеуде.<br>Тәрбиешінің іс-әректі:<br>Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады.<br>Балалардың іс-әрекетті:<br>Техник ұшақтың моторынтексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды.<br>Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі.<br>Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылапбасқарады.<br>Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді.<br>Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды.<br>Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі.<br>Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.<br>Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.<br>Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді.<br>Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.<br>Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды. | орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады.<br>Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.<br>Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады.<br>Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады.<br>Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады.<br><br> | толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.<br>Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз.<br>Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **4.Орыс тілі**<br>**Т е м а**: Моя малая Родина<br>**Цель**: название города, улицы, адрес<br>**Основная часть**<br>ДА – ДА – ДА – большие города<br>ШИЕ – ШИЕ – ШИЕ – улицы большие ОГИ – ОГИ – ОГИ – в городе дороги ОГЕ – ОГЕ – ОГЕ – опасно на дороге<br>ОР – ОР – ОР – нам поможет светофор<br>Беседа «Что такое малая Родина»<br>Родина – это край, где мы живем. Где мы родились, где живет наша семья, родные и близкие.<br>Чтение отрывка из стихотворения о Родине В. Степанова<br>*Что мы Родиной зовем? Дом, где мы с тобой живем, И березки, вдоль которых Рядом с мамой мы идем.*<br>Р/У: Составь рассказ о своем городе (селе) по плану:<br>– Как называется твоя малая Родина?<br>Что есть в твоем городе? (селе?)<br>Какой твой город? (село?)<br>Дети составляют рассказ по плану: Например, я живу в городе… В городе есть парки, дома, детские сады, школы, магазины. Мой город красивый, чистый. В нашем городе красивые улицы<br>**Рефлексия** | **4.Логика**<br>**Тақырыбы** Қайсысы қай үйде тұрады?<br>**Мақсаты:** Қайсысының қайда тұратынын анықтайды<br>**Негізгі кезең**<br>**-**Қай қыз қай үйде тұрады? Сурет бойынша әңгімелету. Суретке қарап қай қыздың қай үйде тұратынын анықтау. Қыздардың көйлегіне үйлерінің түстеріне, есік алдындағы гүлдерге қарап салыстыру.<br>-Қайсысы қай үйшікте тұрады?<br>-Күшіктер мен үйшіктерді салыстыра отырып қай үйшікте тұратынын табу.<br>**Қайсысы қай баспанада тұрады?**<br>Керік, қоян, қарақұйрықтың бойларына қарап баспаналарын ажырату.<br>**Қоян**<br>Мен қоянмын, қоянмын,<br>Күндіз түні ояумын.<br>Қаша- қаша қасқырдан,<br>Құлауға да таяумын.<br>**-Ойлан және суретін сал.**<br>Қапшықта екі дөңгелек бар еді оған тағы 1 үшбұрыш, 1 дөңгелекті қосамыз сонда барлығының суретін теңдіктен кейінгі қапшыққа сал.<br>**Рефлексия** | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Ғарыш әлеміне саяхат<br>**Мақсаты:**<br>Дидактикалықойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.<br>**Негізгі кезең**<br>Музыка тыңдау:<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **4.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы** Бойы бір қарыс,сақалы қырық қарыс<br>**Мақсаты:** Өз ойларын еркін жеткізеді<br>**Негізгі кезең**<br>.**« Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс»** ертегісін оқып беріп,мазмұнын түсіндіру.<br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ -жауап:- Әкесі балаларына қандай өсиет айтады?- Бірінші және екінші ұлы не себептен бай есігіне барады?- Бай келген адамдарға қандай жұмыс тапсырады?- Кіші ұлын ел қалай атайды?- Бай не себептен «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыстан» қашпақшы болды?- Ертегі қалай аяқталады?<br>Тербеледі ағаштар,Алдыңнан жел еседі. Кіп кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі.<br>Ертегіні сахналау.<br>Дидактикалық ойын: **«Қарап ал да ,есіңе сақта»**-Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық?-Ертегі не туралы?-Ертегі сендерге несімен ұнады?<br>**Рефлексия** | **4.Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы Қонжық**<br>(қол еңбегі)<br>**Мақсаты:** Аюдық баласы қонжықты жапсырады<br>**Негізгі кезең**<br>Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз.<br>Аюдың баласын қалай атаймыз?<br>Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз.<br>-қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз.<br>-ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз.<br>**Рефлексия** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Отан осы, достарым,<br>Көңілге мұны түйе біл.<br>«Отан» деп өс, жас қауым,<br>Оны ардақтап, сүйе біл. | | Ертеңгі ел қорғаны – мен болам! | Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау |
| 1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | | 1. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Аңшылар<br>(кірік. 09.05)<br>Футбол ойнап шыныға түс<br>Мақсаты: жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру, тік нысанаға доп лақтыру, психоэмоционалдық күйзелістен шығару жаттығуларын орындау<br>Негізгі кезең: Қозғалыс жаттығуы: «Аңшылар із кеседі» – еңбектеуді жүру және жүгірумен кезектестіру. Із кесуші аңшылардың қимылдарын орындайды. Қырда жүгіріп, тыныс алуын қалыпқа келтіреді.<br>Ойын түрінде жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>Ойын түрінде екі топпен жаттығу: «Қай аңшы мықты екен?» (3 рет).<br>Аяқты санын жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүру.<br>Жерден 40 см көтеріліп, қатар-қатар қойылған таяқшалардан жүгіріп өту.<br>Аяқты санынан жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүреді.<br>Рефлексия | 1. 1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>Тақырыбы Байланыс құралдары<br>Мақсаты: байланыс құралдарының қажеттілігін,олардың жалпы қызметін жасайды<br>Негізгі кезең:<br>– Балалар бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы байланыс құралдары туралы болмақ. Алдымен мен сендерге жұмбақ жасырамын,кәне кім тез ойланып табады екен?<br>Балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырмаға назар аударулары сұралады.<br>1.Суреттегі байланыс құралдарын ататып, олардың атқаратын жұмыстары жөнінде әңгімелету. Мысалы: телефон желілері, компьютер, теледидар, газет.<br>– Қазір телефонның бірнеше түрлері бар. Үйден шықпай- ақ барлық мәліметтерді білуге болады. Телефонның жетілген ең үздік үлгісі – бейнетелефон, ұялы телефон. Қазіргі заманда ұялы телефонмен байланыс кең тараған.<br>Әр адам қандай телефондық қызметтер туралы міндетті түрде білуге тиіс? (101,102,103,104).<br>Компьютер байланыс қызметі түрлерінің қатарына жатады. Компьютердің ғаламтор деп аталатын жүйесі арқылы хабар алмасуға, хат жазуға, | 1. Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы һ дыбысы мен әрпі<br>Мақсаты: һ дыбысы – қатаң дауыссыз екенін біледі. һ дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды<br>Негізгі кезең:<br>Педагог қазақ тілінде һ дыбыс естілетін сөздерді дауыстап оқиды. Педагог балаларға һ дыбысының айтылуын үйретеді. Айтқанда дауыс шымылдығында діріл болмайды, дыбыс сүзіліп шығады Қаһарман, айдаһар, қаһар. Балалар педагогпен бірге һ дыбысы естілетін сөздерді қайталап, буынға бөледі. 2-тапсырма. Сюжетті суретті көрсете отырып, асханадағы балалардың іс-әрекетін түсіндіреді.<br>Рефлексия | 1. Өзін-өзі тану<br>Тақырыбы Отанға сүйіспеншілік<br>Мақсаты: балаларға «Отан» құндылығының маңызын түсіндіру<br>Негізгі кезең:<br>Балалар «Отан»деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әңгімелесу<br>Анамызды біз неліктен қадірлеп құрметтейміз?<br>Отанды неліктен «анамыздай» қастерлейміз?<br>Атамекен-біздің туып-өскен ауылымыз қаламыз ол біздің туған жеріміз.<br>Бейнематериалдар көру<br>«Отан» « Атамекен»«Қазақстан» тақырыптарында бейнематериалдар табиғаттың тамаша жерлерінкөрсету.<br>Әңгімелесу<br>«Кішкентай ханзада» деген әңгімені оқып беріп,Отанды жақсы көру үшін не істеу керектігі жөнінде түсінік беру.<br>Сахналау<br>Өздеріңді ханзада ханшайым деп елестетіпкөріңдер,сендер немен шұғылданар едіңдер?Балалар екі топқа бөлініп,бір бала хан болып қалғандары оның балалары:<br>ханзада мен аншайым,қойылымда «ханның балалары»әкелеріне кезек-кезек өз Отаны жайында не жасай алатындарын айтып береді.<br>Рефлексия |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құттықтау хабарлар жіберуге, жаңалықтармен танысуға болады. Компьютердің алдында көп отыруға болмайды. Көздің көру қабілетін төмендетеді.<br>Газет арнайы баспаларда даярланады.<br>Теледидар арқылы да жер шарының түкпір-түкпірінен түрлі хабарлар алып, жаңалықтар біліп отырамыз.<br>Балалар арнайы түрлі қызықты хабарлар, мультфильмдер көреді. Бірақ теледидарды көп көргеннің зияны бар.<br>Бейнероликтер көрсету<br>Компьютердің пайдасы мен зияны Ұялы телефонның пайдасы мен зияны<br>Ғаламтордың пайдасы мен зияны<br>Рефлексия | | |

| | | |
|---|---|---|
| БАЛА САУСАҒЫН ОЙНАТА ОТЫРЫП, ТІЛІН ДАМЫТУ<br>Ә. Нарымбетовтің «Шекарашы ағалар» өлеңін оқу, жаттау.<br>Тыныштығын елінің,<br>Тыныштығын жерінің<br>Күзететін қырағы,<br>Туған елдің қыраны.<br>Отанымның ұланы –<br>Шекарашы ағалар. | Тақырыбы: "Үйрек үйрек, қаз".<br>Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br>Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ......... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.<br>Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет. | Үстел үстінде ойналатын ойындар.<br>Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин)<br>Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.<br>Керекті құралдар:ойынға керек ресурстар.<br>Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.<br>«Сақшы» ойынын рөлдерге бөліп ойнату.<br>Мақсаты: Балаларды өз қалауларымен рөлдерді бөлу және олардың іс-әрекеттерін дұрыс атқару, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. |

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. Математика негіздері<br>Тақырыбы:Қағаз бетіне бағдарлау<br>Мақсаты: :«жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды | 2.Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы:Х дыбысы мен әрпі<br>Мақсаты: Х дыбысы – қатаң дауыссыз екенін біледі. Х дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды | 2.Музыка<br>Тақырыбы:Бақшадағы ән-сауық<br>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы | 2. Көркем әдебиет<br>Тақырыбы Жеңіс күні (өлеңді жаттау)<br>Мақсаты: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Негізгі кезең:<br>Педагогқандай да бір заттың суретін тауып, мынадай сұрақтарға жауап беруді ұсынады:<br>оның оң жағында не орналасқан?<br>оның астында ненің суреті бейнеленген?<br>берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:<br>оң жақтағы жоғарғы бұрышта;<br>парақтың төменгі жиегінің бойында;<br>парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды.<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар.<br>Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады.<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды<br>Рефлексия | Негізгі кезең:<br>Шаш кестіруге барғанда шаштараз шашты немен қияды? Қайшы туралы сұраққа жауап береді. Педагог қайшының ашық тұрғанда Х дыбысына ұқсас екенін түсіндіреді. 3-тапсырма. Достардың көңілді күлкілерін салу: «Хи-хи!», «Хо-хо!», «Хи-хо-хи!» – деп күліп дыбыстайды. Балалар Х дыбысын дұрыс айтуға жаттығады. Х – қатаң дауыссыз дыбыс және ауа кедергіге ұшырайды. 4-тапсырма. «Қайшының әнін тыңдайды. Педагог тақтадағы Х әрпінің бейнесіне ұқсас қайшының суретін іліп қояды<br>Хат сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Хат алыстағы адамдардың қарым-қатынас құралы екенін, оны пошташы тасып жеткізетінін педагог әңгімелеп түсіндіреді.<br>Рефлексия | сипаттап, жеткізе білуге үйрету.<br>Негізгі кезең:<br>Музыка тыңдау:<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>Ән айту:<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | Негізгі кезең:<br>9 Мамыр – Жеңіс күні!<br>Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.<br>Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы.<br>Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз.<br>Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған? -<br>Қуанышты мереке қай күні екен?<br>Рефлексия |
| | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары<br>Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы<br>Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ойын шарты:<br>Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты | Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»<br>Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.<br>Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге | Психологиялық ойын:<br>Ойын: «Атомдар мен молекулалар»<br>Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.<br>Ойын шарты:<br>«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай | Сюжеттік-рөлдік ойын:<br>«Әскери»<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.<br><br>«Достық» жаттығуы<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос.<br>(қолдың саусақтары өзара біріге ді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз,<br>(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>Сергіту сәті<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>«Қимылды қайтала» жаттығуы<br>Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>Жаттығу барысы:<br>Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. | арналған орамалдар.<br>Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л. Кассиль " бас Армия»,<br>"Кеңес сарбазына ескерткіш",<br>Я.Друганский"сарбаздар не істей алады".<br>Ойынға атрибуттар жасау.<br>Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы.<br>– Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады.Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).<br>Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз.<br>Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады.<br>Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз.<br>Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын " Кім жылдам?»<br>Армиядағыдай бірнеше қатарға | жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».<br> | <br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды. | | |

3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. Жапсыру<br>Тақырыбы:Ұшақтар шеруі<br>Мақсаты: ұшақты бүктеп қию әдісін пайдаланыпжасайды<br>Негізгі кезең:<br>Балалар, әуедегі ұшақтар неге тізіліп ұшып барады?<br>Бүктемедегі түрлі суреттерді көрсете отырып, балаларға шеру, ұшақтар шеруі, достық шеруі туралы салыстыра отырып түсіндіреді<br>Балалар, шеру қай кезде болады?<br>Ұшақтар шеруі қайда болады? Педагог:<br>Бүгінгі жапсыру оқу қызметінде көп ұшақтар қиып, біз де ұшақтар шеруін жасайық. Мына үлгі қағазға бәріміз бір-бір ұшақтан жапсырып үлкен шеру жасаймыз.<br>Кәне, онда бастайық!<br>Үлгі дәптердің 90-бетіндегі көк жолақтағы ұшақтарды үш бөлікке қиып алады, әр қиындыны бүктеу сызығы арқылы екіге бүктейді.<br>Педагог<br>қауіпсіздік ережелерін ескертеді.<br>Рефлексия | 3. Жаратылыстану<br>Тақырыбы Көктемгі табиғаттың өзгеруі<br>Мақсаты: көктемнің белгілерін атап береді<br>Негізгі кезең:<br>Күн райының өзгергенін айтады. Шөп көгерді, гүлдер гүлдеді, құстар шырқап, көбелектер ұшып жүр, ағаштар гүлдеді... Ағаштар мен бұталардың құрылымын еске түсіреді.<br>Гүлдеген ағаштың түрі қандай болады? (Гүлдері ірі, күңгірт қызғыш түсті болады, олар жапырақтармен бірге пайда болады).<br>Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.<br>Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын- шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, | 3 Құрастыру<br>Тақырыбы Күшіктер<br>Мақсаты: қағаздан жасалған цилиндр пішіндерден күшікті бейнелей біледі, оның дене бөліктерін құрастыруды үйренеді<br>Негізгі кезең:<br>Педагог күшіктің бейнесін үлгі бойынша талдау жасайды:<br>үлкен жолақ қағаздан күшіктің дене бөлігін, кіші жолақ қағазданбасын, одан кіші жолақтардан аяқтары мен тұмсығының жасалу ретін түсіндіреді;<br>жолақты орап, желімдеу жолдары көрсетіледі;<br>цилиндр пішіндерді бір-біріне қалай желімдеудің жолдары түсіндіріледі;<br>құйрығы мен құлағын, көзін, тілін түрлі түсті қағаздан қиып жапсыруға болатынын айтады<br>Рефлексия | 3.Мүсіндеу<br>Тақырыбы:Қанат жалау ұстап келеді<br>Мақсаты: бала бейнесін мүсіндейді<br>Негізгі кезең:<br>Жұмыс дәптерімізді ашайық.Біз осы суреттегі Қанаттың жалауша ұстап келе жатқанын мүсіндеуіміз керек.<br>№1 слайдтан адамның дене мүшелері және оның жасалу жолдары көрсетіледі.<br>–Ең алдымен біз адамның бейнесін жасаймыз. Ол үшін қандай түсті таңдаймыз?<br>Қоңыр түсті ермексазды үлкендеу етіп алып, ұзындау сопақша жасаймыз. Сәл жалпақтаймыз<br>Кескіш құралмен тілік жасап,аяғын шығарамыз.<br>Балалар, осы жұмысты аяқтамай тұрып сендермен жалаушамен орындалатын қызықты жаттығуды жасағым келіп тұр<br>Шымшып созу әдісі арқылы адамның басын, қолын жасаймыз.<br>Балалар,Қанаттың қолына не керек еді?<br>Жалаушаның түсін балалар өздері таңдайды. Тақтайшаның үстіне<br>қойып, ермексазды жалпақтап, кескішпен үшбұрыш, төртбұрыш етіп кесіп аламыз да, сабына орналастырамыз.<br>Міне, жалауша дайын болды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайың, қарағай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады.<br>Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен коректенеді.<br>Рефлексия | | енді Қанаттың қолына ұстатамыз<br>Рефлексия |
| | | | | | |
| | Ойын: «Әскери мамандықтар»<br>Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту.<br>Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.<br>Сарбаздар<br>Біз солдатпыз, біз солдатпыз, батыл қадам жасаймыз.<br>(Саусақтар үстелге көңілді "жүреді".)<br>Біздің армияға, балалар, сіз жай ғана кіре алмайсыз.<br>(Саусақтар жұдырыққа, индексті жоғары және солға-оңға бұрылады.)<br>Сіз шебер, күшті және батыл болуыңыз керек.<br>(Алақан жоғары, саусақтар жайылып, қысылып, ашылады) | Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»<br>Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.<br><br><br><br> | Ойын: «Әскери мамандықтар»<br>Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту.<br>Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.<br>Шекарашы<br>Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.<br>С. Чертков<br>Ұшқыш<br>Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.<br>С. Чертков<br>Теңізші<br>Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.<br>С. Чертков<br>Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады.<br>Мысалы: шекарашы,барлаушы,теңізші,сарбаз, о-фи-цер. | Қимылды ,еңбек ойын:<br>«Күзетшілер»<br>Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады Екеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама–қарсы «көпір» жасап тұрады. Басқа балалар бір–бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.<br>Тәрбиеші:Рақмет балалар. | <br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін! | |
| 4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
| | | 4.Логика<br>Тақырыбы: Салыстыру<br>Мақсаты: : Заттарды санына қарай салыстырады<br>Негізгі кезең:<br>Белгіге « , = қарап, заттардың суретін сал.<br>-1сәбіз 2 сәбіз<br>-Үлкен шелекті толтыру үшін бақа өзінің ыдысымен неше шелек су әкелуі керек? Ал маймыл мен піл ше ?<br>Шелектердің санын бос шаршыға жаз<br>Жұлдыз- зымыранға ғарыш кеңістігіне апаратын жолды табуға көмектес.<br>-Әр топтағы заттарды сана,заттарды салыстыр.<br>-Таңбаларды дұрыс орналастыр<br>Рефлексия | 4. Музыка<br>Тақырыбы Құстар біздің досымыз<br>Мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br><br>Негізгі кезең<br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>Ән айту:<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>Билер: «Көкпар» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Не қалай шақырады?»<br>(Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Ұйықташы, бөпешім»<br>(В. Агафонников) | 4.Ертегілер елінде<br>Тақырыбы: Ақ тиін мен қасқыр<br>Мақсаты: Балалар әлеуметтік ортада жағымды мінез-құлқын қалыптасады<br>Негізгі кезең:<br>Ақ тиін қандай жағдайға ұшырайды?<br>-Қасқыр оған не дейді?<br>-Оған қандай сауал қояды?<br>-Тиін не деп жауап береді?<br>-Ақ тиіннің жауабына қандай баға бересіңдер?<br>4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету<br>Рефлексия | 4.Өнерлі екен он саусақ<br>Тақырыбы: Құстар<br>(сурет салу)<br>Мақсаты: құстар суретін салады<br>Негізгі кезең:<br>Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі. Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік.<br>- Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер.<br>Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.<br>Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.<br>Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.<br>Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.<br>Құстың суретін бояймыз.<br>Өз қалауларын бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.<br>Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.<br>Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.<br>Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.<br>Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.<br>Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.<br>Құстың суретін бояймыз.<br>Рефлексия |
| «Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» | | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №5<br>Бақылау: Велосипедті бақылау<br>Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға жұмбақ жасыру<br>Бірде екі дөңгелекті,<br>Бірде үш дөңгелекті.<br>Қажет кезде онымен,<br>Қызыққа да батасың,<br>Артып алып сөмкеңді,<br>Серуендеп те қайтасың.<br>(велосипед)<br>Балаларға сұрақтар.<br>Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған)<br>Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен)<br>Велосипед қандай бөліктерден тұрады?<br>Велосипедте жүру қиын ба?<br>♦Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №6<br>Бақылау: Жәндіктерді бақылау<br>Мақсаты : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>• Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>• Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>• Ызыңдап кеп шағады.<br>• Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>• Құжынаған | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №7<br>Бақылау:<br>Құмырсқаларды бақылау<br>Мақсаты:<br>Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;<br>Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев<br>Құжынаған құмырсқа,<br>Ұйымшыл-ақ өздері.<br>Шығады ерте жұмысқа.<br>Жүкпен қайтып қашықтан,<br>Нелер шебер табылып,<br>Илеуіне асыққан.<br>Жасайды илеу жабылып.<br>Бәрі еңбекпен шыныға,<br>Жылт-жылт етіп көздері,<br>Ісін тындырып тынығар.<br>Балаларға сұрақтар<br>Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады<br>Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №8<br>Бақылау:<br>Найзағайды бақылау<br>Мақсаты:<br>«Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>— Бақылағыштықтарын дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>Найзағай қай кезде ойнайды?<br>Аспан неге күркірейді?<br>Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пе?<br>♦Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?<br>♦Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?<br>Еңбек<br>Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.<br>Қимылды ойын<br>«Теңге алу».<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны<br>Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объктіні бағдарлай білулерін дамыту.<br>Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр.<br>. | жұмыскер,<br>• Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>• Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>• Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>• Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>• Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>• Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>• Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>• Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар | оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br>Құмырсқасыз жер болмайды.<br>Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар.<br>Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды.<br>Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін | жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.<br>Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны.<br>Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>Зерттеу қызметі<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>Еңбек<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>Мақсаты:<br>Шағын топтарға бөлініп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әртүрлі ауруларды тасиды)<br>• Зерттеу жұмысы<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу<br>ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.<br>Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?<br>♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)<br>Зерттеу қызметі<br>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.<br>Еңбек<br>Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.<br>Қимылды ойын «Итеріспек».<br>Мақсаты:<br>Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;<br>Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба. | жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.<br>Қимылды ойын<br>«Өз ағашыңды тап».<br>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру<br>Халық болжамы:<br>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мақсаты: | |
| Балаларды үйге қайтару. | | | | | |
| «Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.<br>Балаларды үйге қайтару. | | Ата –аналарға кеңес<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | Ата –аналарға кеңес<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді ....................**

**Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(16.05-20.05.2022 ж)**
***Ай тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»***

| Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.05 | Сейсенбі 17.05 | Сәрсенбі 18.05 | Бейсенбі 19.05 | Жұма 20.05 |
| Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жай бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру | Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту. Еңбек тапсырмасы: | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен карауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю |
| ҰОҚ дайындық | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «Сәлеметсіндер ме, балалар!»<br>Шаттық шеңбері<br>Жаттығу | «Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Бик ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| 1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | 1. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:Өрмелеп үйренеміз<br>Мақсаты: құрсаулармен жалпы дамыту жаттығулары мен жалпақтабанның алдын алу жаттығуларын орындау; гимнастикалық қабырғаға әртүрлі өрмеу, «Отбасы» тренингін<br>Негізгі кезең: Әртүрлі тәсілдермен гимнастикалық қабырғаға өрмелеу – кезекпен аттап өрмелеу, сатылардан дұрыс ұстану, қауіпсіздік ережелері. (3 рет)<br>Баспалдаққа шығуды орындайды. Дұрыс ұстану үшін төрт саусақты сатының үстінен келтіріп, бас бармаған астынынан келтіріп ұстайды. Бір сарынды қозғалып, өз қимылын басқаруға тырысады. Баспалдақтан түскенде сатыларын қалдырмай, секіріп түсіп кетпеуі керек<br>Тепе-теңдік сақтау. (4 рет)<br>Еденге бұралыңқы тасталған баудың үстімен қолдарын екі жаққа созып, артпен жүреді. Тепе-теңдік сақтап, арқасын тік ұстауға тырысады<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Жаттығулар кешенін толық орындап<br>біткенше тепе-теңдік сақтап, арқасын тік ұстап, басын төмен түсірмеуге, қолдарын екі жаққа созып, баудың үстімен әдемі болып, бірқалыпты жүріп өтуге | 1.Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:Көшбасшы бол<br>Мақсаты: кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар<br>Негізгі кезең:<br>Себетке доп лақтыру. ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш өрмелеу. ( 3 рет)<br>Баспалдақтан-баспалдаққа өткенде аяқ пен қол қимылдарын үйлестіру, <u>қауіпсіздік ережелерін сақтау.</u><br>Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп шығады да, аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш түседі. Баспалдақ сатыларынан мықтап ұстайды: төрт саусақпен үстінен, бас бармақпен сатынан ұстайды.<br>Рефлексия | 1.Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:Көшбасшы бол<br>Мақсаты: кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар<br>Негізгі кезең:<br>Себетке доп лақтыру. ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш өрмелеу. ( 3 рет)<br>Баспалдақтан-баспалдаққа өткенде аяқ пен қол қимылдарын үйлестіру, <u>қауіпсіздік ережелерін сақтау.</u><br>Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп шығады да, аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш түседі. Баспалдақ | 1.Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы:Я дыбысы<br>Мақсаты: Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі Я дыбысының орнын ажыратады.<br>Негізгі кезең:<br>Суретте: май, сәбіз, сүт, қияр, құрт, алма, нан. Берілген тағамдар атауларының сызбасы берілген. Сызбадағы бос торкөздерге дауысты дыбыстарды тауып жазады. Қияр сөзін буынға бөледі. Сия мен ұяның суретін атайды. Педагог сия мен ұя туралы түсінік береді. Балалар сөздің соңында естілген дыбысты табады. Я – қосарлы дыбыс. Я=й+а Педагог Я әрпінің дыбысталуын түсіндіреді.<br>2-тапсырма. Суреттердегі берілген тағам түрленінің атауларын атайды. Торкөздің екінші жағына пісірмей жейтін тағамдарды белгілейді.<br>Тапсырма орындамас бұрын педагог балаларға тағамдардың пайдасы және кейбір пісірілмей тұтынатын тағамдар туралы түсіндіреді. 3-тапсырма. Я әрпімен танысамыз. Педагог өлең жолдарын оқып береді, балалар қайталап есте сақтайды. Суреттегі пияздың суретінің Я әрпінің тақтадағы бейнесіне | 1. Өзін-өзі тану<br>Тақырыбы:Мың алғыс саған,Өзін-өзі тану әлемі!<br>Мақсаты: балалардың өзін-өзі тану сабақтарында алған білімдерін бекіту<br>Негізгі кезең:<br>«Өзіңді тану»<br>Ө.Ақыпбеков.<br>Жақсы болу-өзіңнен,<br>Жаман болу-өзіңнен.<br>Өзіңді өзің ая да,<br>Өзіңнен үйрен, өзіңнен.<br>Ойын «Әдепті сөздер»<br>Балалар шеңберге тұрып бір-біріне,допты лақтырып қағып алу арқылы әдепті сөздер айтады.<br>Рақмет.- Қош келдіңіз!<br>Ойын «Жақсылық жасау үшін не істеу керек?<br>Балаларға отбасы,достары,табиғат (құс жануар,өсімдік) суреттерін таратып сол суретке қарап оларға жақсылық жасау үшін не істейтіні туралы әңгімелеп беруді ұсынамын.<br>Ғажайып сөздер<br>Мен адаммын<br>Мен өз отбасымды жақсы көремін<br>Достарымды сыйлаймын.Табиғатты қорғаймын<br>Менің Отаным-Қазақстан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырысады<br>Рефлексия | | сатыларынан мықтап ұстайды: төрт саусақпен үстінен, бас бармақпен сатынан ұстайды.<br>Рефлексия | ұқсайтынын табады. Педагог Я әрпінің баспаша түрімен таныстырады<br>Рефлексия | Рефлексия |

## Жүгіруге арналған ойындар

## «Масаны ұста»









Ойын: « Масаны ұста»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді.
Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.
Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.
Ұсыныс: Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.

## 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш тығыз. 09.05<br>Маңдай тер<br>Мақсаты: сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі, сөйлем түрлерін анықтайды;<br>Негізгі кезең:<br>Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған.<br>Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген | 2. Математика негіздері<br>Тақырыбы Жыл мезгілдері<br>Ма0саты айдың атаулары мен олардың ретін атауды біледі<br>Негізгі кезең:<br>Қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады.<br>Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Киім таңдауға көмектесулерін сұрайды.<br>Тақтаға киім таңдауға көмек көрсету қажет баланың суреті ілінеді. Суреттің астында – жыл мезгілдерінің суреттері<br>Одан кейін карточкалардың бірін (жаз) алып, киім таңдауды ұсынады.<br>Педагог жыл мезгілдерін рет-ретімен атауды ұсынады.<br>Балалар жыл мезгілдерінің | 2. Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы һ дыбысы<br>Мақсаты: Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі һ дыбысының орнын ажыратады.<br>Негізгі кезең:<br>Педагог қазақ тілінде һ дыбыс естілетін сөздерді дауыстап оқиды. Педагог балаларға һ дыбысының айтылуын үйретеді.<br>Айтқанда дауыс шымылдығында діріл болмайды, дыбыс сүзіліп шығады Қаһарман, айдаһар, қаһар. Балалар педагогпен бірге һ | 2. Музыка<br>Тақырыбы: Музыка әлеміне саяхат<br>Мақсаты: Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br>Негізгі кезең:<br>Музыка тыңдау:<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді<br>(үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Бақытты балалық шақ»<br>(«Мен бақытты баламын» | 2. Көркем әдебиет<br>Тақырыбы Бала - біздің болашақ (өлеңді жаттау<br>Мақсаты: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді<br>Негізгі кезең:<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте<br>Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)<br>Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».<br>Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоғайға келді.<br>Қолына күрек ұстатты да:<br>Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>Сондай дәмді! – деді Хамит.<br>Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>Рефлексия | әрқайсысында үш ай болатынын айтады.<br>Айлардың атауларын хормен қайталауды ұсынады.<br>Бекіту үшін жұмыс дәптерінде 1-тапсырманы орындауды ұсынады<br>Рефлексия | дыбысы естілетін сөздерді қайталап, буынға бөледі. 2-тапсырма. Сюжетті суретті көрсете отырып, асханадағы балалардың іс-әрекетін түсіндіреді.<br>Рефлексия | CD),<br>«Полька» (М. Красев)<br>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Бала – біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ, Болашаққа біз иеміз<br>Рефлексия |

Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар

«Кім көп таспа жинайды?»







1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ”

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.

2.Ойын:“Айна ”

Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.

Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.





3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі уақыты: 10.20 – 10.45

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. .Сурет салу<br>Тақырыбы: Ғажайып ұшақ | 3. Жапсыру<br>Тақырыбы:Көбелектер | 3. Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Қызыл | 3. Қоршаған орта<br>Тақырыбы: Ұлы Отан соғысы | 3. Мүсіндеу<br>Тақырыбы: Әдемі гүлдер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ( Кір.09.05)<br>Алма ағашы гүлдеді<br>Мақсаты: үлгіге қарай отырып, гүлденген алма ағашының суретін сала алады<br>Негізгі кезең:<br>Балалар «Алма ағашы гүлдеді» тақырыбындағы суретке қарап, мазмұны бойынша байланыстыра сөйлем құрайды.<br>Бақта өсіп тұрған «алмаағашы» гүлдерінің түсіне, пішініне балалардың назарын аударады.<br>Алдымен ағаштың суретін салу: діңі, бұтақтары және жапырағы;<br>енді алма ағашының гүлін салу үшін алқызыл ашық түсті бояу таңдап алуға бағыт беріледі;<br>педагог бұтақтарға алма гүлін салуды тақтада салып көрсетеді;<br>қылқаламды бояуға батырып алып, оны сүйкей жағу тәсілі арқылы бес күлте жапырақтарды бір нүктеден жан-жағына қарай шашыратып салады.<br>Педагог көптілділік компонент бойынша алма – яблоко – an apple ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>Рефлексия | Мақсаты: қызыл, сары, көк түсті көбелектерді жасайды<br>Негізгі кезең:<br>Бүгінгі оқу қызметінде барлығымыз бірігіп көбелектер әлемін жасауға келісесіңдер ме?<br>Үлгі дәптердің 91-бетіндегі әдемі сюжетті суретке балалардың назарын аудару.<br>Енді 93-беттегі қызыл, сары, қызғылт сары түсті көбелектерді көрсетілген сызық бойымен, екіге бүктеу тәсілін пайдаланып қиямыз.<br>Ол үшін 3 топқа бөлінеміз.<br>1-топ қызыл көбелекті, 2-топ сары көбелекті, 3-топ қызғылт сары көбелекті қияды.<br>Рефлексия | кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?<br>Мақсаты: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді.<br>Негізгі кезең:<br>Суреттерді қарап шығуға, әңгімелесуге қатысуға шақырады. Қауіп төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет береді. Оларды зерттеуге шақырады.<br>Олардың жойылып бара жатқанын ескертеді.<br>Сирек кездесетін осындай жануарлар мен өсімдіктерді қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде кеңес береді.<br>Біз өсімдіктермен, жануарлармен тығыз байланыста тіршілік етеміз. Құстарды жойып жіберсек – жәндіктер жасыл желекті жеп бітіреді – адамдар ағаштардың жемістері мен көгөністерді жей алмай қалады.<br>Табиғаттағы байланыс осындай: біреуі жойылса – екіншісі ауырады – үшіншісі өледі.<br>Сирек жануарлар мен өсімдіктер біздің елімізде де, өзге мемлекеттерде де заңмен қорғалады. Бірақ қайырымсыз адамдар заңды жиі-жиі бұзады.<br>Адамдар көбіне өсімдіктер мен жануарларға қатыгездік танытады. Оларды аямайды, өз мақсатына | ардагерлері<br>Мақсаты: Ұлы Отан соғысы, ерлік көрсеткен батырлар туралы өзінің білетінін ортаға салады, сурет бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>Негізгі кезең:<br>Педагог Ш. Мәмбетовтің «Бейбіт өмір солдаты» өлеңін оқиды.<br>Балалар педагогтің сұрағына жауап беріп, өлең жолдарын талдайды.<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Бейбіт өмір әскері туралы айтылған.<br>Қандай әскер түрлерін білесіңдер?<br>Тақтаға әртүрлі әскери киімдердегі адамдар бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар суретке қарап, қайсысы ұшқыш, қайсысы танкист, қайсысы теңізші, қайсысы жаяу әскер-шегарашы екенін ажыратып айтады.<br>Ұлы Отан соғысы кезінде біздің көптеген әскери сарбаздарымыз ерлікпен шайқасып, неміс фашистерінен елімізді қорғап қалды. Майданда талай батыр аталарымыз бен апаларымыз өздерінің ержүректілігімен көзге түсіп, батыр атанды. Соғыс өрті тұтанбас үшін, біздің елімізді, жерімізді қорғайтын күшті, айбынды әскер керек.<br>Сендер еліміздің болашақ сарбаздарысыңдар.<br>Сендердің әскерде қызмет етіп жатқан туысқандарың бар ма?<br>Балалар әскердегі ағалары, әскери қызметтегі туысқандары (әкелері, аналары) жайлы | Мақсаты: түймедақ гүлін мүсіндейді<br>Негізгі кезең:<br>Балалар, бүгінгі оқу қызметінде түймедақ гүлін мүсіндейміз.<br>Педагог балалардан жұмыс дәптерлеріне көңіл бөлулерін сұрайды.<br>–Түймедақ күлтелерінің түсі қандай екен?<br>Гүлді жасау кезеңдерімен таныстыру:<br>Сары түсті ермексазды алақанға салып домалақтаймыз, алақанмен басып сәл жалпақтаймыз.<br>Күлте жасау үшін біз 7 бірдей домалақ жасап алуымыз керек.<br>Саусақтарымыздың көмегімен сопақша пішінге келтіріп, оны жалпақтап, екі ұшын сұқ саусақ, ортаңғы саусақ көмегімен доғалдап, күлтелерін жасаймыз.<br>Рефлексия |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жету үшін құртып, жояды. Жануарлардың бірі әдемі терісінен, екіншісі – дәмді етінен зардап шегеді. Үшіншілерін адамдар қорыққандықтан өлтіреді. Жануарлар мен өсімдіктер біртіндеп азайып барады. Содан соң адамдар: «Осы бассыздықты қалай тоқтатамыз, жанды табиғатты қайткенде сақтап қаламыз», – деп ойлана бастады. Ғалымдар «жойылып бара жатқан жануарлар өсімдіктерді білсін» деген мақсатта Қызыл кітапты ойлап тапты. Неліктен кітап басқа түспен емес, қызыл түспен аталады? Өйткені, қызыл түс – қауіп-қатердің түсі! Назар аударыңыз! Ол бағдаршамның қызыл түсі сияқты «Абайлаңыз! Қауіп төніп тұр!» – деп белгі беріп тұрады. Қазақстанның Қызыл кітабымен танысады. Рефлексия | әңгімелейді. Танкист, ұшқыш, шегарашы, теңізшілердің суреттерін көрсетіп, олардың немен айналысатындарын түсіндіру. Әскери кемелерде қызмет ететін адамдар «әскери теңізшілер» деп аталады. Олар Отанымызды теңіз кеңістіктері арқылы қорғайды. Әскери кеменің басшысын капитан деп атайды. Отанымызды әуе кеңістіктерінде қорғайтын адамдарды «әскери ұшқыштар» деп атайды. Әскери ұшақты ұшқыштар экипажы басқарады. Әскери ұшқыш мамандығын алу үшін ұшқыштар академиясына түсіп, білім алу қажет. Танкті басқаратын адамды «танк командирі» деп атайды. Танкистер экипажы бірнеше әскери адамдардан тұрады. Олар Отанымызды құрлықта қорғайды. Басқа елдермен шектесіп жатқан еліміздің шегарасын ержүрек «шегарашылар» қорғайды. Олардың басты міндеті – елімізге қастық ойлайтын арам пиғылдағы адамдардан Отанымызды қорғау. Шегарашылардың өте жақсы көмекшілері бар. Олар – ізшіл, иісшіл иттер. Рефлексия | |
| Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны. | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған<br>Кім қалай дыбыстайды?<br>(баламен жеке жұмыс - түрліше темрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br>Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс. | Дикциялық жаттығу<br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br> | Ойын:"Табан балық және шортан"<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br>Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.<br>  |

4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Орыс тілі<br>Тема Едет, плывет, летит<br>Тығызд. 09.05<br>Жили- были<br>Цель: новые слова по теме занятия, передают диалог героев сказки.<br>Основная часть:<br>Песенка пчелы С утра жужжу, Цветы бужу.<br>Кружу, гужу И мед вожу…<br>Дети слушают, повторяют чистоговорку, выделяя звук «Ж».<br>Р/Игра «Кого встретил Колобок» (Имитация движений животных и их повадок).<br>Дети вспоминают и называют, каких животных встретил Колобок.<br>Дети имитируют повадки | 4.Логика<br>Тақырыбы: «Моңғол» ойыны?<br>Мақсаты: : Моңғол ойыны туралы түсінеді<br>Негізгі кезең:<br>10 х10см шаршыны суреттегідей қиып алу керек. Онда 11 бөлік бар:2 шаршы, 4 үшбұрыш,(тіктөртбұрыш, 4 кіші және үлкен ). Осы 11 бөлік Геометриялық пішіннен сиыр, түйе, күшіктің, керіктің бейнесін жасауға болады. Топтасып жұмыс жасау үшін үлгі ретінде 4,5 үлгі жасап қоюға болады.<br>- Сөздерді дұрыс табу үшін жоғарыда көрсетілген тор көздерге қарап, әр цифрдың | 4.Музыка<br>Тақырыбы:<br>Бақшадағы ән-сауық<br>Мақсаты:<br>Балалардабірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру<br>Музыка тыңдау:<br>«Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>Музыкалық-ырғақтық | 4.Ертегілер елінде<br>Тақырыбы: Жыл басына таласқан хайуанаттар<br>Мақсаты: : Балаларға он екі жыл атаулары туралы біледі<br>Негізгі кезең:<br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар»<br>Тәрбиеші ертегіні бастайды. Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне | 4.Өнерлі екен он саусақ<br>Тақырыбы: Көрме ұйымдастыру<br>Мақсаты: Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру<br>Негізгі кезең:<br>Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа», «Қаздың балапаны», «Бақ-бақ», «Балықтар», «Анамызға сыйлық», «Гүлдер әлемі», «Орманда», «Көлде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | животных: зайца, медведя, волка, лисы.<br>Пальчиковая гимнастика «Быстро тесто замесили»<br>Быстро тесто замесили, На кусочки разделили, Раскатали все кусочки И слепили колобочки.<br>Рефлексия | қай әріпке сәйкес келетінін тап. Цифрларды әріптермен алмастырып жаз<br>Рефлексия | қимылдар:<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников) | шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,–деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.<br>алмастырып жаз<br>Рефлексия | жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер»<br>«Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер».<br>Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз<br>Рефлексия |

## Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
### «Пойез - эстафеталар »







Ойын:“Пойез - эстафеталар”

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты:Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.

Ұсыныс: Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| «Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №10<br>Бақылау: Кемпірқосақты бақылау<br>Мақсаты: өлі табиғаттың бір | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №11<br>Бақылау:<br>Найзағайды бақылау<br>Мақсаты:«Найзағай» | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №12<br>Бақылау:<br>Жәндіктерді бақылау | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №13<br>Бақылау:<br>Топырақты бақылау<br>Мақсаты: торф | Мамыр<br>Серуен-Бақылау №14<br>Бақылау: Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>- жел туралы түсініктерін бекіту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат.<br>(кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>(кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? І<br>♦ Ол қай уақытта жоғалады?<br>♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?<br>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен | ұғымымен таныстыру;<br>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Бақылағыштықтарын дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>Найзағай қай кезде ойнайды?<br>Аспан неге күркірейді?<br>Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады?(жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі | Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>• Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>• Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды.<br>Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>• Ызыңдап кеп шағады.<br>• Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>• Құжынаған жұмыскер,<br>• Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) | топырағының қыртысымен таныстыру .<br>Бақылау барысы<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>Зерттеу жұмысы<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>Еңбек<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері | - жел түрлерін есте сақтау.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦ Желдің ізін көруге болады ма?<br>Зерттеу жұмысы<br>Компас арқылы желдің бағытын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кемпірқосақтың суретін салу.<br>Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>Халық болжамы.<br>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>Зерттеу қызметі<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>Еңбек<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>Мақсаты:<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.<br>Қимылды ойын<br>«Өз ағашыңды тап».<br>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | • Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді.<br>(өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>• Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>• Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>• Жәндіктер қайда тіршілік | туралы білімдерін тиянақтау.<br>Қимылды ойын «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>Жаттығу ойыны<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.<br>Мақал-мәтел:<br>Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек. | анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.<br>Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>• Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>• Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>• Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>• Зерттеу жұмысы<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерг | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | е көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. | | |
| Балаларды үйге қайтару. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілді.............................**

**Мектепалды даярлық 0 сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(23.05-24.05.2022 ж)**

*Ай тақырыбы:«Әрқашан күн сөнбесін»*

| Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | Дүйсенбі 23.05 | Сейсенбі 24.05 | Сәрсенбі 25.05 | Бейсенбі | Жұма |
| Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау,отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Атын атап бер"<br>Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | Дидактикалық ойын:<br>«Геометриялық пішіндерден құрастыр».<br>Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>«Суреттерді құрастыр»<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | Дидактикалық ойын:<br>«Геометриялық пішіндерден құрастыр».<br>Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>«Суреттерді құрастыр»<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | | |
| ҰОҚ дайындық | | | | | |
| «Сәлеметсіңдер ме, балалар!»<br>Шаттық шеңбері<br>Жаттығу | «Құмырсқа» өлеңі<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Онға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | | |
| 1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | 1. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:Тату бола білеміз!<br>Мақсаты: допты еденге бір қолмен соғу, көзге арналған гимнастика, құрсақ тығыршығын жаттықтыру.<br>Негізгі кезең:<br>«Баскетбол» – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет)<br>Нұсқау – допты | 1. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы Біз оқушы боламыз!<br>Мақсаты: допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын жасайды<br>Негізгі кезең:<br>Доптарды себетке лақтыру.<br>Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап | 1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>Тақырыбы Байланыс құралдары<br>Мақсаты: байланыс құралдарының қажеттілігін,олардың жалпы қызметін жасайды<br>Негізгі кезең:<br>– Балалар бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы байланыс құралдары туралы болмақ. Алдымен мен сендерге жұмбақ | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Допты тізесіне қысып алып, секіріп, 3 метр қашықтыққа ілгерілеу.<br>Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару. Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады.<br>Рефлексия | ашылады.<br>Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді.<br><br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу.<br>Аяқтарын тізесінен аздап бүгіп, иық деңгейінде қояды. Бір аяғын ілгері шығарып, денесін алдыға жіберіп, бар салмағын екі аяғына бірдей түсіреді.<br>Қолдарын шынтақтан бүгіп, денесінің қасында ұстайды.<br>Рефлексия | жасырамын,кәне кім тез ойланып табады екен?<br>Балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырмаға назар аударулары сұралады.<br>1.Суреттегі байланыс құралдарын ататып, олардың атқаратын жұмыстары жөнінде әңгімелету. Мысалы: телефон желілері, компьютер, теледидар, газет.<br>– Қазір телефонның бірнеше түрлері бар. Үйден шықпай- ақ барлық мәліметтерді білуге болады. Телефонның жетілген ең үздік үлгісі – бейнетелефон, ұялы телефон. Қазіргі заманда ұялы телефонмен байланыс кең тараған.<br>Әр адам қандай телефондық қызметтер туралы міндетті түрде білуге тиіс? (101,102,103,104).<br>Компьютер байланыс қызметі түрлерінің қатарына жатады. Компьютердің ғаламтор деп аталатын жүйесі арқылы хабар алмасуға, хат жазуға, құттықтау хабарлар жіберуге, жаңалықтармен танысуға болады. Компьютердің алдында көп отыруға болмайды. Көздің көру қабілетін төмендетеді.<br>Газет арнайы баспаларда даярланады.<br>Теледидар арқылы да жер шарының түкпір-түкпірінен түрлі хабарлар алып, жаңалықтар біліп отырамыз.<br>Балалар арнайы түрлі қызықты хабарлар, мультфильмдер көреді. Бірақ теледидарды көп көргеннің зияны бар.<br>Бейнероликтер көрсету<br>Компьютердің пайдасы мен зияны Ұялы телефонның пайдасы мен зияны<br>Ғаламтордың пайдасы мен | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>зияны<br>Рефлексия</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Саусақ гимнастикасы<br>Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>Тасбақа.<br>Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады.<br></td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Психологиялық ойын:<br>«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.<br>Мақсаты:<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі</td></tr>
<tr><td></td><td>2.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш(кірік. 09.05)<br>Асфальттағы суреттер<br>Мақсаты: бір-біріне жылы лебіз силайды, суретке қарап өлең жаттайды, «н», «ң» дыбыстарын дұрыс айтады<br>Негізгі кезең:<br>«Н» мен «Ң» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады.<br>«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.<br>«Ң» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді.<br>Мысалы: тоң.</td><td>2. Математика негіздері<br>Тақырыбы: Тәулік уақыты, апта күндері<br>Мақсаты: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды біледі<br>Негізгі кезең:<br>Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы қараңдар.<br>Барлық суреттер араласып кетіпті. Мен жұмбақ оқимын, ал сендер оның жауабына байланысты қоршап сызыңдар.<br>Жұмбақ оқиды.<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты, Балалар жүр шомылып. Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Рефлексия</td><td>2. Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: Я дыбысы мен әрпі<br>Мақсаты: Я дыбысына сөз құрайды. Сөздегі дыбыс санын, ондағы я дыбысының орнын ажыратады<br>Негізгі кезең:<br>Суретте: май, сәбіз, сүт, қияр, құрт, алма, нан. Берілген тағамдар атауларының сызбасы берілген. Сызбадағы бос торкөздерге дауысты дыбыстарды тауып жазады. Қияр сөзін буынға бөледі. Сия мен ұяның суретін атайды. Педагог сия мен ұя туралы түсінік береді. Балалар сөздің соңында естілген дыбысты табады. Я – қосарлы дыбыс. Я=й+а Педагог Я әрпінің дыбысталуын түсіндіреді.</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Ң» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталату:<br>Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян.<br>Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың.<br>Педагог үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br>Рефлексия | | 2-тапсырма. Суреттердегі берілген тағам түрленінің атауларын атайды. Торкөздің екінші жағына пісірмей жейтін тағамдарды белгілейді. Тапсырма орындамас бұрын педагог балаларға тағамдардың пайдасы және кейбір пісірілмей тұтынатын тағамдар туралы түсіндіреді. 3-тапсырма. Я әрпімен таныспамыз. Педагог өлең жолдарын оқып береді, балалар қайталап есте сақтайды. Суреттегі пияздың суретінің Я әрпінің тақтадағы бейнесіне ұқсайтынын табады. Педагог Я әрпінің баспаша түрімен таныстырады<br>Рефлексия | | |







Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»
Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.
Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.
Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Сурет салу<br>Тақырыбы ) | 3. Жапсыру<br>Тақырыбы::Мерекелік | 3. Жаратылыстану<br>Тақырыбы::Біз-жас | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қызыл телпекті қыз<br>Мақсаты: : нұсқау бойынша өздігінен әрекет етіп, қызыл телпекті қуыршақ суретін сала алады;<br>Негізгі кезең:<br>Әже:<br>–Балалар, мен үлкен жолдан келе жатырмын. Сендерді өте өнерлі балалар деп естідім. Сендерге бір өтінішім бар еді. Кіші немере қызым қызыл телпекті қуыршақ әкеліп беруімді сұраған еді. Барлық дүкендерді аралап шығып, таба алмадым. Сендер маған көмектесе аласыңдар ма?<br>Педагог балаларға әженің немересінде бір ғана емес, өте көп қызыл телпекті қуыршақ болатынын түсіндіріп, қызыл телпекті қуыршақ суретін салуды ұсынады.<br>Педагог нұсқау ретінде қызыл телпектің үлкен етіп салынған суретін балалардың алдарына қояды.<br>Алдымен қызыл телпекті қызымыздың басын, денесін, қолдары мен аяқтарын салып аламыз, ең маңыздысы, қызымыздың телпегін қызыл түске бояуды ұмытпағанымыз жөн<br>Рефлексия | жалаушалар<br>Мақсаты: мерекеге арнап неше түрлі жалаушалар жасайды<br>Негізгі кезең:<br>Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік?<br>Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде жалаушаларды қиып, жапсырамыз<br>99-беттегі түрлі түсті үшбұрыш жалаушаларды қиып, санайық, білетін түстерімізді атайық.<br>Неше үшбұрыш қидыңдар?<br>Сендер білетін қандай түстер бар?<br>Енді үшбұрыштарды теңдей екіге бөліп қоямыз.<br>Рефлексия | зерттеушіміз<br>Мақсаты: жаздың белгілерінен хабары бар.<br>Негізгі кезең:<br>Жаз кезінде отбасы мүшелері жиі табиғат аясына демалысқа барады. Осы кезде тек демалып қана қоймай, зерттеу жұмысын жүргізуге болады.<br>Мысалы: Құм қандай? Құм неге ыстық? Қандай жемістер мен көгөністер пісті? Ауа райы қандай? Жазғы жаңбыр мен күзгі жаңбырдың айырмашылығы қандай?<br>Осындай сұрақтарға жауапты ересектердің көмегімен шешуге болады.<br>Қазір жапырақты зерттейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруіміз қажет?<br>Жапырақтың түсі неліктен жасыл болады?<br>Өйткені су жеткілікті.<br>Өйткені оларға күннің сәулесі жақсы түседі.<br>Өйткені жылу жеткілікті.<br>Міне, көрдіңдер ме, осылайша жаз мезгілінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Оларды фотосуретке түсіріп алу қажет. Кейін жасыл жапырақты күзгі жапырақпен салыстыруға болады. Бұл да – зерттеу жұмысы.<br>Рефлексия | | |
| | | | | | |

<table>
<tr><td colspan="3"> </td><td colspan="3">Қимылды жүгіруге арналған ойын: « Қоңырау қайдан естіледі?»<br>Мақсаты: Зейін, тыныс алу ырғағын дамыту, қимыл қозғалысын жетілдіру.<br>Ойынның шарты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одна кейін балаларға тағы да беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі</td></tr>
<tr><td></td><td>4.Орыс тілі<br>Тема:<br>Скоро вшколу<br>Цель: называют школьные принадлежности<br>Основная часть:<br>АШ – АШ – АШ – длинный карандаш МЕНА – МЕНА – МЕНА – в школе перемена ОК – ОК – ОК – на урок звенит звонок ИЦА – ИЦА – ИЦА – теперь я ученица АТЬ – АТЬ – АТЬ – я хочу все знать<br>Чтобы отправиться в школу, надо собрать портфель.<br>Посмотрите, что лежит у меня на столе?<br>Показывает каждый предмет, называет его и для чего он нужен:<br>Это линейка. Линейкой измеряют. Это ручка. Ручкой пишут. Это карандаш. Карандашом рисуют. Это пенал. В пенале хранят ручку и карандаши. Это тетрадь. В тетради пишут. И т.д. Обобщает, это школьные принадлежности.<br>Рефлексия</td><td>4.Логика<br>Тақырыбы: «Моңғол» ойыны?<br>Мақсаты: : Моңғол ойыны туралы түсінеді<br>Негізгі кезең:<br>10 х10см шаршыны суреттегідей қиып алу керек. Онда 11 бөлік бар:2 шаршы, 4 үшбұрыш,(тіктөртбұрыш, 4 кіші және үлкен ). Осы 11 бөлік Геометриялық пішіннен сиыр, түйе, күшіктің, кеsріктің бейнесін жасауға болады. Топтасып жұмыс жасау үшін үлгі ретінде 4,5 үлгі жасап қоюға болады.<br>- Сөздерді дұрыс табу үшін жоғарыда көрсетілген тор көздерге қарап, әр цифрдың қай әріпке сәйкес келетінін тап. Цифрларды әріптермен алмастырып жаз<br>Рефлексия</td><td>4.Музыка<br>Тақырыбы: Музыка әлеміне саяхат<br>Мақсаты: Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br>Негізгі кезең:<br>Музыка тыңдау:<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді<br>(үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Бақытты балалық шақ»<br>(«Мен бақытты баламын» CD),<br>«Полька» (М. Красев)<br>Билер: «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»</td><td>Мамыр<br>Серуен-Бақылау №15<br>Бақылау: Көбелектерді бақылау.<br>Мақсаты:<br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда</td><td>Мамыр<br>Серуен-Бақылау №16<br>Бақылау: Гүлзарды бақылау<br>Мақсаты:<br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</td><td>Мамыр<br>Серуен-Бақылау №16<br>Бақылау: Гүлзарды бақылау<br>Мақсаты:<br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов<br>Дала қандай керемет,<br>Қойның гүлге толады.<br>Қызыл-жасыл көбелек,<br>Бір ұшып, бір қонады.<br>Қанша қусаң көбелек,<br>Қанаты бір талмайды.<br>Сонымен не керек,<br>Ақыры ұстай алмайсың.<br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген<br>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды | Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>Еңбек | Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>Еңбек<br>Гүл егетін алаңда жұмыс | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br>Зерттеу жұмысы<br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау.<br>(көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br>Еңбек<br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br>Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.<br>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты:тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».<br>Мақсаты: Дәлдеп тигізе | Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>Мақсаты:<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>Гүл-араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. | (тазалау, қопсыту).<br>Мақсаты:<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>Гүл-араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге жаттықтыру | | | | |
| Балаларды үйге қайтару. | | | | | |
| «Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. | Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | |

**Тексерілді ............................**